2007 ж. 20 тамызында Қазақстан халқы Ассамблеясының XIII сессиясы болып өтті. Онда Ассамблея мүшелері Парламент Мәжілісіне өз қатарынан 9 депутат сайлады. Одан соң Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұсұлтан Назарбаев сөз сөйледі [6]. Ассамблеяның болашағы туралы Президент бұл ұйымның қазір мүлде жаңа кезеңге аяқ басқанын және ол біздің еліміздің дамуының, алдына жаңа мақсаттар қоюының логикалық жалғастығы іспеттес екендігін айтты. Өйткені сайып келгендегі біздің мақсатымыз – қоғамды одан әрі ұйыстыру және біртұтас, бәсекеге қабілетті Қазақстандық халықты қалыптастыру. Қазақстандықтар болашақта әлемнің кез келген түкпірінде өмір сүріп, оқып, жұмыс істей алсын. Бірақ олардың жүрегінде Сарыарқаға, Жетісуға, Каспий мен Алтайдың аңызакты далаларына деген мәңгілік махаббат оты жанып тұруы керек. Олар өзінің бейбіт жолмен гүлденіп келе жатқан, белгілі және құрметті елдерімен мақтанулары керек. Міне, халықты осы мақсатқа тәрбиелеу Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі міндеті болмақ.

Елбасы одан әрі осы мақсатқа жету үшін Ассамблеяның алдында қандай міндеттер тұрғанын атап өтті. Сөзінің соңында Президент Ассамблеяның конституциялық мәртебесі өскен соң ол туралы жеке заң қабылдау қажеттігін айттып, Ассамблеяның негізгі мақсаты азаматтық қоғамның негізіндегі біртұтас Қазақстандық халықты құруға бағытталған идеологиялық курсты қолдауға бағытталсын, – деді.

2008 жылғы 20 қазанда «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданды [7]. Осы Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесін, оны қалыптастыру мен жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасы [8] мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыруға, ұлттық бірлікті қалыптастыруға, қоғамдық

келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік және азаматтық институттардың өзара іс-қимылын жандандыруға, осы өзара іс-қимылдың тетіктерін жетілдіруге, ең алдымен, Ассамблея институты арқылы қол жеткізуге бағытталған негізгі бағдарлар жүйесінің жиынтығын білдіреді.

Тұжырымдаманың мақсаты – Ассамблея институтын бұдан әрі дамыту және оның елдің тәуелсіздігі мен мемлекеттігін нығайтудағы рөлін арттыру, патриотизм, қазақ халқы мен мемлекеттік тілдің топтастырушы рөлін арқау ете отырып, жалпы құндылықтар негізінде қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті қамтамасыз ету.

Тұжырымдаманың негізгі міндеттері:

- «Қазақстан – 2050» стратегиясын іске асырудың күшті мемлекет, дамыған экономика және Жалпыға Ортақ Еңбек мүмкіндіктері негізінде берекелі Қоғам қалыптастырудың тиімді ресурсы ретінде этносаралық қатынастарды үйлестіру және қоғамдық келісімді нығайту;

- этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы ұлттық бірлікті қалыптастыру, этносаралық келісім мен қоғамдағы толеранттылықты нығайту үшін қолайлы жағдай жасау;

- этностық мәдениеттерді, тілдер мен Қазақстан халқының дәстүрлерін одан әрі дамыту негізінде қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікке қол жеткізу үшін этномәдени және басқа да қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіру;

- тарихи тәжірибеге және демократиялық нормаларға сүйенетін қазақстандық қоғамның негізгі құндылықтар жүйесін қалыптастыру, азаматтардың саяси-құқықтық, әлеуметтік-адамгершілік мәдениетін дамыту;

- этностық мәдениеттерді, тілдер мен Қазақстан халқының дәстүрлерін дамыту;

- шет елдерде тұратын қазақ диаспорасына ана тілі, мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерін сақтау және дамыту, тарихи Отанымен байланысты нығайту мәселелеріне қатысты қолдау көрсету;

- халықаралық ұйымдар және шет елдердің азаматтық қоғам институттарымен интеграциялық байланыстарды кеңейту.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің алғашқы төрт съезі біздің елімізде өтті. «XXI ғасырда Қазақстан Шығыс пен Батыстың үнқатысуы мен өзара іс-қимылының көпірі болуға тиіс. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналды. Қазақстан халқы Ассамблеясы мәдениеттер үндесуінің бірегей еуразиялық үлгісі болды», – деп көрсетті [9].

Мемлекет басшысы «Қазақстан – 2050» Стратегиясында этносаясаттың негізгі бағдарын былай деп айқындаған еді: біріншіден, әрбір қазақстандық өзінің этностық, діни ерекшеліктеріне қарамай, елдің тең құқылы азаматы; екіншіден, қазақ халқы және қазақ тілі қазақстандық азаматтық қоғамның мызғымас ядросы; үшіншіден, біз бәріміз – бір ел, бір – халықпыз. Осы бағдар біздің мәңгілік ұстанымымыз [9].

Этносаралық толеранттылықты сақтаудағы қазақстандық журналистердің рөлі қашан да жоғары. 2013 жылы 15 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы жариялаған «Халықаралық толеранттылық күніне» орай Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Мәдениет және ақпарат министрлігі бірлесіп ұйымдастырған халықаралық медиа-форумы болды. Оны Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – ҚХА Хатшылығының меңгерушісі Ералы Тоғжанов ашты.

Е.Тоғжанов Ассамблеяның бүгінгі жетістіктеріне қысқаша тоқталып, оның тәжірибесін үйренуді соңғы жылдары ғана 15 мемлекеттің 60-тан артық өкілдері қалап отырғанын айтты. Соның ішінде Ұлыбритания, Франция, Германия, АҚШ, Түркия, Қытай, Ресей секілді ұлы мемлекеттер де бар, – деді ол.

Ассамблея қызметін реттеуші негізгі құқықтық көздері болып, ең алдымен, адам құқығын қорғау, сайлау еркіндігі кепілдіктерін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Конституциясы, сол сияқты Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» 2008 жылғы 20 қазандағы №70-IV Заңы және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілері болып табылады. Нормативтік актілердің қайшылық жағдайында халықаралық шарттар қағидаларына басымдық беріледі.

Қазақстан халқы Ассамблеясының орны мен рөлін 2007 жылғы конституциялық реформа айқындап берді. Оның нәтижесінде Ассамблея конституциялық орган мәртебесін алды. 2008 жылы 20 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына [7] сәйкес, Ассамблея заңды тұлға құрылмай, Қазақстан Республикасының Президенті құратын, мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме ретінде заңнамамен бекітілді. Осы Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесін, оны қалыптастыру мен жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Ассамблея азаматтардың этноұлттық қатыстылығына, әлеуметтік жағдайына және саяси көзқарасына қарамастан, біріктіруші, мемлекет пен қоғамның дамуының өзекті мәселелері бойынша талқылау мен кең

көлемді қоғамдық келісімді тұжырымдау үшін азаматтық сектордың топтастырушы алаңына айналды.

2011 жылы 7 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халқы Ассамблеясының ережесі туралы» Жарлығы [10] Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесі мен өкілеттіктерін, сондай-ақ оның мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылының ұйымдастырылу ерекшеліктерін, Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатын әзірлеу мен іске асыруға қатысу тәртібін айқындайды.

Қорыта келгенде, мемлекетіміздің ұлттық саясаттағы негізгі қағидасы – барлық ұлттар мен діни топтардың бірдей құқығын сақтау, барлық конфессиялардың бірдей жағдайда жұмыс істеуіне жағдай жасау. Осының арқасында осы кезеңде Қазақстанда этникалық немесе діни негізде бірде-бір саяси ереуілге жол берілген жоқ. Қазақстанның заң актілерінде ұлттық немесе діни сеніміне қарамастан барлық азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берілген десек артық емес.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының Стратегиясы. – Алматы: Дәуір, 1992. – 56 б.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж. // Егемен Қазақстан. – 1995. – 5 қыркүйек.
3. Смаилов А.А. Демографический ежегодник Казахстана: стат. сб. – Астана: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2012. – 608 с.
4. Назарбаев Н. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 83 б.
5. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру туралы» 1995 жылғы 1 наурыздағы №2066 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002066>
6. Назарбаев Н. Қазақстан халқы Ассамблеясының XIII сессиясында сөйлеген сөзі (Астана қ., 2007 жыл 20 тамыз) // http://www.zakon.kz/site_main_news/91821-vystuplenie-prezidenta-respubliki.html.
7. Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» 2008 жылғы 20 қазандағы №70-IV Заңы // «Параграф» ақпараттық жүйесі.
8. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасын бекіту туралы» 2013 жылғы 18 сәуірдегі №552 Жарлығы // «Параграф» ақпараттық жүйесі.
9. Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (Астана қ., 2012 жыл 14 желтоқсан) // <http://strategy2050.kz>
10. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халқы Ассамблеясының ережесі туралы» 2011 жылы 7 қыркүйектегі №149 Жарлығы // «Параграф» ақпараттық жүйесі.

References

1. Nazarbayev N.A. Strategy formation and development of Kazakhstan as a sovereign state, Almaty: Daur, 1992. – 56 p.
2. The Constitution of the Republic of Kazakhstan of August 30, 1995 // Egeen Kazakhstan, 1995, September 5.
3. Smailov A.A. Demographic Yearbook of Kazakhstan: Statistical compilation. – Astana: Agency of statistics of the Republic of Kazakhstan, 2012. – 608 p.

4. Nazarbayev N. Five years of independence. – Almaty: Kazakhstan, 1996. – 83 p.
5. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan “Establishing the Assembly of Peoples of Kazakhstan” of March 1, 1995, No. 2066 // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002066>
6. Speech by President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev at the XIII session of the Assembly of People of Kazakhstan (Astana, August 20, 2007) // http://www.zakon.kz/site_main_news/91821-vystuplenie-prezidenta-respubliki.html.
7. The Law of the Republic of Kazakhstan “About Assembly of the People of Kazakhstan” of October 20, 2008, No. 70-IV // Information System «Paragraf».
8. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan “On approval of the Concept of the Assembly of People of Kazakhstan till 2020” of April 18, 2013, No. 552 // Information System «Paragraf».
9. Address by the President of the Republic of Kazakhstan, Leader of the Nation, N.Nazarbayev “Strategy Kazakhstan-2050”: new political course of the established state”, Astana, on December 14, 2012 // <http://strategy2050.kz>
10. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan “The Regulations on the Assembly of the People of Kazakhstan” of September 7, 2011, No. 149 // Information System «Paragraf».

ӘОЖ 342.951:351.82

М.К. Кдырбаева

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, заң факультеті, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының
1 курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: moldir_92@inbox.ru

Кеден одағындағы кедендік бақылауды жетілдірудің кейбір мәселелері

Ғылыми жұмыстың мақсаты Кеден одағындағы кедендік бақылауды жетілдіру мәселесіне арналған. Ғылыми жұмыстың мақсатына сәйкес кедендік бақылау жүргізу кезіндегі негізгі мәселелер айқындалды. Зерттеу барысында кедендік бақылауды жүзеге асыру барысындағы кемшіліктерді және кедендік бақылау жүргізу кезінде пайдаланылатын техникалық құралдардың қазіргі уақыттағы жағдайын ескеріп, кедендік бақылау саласын жетілдіру жолдары қарастырылған. Сонымен қоса Кеден одағындағы кедендік сараптама жүргізу барысында туындайтын мәселелер қарастырылған. Кедендік бақылауды жетілдіруде «2012-2015 жылдар аралығындағы Кеден одағындағы кедендік әкімшілікті жетілдірудің негізгі бағыттары» бағдарламасы негіз ретінде алынды. **Түйін сөздер:** Кеден одағы, кедендік бақылау, кеден заңнамалары, Кеден одағының кеден кодексі, кедендік сараптама, кедендік бақылау техникалық құралдары.

M.K. Kdyrbayeva

Some problems of improvement of customs control in the Customs Union

The goal of research is to examine the problems of improving customs control problems in the Customs Union. According to the goal of scientific work, the main problems became clear at implementation of customs control. During the study were examined ways to improve the scope of customs control, considering the shortcomings in the implementation of customs control and the current state of technical means that are used for customs control. At the same time, the problems arising at implementation of customs examination in the Customs union were considered. The “Main Directions of Improvement of Customs Administration in the Customs Union in 2012-2015” program is taken as a basis for improvement of customs control.

Keywords: the Customs Union, the customs control, the customs legislations, the Customs Code of the Customs Union, the customs examination, the technical means of customs control.

M.K. Кдырбаева

Некоторые проблемы совершенствования таможенного контроля в Таможенном союзе

Целью научной работы является рассмотрение проблем совершенствования таможенного контроля в Таможенном союзе. Согласно цели научной работы выяснились основные проблемы при осуществлении таможенного контроля. В ходе исследования рассматривались способы совершенствования сферы таможенного контроля, учитывая недостатки в ходе осуществления таможенного контроля и нынешнее состояние технических средств, которые используются при таможенном контроле. Вместе с тем рассматривались проблемы, возникающие при осуществлении таможенной экспертизы в Таможенном союзе. Программа «Основные направления совершенствования таможенного администрирования в Таможенном союзе в 2012-2015 годах» взята за основу для совершенствования таможенного контроля.

Ключевые слова: Таможенный Союз, таможенный контроль, таможенные законодательства, таможенный кодекс Таможенного Союза, таможенная экспертиза, технические средства таможенного контроля.

Кеден одағындағы кедендік бақылау кеден одағының кеден заңнамасымен реттеледі. Кедендік бақылауды құқықтық жетілдіру кеден заңнамалар негізінде жүзеге асырылады.

Кеден одағының кеден заңнамасы:

1) Кеден одағының кеден кодексінен;

2) кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден одағындағы кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттарынан;

3) Кеден одағы комиссиясының Кеден одағының кеден кодексіне және кеден одағына мүше мемлекеттердің халықаралық шартта-

рына сәйкес қабылданатын кеден одағындағы кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін шешімдерінен тұрады.

Кеден одағының кеден заңнамасы кеден одағының кедендік аумағында қолданылады. Егер кеден одағының кеден заңнамасына сәйкес кеден одағындағы кедендік реттеу кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын болса, мұндай заңнама кеден одағына мүше мемлекеттің аумағында қолданылады [1].

Кеден одағының кеден кодексі кеден одағы мүшелерінің кеден заңнамаларына және кеден рәсімдерін жеңілдету мен үйлестіру бойынша Киота конвенциясының стандартына сәйкес құрастырылған. Жоғарыда атап өткендей, 2009 жылдың 27 қарашасы күні мемлекет басшыларының Минск қаласындағы кездесуінде Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартқа қол қойылды. Бұл кодекс 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді. Кеден Одағының жаңа кеден кодексінде кедендік бақылауды реттейтін арнайы бөлім бар. Бұл бөлімге сәйкес кедендік бақылаудың нысандары мен тәртібі, уақыты мен орыны; кедендік бақылауды жүргізу тәртібі; кедендік бақылаудың элементтері және кедендік бақылау аймақтары; кедендік бақылауды жүргізу кезіндегі сараптама және кедендік бақылауды жүргізу кезіндегі техникалық құралдарды пайдалану тәртібі реттеледі. Кедендік бақылаудың он екі нысаны кеден органдарының алдына қойылған міндеттерін тиімді орындауларына мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта кедендік бақылау кедендік заңнамалардың орныдалуының қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асуда. Кеден одағының кеден заңнамасының ерекшелігі, тәуекелді басқару жүйесінде іріктеу қағидасы арқылы кедендік бақылауды құқықтық реттеудің жетілдіру бағыты айқындалады. Кедендік заңнамаларды бұзудың төмендеуі және халықаралық сауданың көлемінің артуы кедендік бақылаудың тиімділігінің көрсеткіші болып табылады [35].

Кедендік бақылауды жетілдіруде кедендік бақылау жүргізу кезінде пайдаланылатын техникалық құралдардың және кедендік бақылау жүргізу кезіндегі сараптаманың да маңызы зор.

Кеден одағындағы кедендік бақылау жүргізу кезінде пайдаланылатын техникалық құралдардың қазіргі уақыттағы жағдайын

ескеріп, мынадай жетілдіру жолдарын көрсетуге болады:

1) тұрақты және жылжымалы инспекционы қарау кешендерін өндіру, қондыру және пайдалану;

2) көзбен шолып қараудың қазіргі жаңа құрал-жабдықтарын пайдалану (әр түрлі оптикалық аспаптар, түнде көру құралы және тағы сол сияқтылар);

3) тек қана декларанттардың емес және кеден инспекторларының да өмір қауіпсіздігімен қамтамасыз ететін техникалық құралдарды пайдалануды бақылау;

4) кедендік бақылау жүргізу техникалық құралдарын пайдалану ережелерін кеден органдарының құзыретті тұлғаларына оқыту;

5) кедендік бақылауға қажетті жаңа техникалық құралдармен жаңартылып тұруға жағдай жасау [2].

Кеден одағында кедендік сараптама жүргізетін сараптамалық ұйымдардың көптігіне қарамастан кедендік бақылау жүргізу барысында кедендік сараптаманы толық реттейтін ортақ құқықтық құжат жоқ. Кедендік сараптама жетілдіру кеден одағына мүше мемлекеттердің ішкі заңнамаларына сілтемелер жасалмай ортақ заңнама қабылдау. Бұл салада кедендік қатынастарды құқықтық реттеу үшін Кеден одағы арнайы одақтық сараптамалық органның құрылуын қажет етуде [3].

Кедендік бақылауды жетілдіруде «2012-2015 жылдар аралығындағы кеден одағындағы кедендік әкімшілікті жетілдірудің негізгі бағыттары» бағдарламасының маңызы зор. Қазіргі уақытта «2012-2015 жылдар аралығындағы кеден одағындағы кедендік әкімшілікті жетілдірудің негізгі бағыттары» бағдарламасын Еуразиялық экономикалық комиссиясы жетілдіруде. Кедендік әкімшілікті жетілдіру мақсатында кеден одағына мүше мемлекеттердің шешімі бойынша осы бағдарлама қабылданды. «2012-2015 жылдар аралығындағы кеден одағындағы кедендік әкімшілікті жетілдірудің негізгі бағыттары» бағдарламасы жүзеге асу негізінде кедендік бақылаудың тиімділігімен және кедендік формальдылықтың жеңілдетуімен арасында теңдестік құрылу қажет.

Бұл кезеңдегі негізгі тәсілдеме – кеден тауарлардың парасатты компаниялармен алып өтілу үдерісін басқарудың қарапайым және ауыртпалық түсірмейтін механизмін жасай-

ды, оларды бизнесті ашық түрде жүргізуге бағдарлайды, ал іскерлер кедендік бақылаудың тиімділігімен кеден органдарының аналитикалық жұмыстарының сапасын бір мезгілде арттыру уақытында сыртқы экономикалық қызметтің парасатты қатысушылары қатарына кіруге ұмтыла отырып, өздерінің кедендік және салықтық беделдерін түсірмеу үшін жұмыс істеуде.

2015 жылға дейінгі негізгі бағыттар:

1. Кедендік технологияларды құрастыру және нормативті құқықтық

актілерді дайындау барысында электронды құжаттар мен электронды түрдегі мәліметтердің біріншілік қағидасын енгізу («электрониканың» қағаз алдындағы басымдылығы). Кеден операцияларын іске асырудың технологиясы заң жүзінде мәнді электронды құжаттарды пайдалануға бағытталуы керек;

1.1. Өткізу бекетінде көлік құралдарының өңдеу уақытын қысқарту, мысалы, егер қосымша тексеріс талап етсе, жүк автокөлігі өткізу пунктінің жұмыс технологиясы арқылы 10-15 минутта қайта қараудан өтеді:

2.1) Өткізу пункттеріне «бірыңғай терезе» және «бір аялдама» қағидаларын енгізу.

2.1.1. Кеден шекарасынан өтуге арналған құжаттар немесе мәліметтер тек кеден органдарына ұсынылады (шекаралық бақылаудан өзге жағдайларда).

2.1.2. Кеден органдарына тасымалданып тауарларға қатысты шешімдер қабылдауға көмектесеу үшін кеден шекарасының өткізу бекетінде мемлекеттік бақылауды автоматизациялайтын қызметте интегралданған хабарламалы-бағдарламаларды және техникалық құралдарды пайдалану.

2.2. «Шекарада екі қызмет» қағидасын енгізу:

2.2.1. Өткізу пункттерінде бақылауды тек кеден және шекара қызметкерлерімен жүзеге асыру.

2.2.2. Кейбір жағдайларда кеден органдарының функцияларының шекара қызметкерлеріне тапсырылуы.

2.3. Теміржол және жүк көліктерін өткізу бекеттерінде, сонымен қатар әуе және су көліктерімен тасымалдау кезінде жүк тиеу және түсіру барысында өңдеу үшін алдын ала ақпаратты ұлғаймалы пайдаланудың тетіктерін жасау.

2.4. Кемінде 25% жағдайларда тауарлар ту-

ралы міндетті алдын ала хабарлаудың орнына, алдын ала тауарларды кедендік декларациялауды қолдануға қолайлы жағдай жасау.

2.5. Өткізу бекеттерінде бақылаулық тексеру операцияларын қысқартудың мақсатында өткізу пункттерін жаңа заманға сай техникалық бақылау құралдарымен, сонымен қатар интегралды хабарламалық-бағдарламалы құралдар және бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз ету тетігін жасау.

3. Тауарларды декларациялауға шығару уақытын қысқарту, декларантқа декларация жасауға қажет уақытты 2-3 есеге азайту:

3.1. Кедендік декларациялауда кемінде 90-95% тауарлар партиясын электронды нысанда ыңғайлы және «сапалы» кедендік декларациялауға жағдай жасау. Кедендік декларациялардың жазбаша нысандарын тауарлар дәрежелеріне қарай сақтау.

3.2. Мемлекеттік органдарға, сонымен қатар мемлекеттік органдардың ұлт үсті және ұлттық порталдарына құжаттарды «бір реттік ұсыну» қағидасын енгізу.

3.3. Өзге органдардың бақылауындағы тауарлар туралы өзге мемлекеттік органдардың хабарламалық жүйелерінен кеден органдарына ақпараттарды алу жағдайын жасау.

3.4. Құжаттарды және олардың электронды көшірмелерін ұсынудан бас тарту. Мұндай құжаттар тек тәуекелді басқарудың ерекше жағдайларында ұсынылады.

3.5. 40-50%-ға дейін декларацияларды автоматты түрде шығару (шешім компьютер арқылы шығарылады, бұл шешім декларантқа жіберіледі және оның заңды күші бар).

3.6. Автоматтық шығарудың міндетті талабы хабарламалы жүйелерден автоматты түрде шешім шығарылағанда инспекторды тауарларды шығару кезіндегі жауапкершіліктен босату.

3.7. Автоматты шығару болмаған жағдайда хабарламалы жүйелермен декларацияларды және қабылданған құжаттардың қосымша нұсқасын тексеру 10-15 минуттан аспауы қажет.

3.8. Кеден органдарына сапа сәйкестігін растайтын сертификаттар және санитарлы-гигиеналық сертификаттарды ұсынудан бас тарту.

3.9. Кедендік мақсатта қолдану үшін кеден одағының қай елінің резиденттігіне қарамастан, барлық сыртқы экономикалық

қызметке қатысушыларға қайталанбайтын идентификатор кодын енгізу. Топтаманың соңғы мәнді бөлігі бақылаудан шығарылғанға дейін топтаманың шекарадан кесіп өтілуін толассыз бақылаудың жүйесін жасайтын қайталанбайтын жеткізілім идентификаторын енгізу.

3.10. Құжаттардың жалпы санын қысқарту, бір жеткізілім кезінде декларациялау және кедендік бақылау барысында экспорттауда 4 құжаттан, импорттауда 5 құжаттан аспауы қажет. Сонымен бірге олардың қағаз немесе электронды түрде нақты ұсынуы тәуекелді басқару жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушының немесе өзге субъектілердің кедендік және салықтық абыройын талдай отырып, олардың хабарламалы ресурстарына құқықорғау органдарының көмегімен қол жеткізу арқылы тәуекелді басқару жүйесін жетілдіру:

4.1. Түсінікті және мөлдірлік қағидалар негізінде сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға барлығын қамтитын дифференциацияны енгізу.

4.2. Жеткізілімдердің барлық тіркесінің кешенді бағасын енгізу.

4.3. Зиян келу мүмкіндігін қосқанда жағдайдың кешенді бағасының және тәуекелді басқару жүйесінің негізінде алынған акценттердің тасымалдаудан кейін бақылауға өткізу және объектілерде бақылау шараларын шоғырлану есебінен тауарларды декларациялауда жалпы бақылаудан кету.

4.4. Тәуекелді басқару жүйесіне шектеулер жасау – тәуекелдің профильдерінің санынан тәуелсіз, «ауыр» бақылау нысанын жалпы қолдану саны кедендік бақылау мүддесімен және әкімшілік кедергілерді жою арасындағы қамтамасыз етілетін теңгерімінің мағынасынан аспауы қажет.

5. Адал сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға (уәкілетті экономикалық операторлар, дифференциацияны өткен кедендік қатысушылар мен тасымалдаушылар) уәкілетті экономикалық операторлардың тауар айналымының 30 %-дан төмен емес әкімшілік бөгеттерді төмендету есебінде өңдеуге жағдай жасау. Сонымен қатар:

5.1. Уәкілетті операторларға кедендік бақылау жүргізу барысында

қажетті және тиісті мәліметтермен кедергісіз қамтамасыз етілген жағдайда, Киота конвенция-

сында және өзге де осы қатынастарға жақын заңнамаларда көрсетілген көлемде оларға ұсынылатын жеңілдіктерді көбейту.

5.2. Тәуекелді басқару жүйесін жаңартуға байланысты (3-бөлімде аталған) адал сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға кедендік декларациялау барысында 70%-ға, ал шекарада 90%-ға «ауыр» бақылау операцияларының санын қысқарту.

5.3. Кеден тасымалдаушыларымен және уәкілетті экономикалық операторлармен тасымалданатын жүктерді басты өңдеу.

5.4. Адал сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға транзиттік декларацияларды толтыруға қажет мәліметтер жиынтығын қысқарту.

5.5. Дифференциацияның жоғарғы деңгейіне жеткен Тауарларды Сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларымен тасымалданатын тауарларды декларациялауда мәлімдеуші қағидаға көшу.

5.5.1. Мәлімдеуші қағиданы пайдалану тиісті жағдайда қамтамасыз етілгенде рұқсат етіледі (1 млн еуро көлемінде).

5.5.2. Мұндай тауарларды бақылау үшін негізгі белгі ретінде кездейсоқ сандар генераторында сақталады.

6. Жеке тұлғаларға арналған жеңілдіктер:

6.1. Тіркелген құжаттарды немесе көп реттік кеден декларацияларын пайдалану есебінде уақытша тасымалданатын көлік құралдарын декларациялауды жеңілдету. Келешекте көлік құралдарын декларациялау және есепке алу тек техникалық құралдар арқылы жүргізуге көшу.

6.2. Жеке тұлғаларға кедендік декларацияларды портал арқылы ұсыну жағдайын жасау, оларды қажет болған жағдайда қолайлы жерлерде басып шығару мүмкіндігін жасау.

6.3. Кеден Одағының мүше мемлекеттерінің тез өтуіне арнайы автомобильді, әуе және су өткізу пунктерін жасау.

7. Құқық шығармашылық:

7.1. Кеден Одағының жаңа кеден кодексін қабылдау.

7.2. Қазіргі уақытпен салыстырғанда 2/3-ге ұлттық заңнамаларға сілтемелерді жіберуді қысқарту.

7.3. Әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрылымы мен санкцияларын унификациялау туралы келісімге қол қою.

7.4. Халықаралық көлік жолдарының жұмысын жеңілдететін халықаралық келісімдерге қосылу.

7.5. Кеден Одағының және Бірыңғай экономикалық аймақтың келісімді-құқықтық базасын құрайтын халықаралық шарттардың кодификациясын жүргізу.

7.6. Әкімшілік және қылмыстық істер бойынша кеден одағы мүшелерінің кеден органы арасындағы хабарламалармен алмасу қарым-қатынасын жақсарту.

8. Контрабанда және кеден ережелерін бұзумен күресуді ұйымдастыру бойынша

шаруашылық субъектілерімен қарым-қатынас жасау және кеден органдарының қызметшілерінің этикалық нормаларының және өздеріне берілген қызметтік құзырларын асыра пайдаланудан сақтау керек [4].

Кеден одағының кедендік бақылауын жетілдіруде «2012-2015 жылдар аралығындағы кеден одағындағы кедендік әкімшілікті жетілдірудің негізгі бағыттары» бағдарламасының маңызы зор. Бұл бағдарлама негізінде, қазіргі уақыттағы Кеден одағындағы кедендік бақылау жүргізу кезіндегі кемшіліктерді жоюға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1 Кеден Одағының Кеден кодексі. – А.: Юрист, 2011. – 186 б.

2 Токсанова А.Н., Вице-президент АО «Институт экономических исследований», д.э.н., профессор Адилетқызы Г., старший эксперт АО «Институт экономических исследований». Таможенный союз: первые результаты и перспективы развития // <http://www.economy.kz/>

3 Выступление Председателя КТК МФ РК Есенбаева М.Т.: «Актуальные вопросы таможенного администрирования в рамках Таможенного союза» Форум ЕВРОБАК (28 января 2013 года, г. Алматы) // <http://www.eurobak.kz/>

4 Петрикина А.А. Совершенствование таможенной экспертизы при ввозе подакцизных товаров на территорию Таможенного союза // <http://www.rusnauka.com/>

5 Проект «Основные направления совершенствования таможенного администрирования в Таможенном союзе в 2012-2015 годах» // <http://www.tsouz.ru/>

References

1 Keden Odagynyn Keden kodeksi.-A.:Yurist,2011.-186b.

2 Toksanova A.N., Vice-president AO “Institut ekonomicheskikh issledovaniy”, d.e.n., professor Adiletqyzy G., starwii ekspert AO “Institut ekonomicheskikh issledovaniy” Tomozhennyi soyuz: pervye rezultaty I perspektivy razvitiya// <http://www.economy.kz/>

3 Vystuplenie Predsedatelya KTK MF RK Esenbaeva M.T.: “Aktualnye voprosy tamozhennogo administrirovaniya v ramkah Tamozhennogo soyuza” Forum EVROBAK (28 yanvarya 2013 goda,g.Almaty) // <http://www.eurobak.kz/>

4 Petrikina A.A. Sovershenstvovanie tamozhennoi ekspertizy pri vvoze podakciznyh tovarov na territoriyu Tamozhennogo soyuza // <http://www.rusnauka.com/>

5 Proekt “Osnovnye napravleniya sovershenstvovaniya tamozhennogo administrirovaniya v Tamozhennom soyuze v 2012-2015 godah” // <http://www.tsouz.ru/>

ӘОЖ 351.746.1

Л.Ж. Елубаева

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті академиясы, PhD докторант, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: lazzat@mail.ru

Мемлекеттік құпияларды қорғаудың шетелдік тәжірибелері: салыстырмалы талдау

Мақалада мемлекеттік құпиялар анықтамасын анықтау мен түрлі мемлекеттерде оларды реттеу ерекшеліктері көрсетілген. Әрбір мемлекеттің мәліметтерді мемлекеттік құпияға жатқызу критерийлері мен олардың қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ролі айқындалған. Мемлекеттік құпиялар саласындағы заңнамаларға жете талдау жүргізіліп, екі түрлі жүйенің ерекшеліктері, артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетілген.

Түйін сөздер: мемлекеттік құпиялар, құпиялық мәліметтер, қауіпсіздік, мемлекеттік мүдде, тізбелік жүйе, дербестелген жүйе, құпиялылық деңгейлері, құпияны жария ету.

L. Zh. Yelubayeva

Foreign experience protecting state secrets: comparative analysis

The article shows the definition of state secrets and features of regulation in different countries. Author considered a criterion to classify information to state secrets each of countries and role in ensuring the safety of the person, society and state. Holding detail analysis legislation of different countries in the sphere of state secrets and leded features, advantages and disadvantages systems of classify information to state secrets.

Keywords: state secrets, confidential information, security, public interest, perechnevaya system, personalized system, the degree of secrecy, declassification.

Л.Ж. Елубаева

Зарубежный опыт защиты государственных секретов: сравнительный анализ

В статье показаны определения термина государственных секретов и их особенности регулирования разными странами. Рассматривается критерий отнесения сведений к государственным секретам каждого государства и роль в обеспечении безопасности личности, общества и государства в целом. Проведен детальный анализ законодательств разных стран в сфере государственных секретов и приведены особенности, достоинства и недостатки систем отнесения сведений к государственным секретам.

Ключевые слова: государственные секреты, секретные сведения, безопасность, государственные интересы, перечневая система, персонафицированная система, степени секретности, рассекречивание.

Кез келген мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қатысты сұрақтар оның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қорғау контекстінде, сонымен қатар тұлға, қоғам мен мемлекет мүдделерінің жиынтығын анықтайтын ақпараттық саладағы ұлттық мүдделер арқылы қарастырылады. Ақпарат қоғамның өмір сүру әдісі ретінде, мемлекет істерін басқарудағы және билік органдары мен қоғамдық ұйымдардың қызметін бақылаудағы азаматтардың нақты қатысу мүмкіндіктерін қамтамасыз етудегі қоғамдық маңызды қол жеткізу мүмкіндігі болып табы-

лады [1]. Бір жағынан, ақпарат – адамдардың қатынас объектісі, басқа жағынан, бұл – басқару мен шешім қабылдау ресурсы. Сондықтан мемлекет өзінің қауіпсіздігіне нақты қауіп ретінде қорғалатын ақпараттың таралуының ықтимал мүмкіндігін қарастырады.

Қазіргі жағдайда халықаралық ынтымақтастықты кеңейту үшін мемлекеттің өз қоғамы мен басқа да мемлекеттер алдында ашық болуы тиіс, сондықтан мемлекеттік құпияларға жататын мәліметтердің санын азайту сұрақтары өзекті болып отыр.

Мемлекеттің міндеті ақпараттың түрлерін қорғау механизмін қалыптастыру мен құпия институтының әрекет шеңберін белгілеу болып табылады. Мұндай қажеттілік, біріншіден, заманауи қоғамның қажеттілігі ашық және қол жетімді болуы, екіншіден, тұлға, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды.

Мемлекеттік органдар туралы ақпаратқа деген рұқсат саласының бір мәселесі дәстүрлі түрдегі мемлекеттің азаматтар алдында өзінің қызметі туралы мәліметтерді жария етпеу әрекеті болып табылады. Мемлекетпен қорғалатын айрықша ақпараттың көлемі, оны қорғау әдістері, мемлекеттік құпияға жататын мәліметтерге қол жеткізуді бекіту мен шектеуді алудың құқықтық механизмі басқару нысанына, әсіресе мемлекеттің саяси режиміне тікелей байланысты.

Мемлекеттік құпияларды тиісті қорғау олардың сақталуын қамтамасыз ететін жан-жақты дайындалған және тиімді қызмет ететін мемлекеттік жүйені білдіреді. Тарихи даму кезеңдерінде барлық мемлекеттер өздерінің мүдделерін қорғайтын қандай да бір режимге ие болған, соның ішінде мемлекеттік құпия институтын келтірсе болады.

Мемлекеттік құпияның түсінігі түрлі елдердің заңнамаларында мазмұндары бойынша ерекшеленеді, бірақ жалпы алғанда, оларды мемлекетпен қорғалатын әскери, саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық және таратылуы мемлекетпен шектелген, мемлекеттің меншігі болып табылатын басқа да мәліметтер ретінде сипаттауға болады.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурызда қабылданған «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік құпиялар болып таратылуын мемлекет жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлаушылық, қарсы барлаушылық, жедел іздестірушілік және өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатымен шектейтін, мемлекет қорғайтын мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтер танылады. Мемлекеттік құпия – жарияланған немесе жоғалған жағдайда Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін немесе нұқсан келтіруі мүмкін әскери, экономикалық,

саяси және өзге де сипаттағы мәліметтер. Қызметтік құпия – мемлекеттік құпияның құрамына кіруі мүмкін, жарияланған немесе жоғалған жағдайда мемлекеттің ұлттық мүдделеріне, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары мен ұйымдарының мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін жекелеген деректер сипаты бар мәліметтер [2].

Қазақстандық модельге басқа Орталық-Азиялық республикалардың заңнамалық көзқарастары біршама жақынырақ болып келеді.

Осылайша, 1995 жылы 24 қарашада қабылданған «Мемлекеттік құпияларды қорғау туралы» Түрікменстан Заңының 1-бабына сәйкес, мемлекеттік құпиялар – бұл Конституция және осы Заңның негізінде дайындалған арнайы тізім және ережелермен шектелетін, мемлекетпен бақыланатын, Түрікменстанның қорғаныс қабілеттілігі, қауіпсіздігі, экономикалық және саяси мүдделеріне нұқсан келтіретін кез келген түрдегі ақпарат тасымалдаушылармен сақталатын және ауысатын мәліметтер. Түрікменстанның мемлекеттік құпиялары мемлекеттік және қызметтік құпиялар болып екіге бөлінеді. Мемлекеттік құпиялар таратылған жағдайда мемлекеттің әскери жағдайының сапасына, экономикалық әлеуетіне кері әсерін тигізетін немесе Түрікменстанның қорғаныс қабілеттілігі, ұлттық қауіпсіздігі, экономикалық және саяси мүдделері үшін ауыр салдарға әкеліп соқтыратын мәліметтер құрайды. Қызметтік құпияға өндіріс, басқару, ғылым мен техника саласындағы таратылуы Түрікменстанның мүдделеріне зиян тигізуі мүмкін мәліметтер жатады [3].

1993 жылы 7 мамырда қабылданған «Мемлекеттік құпияларды қорғау туралы» Өзбекстан Республикасы Заңының 1 және 3-баптарына сәйкес, Өзбекстан Республикасының мемлекеттік құпиялары аса маңызды, өте құпия және құпия әскери, саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық және басқа да мемлекетпен қорғалатын және арнайы тізіммен шектелетін мәліметтер болып табылады. Өзбекстан Республикасында мемлекеттік құпиялар мемлекеттік, әскери және қызметтік құпиялар болып бөлінеді. Мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтің санатына, сипаты мен шаралар көлеміне қарай құпиялылық мәліметтердің үш деңгейі белгіленген: аса маңызды, өте құпия және құпия. Құпия мәліметтердің деңгейіне сәйкес:

мемлекеттік құпияны тасымалдаушылар үшін «Аса маңызды», «Өте құпия»; қызметтік құпия тасымалдаушылары үшін «Құпия» грифтері белгіленген [4].

1994 жылы 14 сәуірде қабылданған «Қырғыз Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау туралы» Заңының 1-бабында «мемлекеттік құпиялар деп Қырғыз Республикасының қорғаныс қабілеттігі, қауіпсіздігі, экономикалық және саяси мүдделеріне қатысты, Қырғыз Республикасының Конституциясы негізінде және оны орындау үшін дайындалған мемлекетпен бақыланатын және арнайы тізім және ережелермен шектелетін, кез келген тасымал түрімен сақталатын және ауыстырылатын ақпарат» түсіндіріледі. Осы Заңның 5-бабында Қырғыз Республикасының мемлекеттік құпиялары үш санатқа бөлінеді деп көрсетілген: мемлекеттік, әскери, қызметтік.

Соңғы екі анықтамаларда мемлекеттік құпиялар ретінде «әскери құпияның» орын алатыны анық. ТМД-ның басқа елдері әскери құпияны құпиялық ақпараттардың жекеленген санаты ретінде ерекшелеуден бас тартқан. Алайда әскери мәліметтерді толығымен «ұмытылған» деп санауға болмайды. Мысалы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 386-бабы бойынша әскери қызметкер әскери сипаттағы құпия мәліметтерді жария ету немесе әскери сипаттағы құпия мәліметтері бар құжаттарды жоғалтқаны үшін жауапкершілікке тартылады. Мұндай көзқарас орынды, өйткені ол жекеленген тұлғалардың қызметтік қызметімен мәртебесінің ерекшелігін ескере отырып, құқыққа қайшы әрекетті заңды дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

ТМД елдерінің көпшілігі аталған құбылысты белгілеу үшін «мемлекеттік құпия» ұғымын таңдаған. 1993 жылы 21 шілдеде қабылданған «Мемлекеттік құпия туралы» Ресей Федерациясы Заңының 2-бабында, мемлекеттік құпия таратылуы Ресей Федерациясының қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін, әскери, сыртқы саяси, экономикалық, барлау, қарсы барлау мен жедел іздестіру қызметі саласындағы мемлекетпен қорғалатын мәліметтер ретінде анықталған [5].

Осыған ұқсас анықтаманы 1996 жылы 15 қарашада қабылданған Әзірбайжан Республикасының «Мемлекеттік құпия туралы» Заңының 1-бабында көруге болады. «Мемлекеттік құпия – әскери, сыртқы саяси,

экономикалық, ғылыми, барлау, қарсы барлау мен жедел іздестіру қызметі саласындағы мемлекетпен қорғалатын, таралуы Әзірбайжан Республикасының қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін мемлекетпен қорғалатын ақпарат» [6].

1996 жылы 29 қарашада қабылданған «Мемлекеттік құпия туралы» Грузия Заңының 1-бабы келесі анықтаманы ұсынады: «мемлекеттік құпия – таратылуы немесе жоғалуы Грузияның егемендігіне, конституциялық құрылымына, саяси және экономикалық мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін, осы Заңмен мемлекеттік құпия болып табылатын және мемлекеттік қорғалуға жататын қорғаныс, экономика, сыртқы қатынас, барлау, мемлекеттік қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау саласындағы мемлекеттік құпияларға ие мәліметтерге тиесілі ақпараттардың түрі» [7].

«Мемлекеттік құпия туралы» Украина Заңына сәйкес, мемлекеттік құпия (әрі қарай – құпиялық ақпарат) деп таратылуы Украинаның ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін және осы Заңмен белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік құпия болып табылған, мемлекетпен қорғауға жататын қорғаныс, экономика, ғылым мен техника, сыртқы қатынастар, мемлекеттік қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қорғау саласындағы мәліметтерге жататын құпиялық ақпараттардың түрі түсіндіріледі [8].

Аталған анықтама дәлірек болып келеді. Мұнда мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер мемлекетпен қорғалатын құпиялық ақпараттардың бір түріне жатқызылған, соның ішінде сауда, банктік, қызметтік, жеке, қорғаушылық және басқа да құпиялары. Жоғарыда аталғандай, «мемлекеттік құпиялар» анықтамасында мемлекет үшін аса маңызды мәліметтерді бекіту кезінде оларды жеке нақтылау қажеттілігі туындамайды. Мемлекеттік құпиялар бірден жекеленген институт ретінде қаралып, «құпия» мен «сыр» санаттары арасындағы мәнді ұқсастықтарды байқатпайды.

Екінші көзқарастың тәуірлеу болуы, «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңында көрсетілген түсінік пен ондағы жасалған құпиялық ақпараттарды санаттау ТМД қатысушы мемлекеттерінің Парламентаралық ассамблеясының 21-ші толық мәжілісінде (2003 жылдың 16 маусымында қабылданған №21-10 Қаулысы) қабылданған «Мемлекеттік құпиялар туралы» модельді

заңның негізін құруымен дәлелденеді. Заң ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделеріндегі мемлекеттік құпияларды қорғаудың құқықтық негіздері мен бірыңғай жүйесін анықтайды, мемлекеттік құпияларға жататын мәліметтермен және оларды құпиялау, олармен билік ету, қорғау және құпиялығын алумен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

Аталған пікірдің негізділігін дәлелдейтін қосымша аргумент жекеленген мемлекеттердің заңшығарушылары «мемлекеттік құпия (сыр)» түсінігін қолданған кезде мәліметтерді олардың маңыздылық деңгейі бойынша санаттағанда қызметтік құпияны мемлекеттік құпияның бөлігі ретінде қарауға тура келетіні болып табылады. Осыдан заңның атауы да өзгереді, әрине, бұл логикалық тұрғыдан жүйесіз болып келеді.

Осылайша, 1996 жылы 3 желтоқсанда қабылданған «Мемлекеттік және қызметтік құпия туралы» Армения Республикасының Заңының 2-бабына сәйкес, мемлекеттік құпия таралуы Армения Республикасының қауіпсіздігі үшін зиян салдарға алып келуі мүмкін, мемлекетпен қорғалатын, әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлау, қарсы барлаулық, жедел іздестіру қызметі саласындағы мәліметтер болып табылады. Қызметтік құпия аталған баптың бірінші бөлімінде көрсетілген салаларда, мемлекетпен қорғалатын, таралуы Армения Республикасының қауіпсіздігіне басқа да нұқсан келтіруі мүмкін мәліметтер болып табылады. Мұндай мәліметтер, әдетте мемлекеттік құпияның бір бөлігін құрайтын фактілерден тұрады, алайда өз бетінше мемлекеттік құпияны аша алмайды [9].

Жабық ақпараттардың айналымын қорғалатын саладан шығару нысаны мүмкіндіктеріне қатысты «Мемлекеттік құпия туралы» 1994 жылы 17 мамырда қабылданған Молдова Республикасы Заңының ережелері көңіл аударуға лайық. Аталған актінің 2-бабына сәйкес мемлекеттік құпия (сыр) – тарату, жария ету, жоғалту немесе бұзу Молдова Республикасының қауіпсіздігіне мәнді зиян тигізуі мүмкін әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы саяси, барлау, қарсы барлау және жедел іздестіру қызметі саласындағы мемлекетпен қорғалатын мәліметтер [10].

Осы анықтама, негізінде, заңшығарушы мемлекеттік құпияға құқыққа қайшы қол

сұғушылықтың ықтимал айқындауларын қамтуға тырысқан. Соңғысы, ішінара, электрондық ресурс түрінде өмір сүретін мемлекеттік құпия үшін өзекті болып табылады. Алайда «мәнді зиян» санатының мазмұны анық болмай тұр, сондықтан тиісті өңдеусіз заң деңгейінде әрекетті бағалауда субъективтілік факторы күшейе түседі.

Барлық мемлекеттер әрдайым мемлекеттік құпияларды қорғау институтын өзгертуге, жетілдіруге тырысады. Мысалы, 2012 жылғы сәуір айында қабылданған «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қытай Заңына осы терминге қатысты өзгертулер енгізілді. Мұндай өзгертулер саяси орта мен қоғамдық салада біраз пікірталас тудырды. Енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес, Қытайдың мемлекеттік құпиялары дегеніміз – таратылған жағдайда мемлекеттік қауіпсіздік пен саяси, экономикалық саладағы мүдделерге, соның ішінде мемлекеттің қорғаныс саласына зиян келтіретін мемлекеттік қауіпсіздік пен мемлекеттік мүдделер туралы ақпараттар [11].

Осылайша, мемлекеттік құпиялар саласындағы заңнамаларды талдау түрлі мемлекеттерде мемлекеттік құпияларға мәліметтерді жатқызу екі түрлі жүйе бойынша қалыптасатынын байқауға болады, олар – тізбелік және дербестендірілген. Бұл жүйелердің қағидалық айырмашылығы мемлекеттік құпияларды қорғаудың құқықтық реттеу механизмдерімен анықталады. Дербестендірілген жүйеге сәйкес құпиялау, құпиялық деңгейін белгілеу мен құпиялығын алу бойынша барлық әрекеттер нақты уәкілеттілік берілген лауазымды тұлғамен жүзеге асырылады. Бұл жүйенің арнайы ерекшелігі мәліметтерді мемлекеттік құпияға жатқызу әкімшілік вертикаль бойынша қатаң уәкілеттілікке байланысты жүргізілуінде. Оның артықшылықтары нақты субъектінің мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу бойынша қабылдаған шешімі үшін заңдық жауапкершілік тартуы мен жоғары жедел қызметінің басым келуі болып табылады. Алайда мұндай маңызды құқықтық қызмет кезінде лауазымды тұлға тарапынан субъективтілік сияқты жағымсыз фактор орын алуы мүмкін.

ТМД және Қазақстанда кеңестік уақыттан бері қалыптасып қалған дәстүрлі түрдегі тізбелік жүйе қызмет атқарады. Бұл дегеніміз мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу

алдын ала кезеңде оларды талдау мен келісу жолымен анықтап, түрлі деңгейдегі нормативтік құқықтық актілермен бекіту арқылы заңдық күш беруді білдіреді.

Тізбелік жүйе үлкен объективтілікке ие, өйткені мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу парламенттік мәжіліс шеңберінде жете талданып, заңдық тәртіпте бекітілуі арқылы заңдылыққа ие болады. Алайда бұл жүйенің жағымсыз жақтарын да атап кету қажет: біріншіден, шешім қабылдау кезінде жеделділіктің жоқ болуы; екіншіден, мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу санаттарын анықтаудағы дәл, нақты болмауы, осының барлығы қазіргі таңдағы коллизиялар мен кемшіліктерге әкеліп отыр.

Барлық мемлекеттерге мемлекеттік құпияларды құрайтын ақпараттарға рұқсатты шектеу тән, олар екі өзара байланысты процедура шеңберінде жүзеге асырылады: мәліметтерді

мемлекеттік құпияларға жатқызу және оларды тасымалдаушылар мен мәліметтерді құпиялау. Мәліметтерден құпиялық белгісін алу, оларды жария ету барлық демократиялық мемлекеттерге тиесілі жалпы мәселелермен байланысты болып келеді. Тиісті актілерді дайындау деңгейі мен айырмашылықтарына қарамастан, құпиялылыққа жатқызу мен жария ету процедуралары ТМД елдерінің заңнамаларымен бірдей қабылданады.

Жалпылай келе, мемлекеттік құпиялар, олардың түсінігі мен жүзеге асыру механизмі жеке-ленген мемлекеттерде саяси дамуы мен қоғамдық факторларға қарай өзгеріп отырады. Алайда жалпы мемлекеттік құпиялардың қасиеті – таратылуы шектеулі, оларды тарату немесе жоғалуы салдарынан мемлекетке келетін шығыны, зияны өзгеріссіз қалады. Дәл осы құрамдас элементтер аталған мәліметтерді қалыптастырады, институтты түрде дамуына себебін тигізеді.

Әдебиеттер

- 1 Конституционное право России: учебник / А.Н. Головистикова, Л.Ю. Грудцына / Под ред. Н.А. Михалевой. – М.: Эксмо, 2006. – Б.343.
- 2 «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 15.03.1999// www.adilet.zan.kz
- 3 «Мемлекеттік құпияларды қорғау туралы» Түрікменстан Заңы, 24 қараша 1994 жыл. №84-1. 1,2 баптар.
- 4 «Мемлекеттік құпияларды қорғау туралы» Өзбекстан Республикасы Заңы, 7 мамыр 1993 жыл. 1, 3 баптар.
- 5 «Мемлекеттік құпия туралы» Ресей Федерациясы Заңы, 21 шілде 1993 жыл. 2 бап.
- 6 «Мемлекеттік құпия туралы» Азербайжан Республикасының Заңы, 15 қараша 1996 жыл. 1 бап.
- 7 «Мемлекеттік құпия туралы» Грузия Заңы, 29 қараша 1996 жыл. 1 бап.
- 8 «Мемлекеттік құпия туралы» Украина Заңы, 21 қыркүйек 1999 жыл. 1 бап.
- 9 «Мемлекеттік және қызметтік құпия туралы» Армения Республикасының Заңы, 3 желтоқсан 1996 жыл. 2 бап.
- 10 «Мемлекеттік құпия туралы» Молдова Республикасы Заңы, 17 мамыр 1994 жыл. 2 бап.
- 11 «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қытай Заңы, 2012 жыл.

References

- 1 Konstitutsionnoe pravo Rossii: uchebnik / A.N. Golovistikova, L.U. Grudtsyna / Pod red. N.A. Mihalevoi. – M.: Eksmo, 2006. – S.343.
- 2 “Memlekettik kupiyalar turaly” Kazakstan Respublikasynyn Zany, 15.03.1999// www.adilet.zan.kz
- 3 “Memlekettik kupiyalardy korgau turaly” Turikmenstan Zany, 24.11.1994. 84-1, 1,2 bapтар.
- 4 “Memlekettik kupiyalardy korgau turaly” Ozbekistan Respublikasynyn Zany, 7.05.1993. 1,3 bapтар.
- 5 “Memlekettik kupiya turaly” Resei Federatsiyasynyn Zany, 21.07.1993. 2 bap.
- 6 “Memlekettik kupiya turaly” Azerbaizhan Respublikasynyn Zany, 15.11.1996. 1 bap.
- 7 “Memlekettik kupiya turaly” Gruziya Zany, 29.11.1996. 1 bap.
- 8 “Memlekettik kupiya turaly” Ukraina Zany, 21.09.1999. 1 bap.
- 9 “Memlekettik zhane kyzmettik kupiya turaly” Armeniya Respublikasynyn Zany, 3.12.1996. 2 bap.
- 10 “Memlekettik kupiya turaly” Moldova Respublikasy Zany, 17.05.1994. 2 bap.
- 11 “Memlekettik kupiyalar turaly” Kytai Zany, 2012.

УДК 347

¹Г.Г. Нурахметова, ²А. Мухамбетжанова

¹К.ю.н., доцент кафедры гражданского права и гражданского процесса, трудового права юридического факультета КазНУ им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Магистрант 1 года обучения кафедры гражданского права и гражданского процесса, трудового права юридического факультета КазНУ им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
E-mail:

Развитие законодательного определения и понятие юридического лица в Республике Казахстан

2) сложившийся экономический механизм конструируется преимущественно из правовых форм, выражающих экономическое принуждение субъектов к экологически добросовестному поведению, при недостаточной развитости правовых форм экономического поощрения;

3) имеется общая диспропорция в правовом механизме финансирования в сфере охраны окружающей среды: устанавливая источники и порядок формирования денежных фондов, законодательство недостаточно четко определяет цели и порядок их расходования, создавая простор для усмотрения как в процессе бюджетного планирования, так и в процессе исполнения со стороны федеральных министерств, ведомств, их территориальных органов, являющихся распорядителями соответствующих ресурсов.

Литература

1. Бринчук М.М. О понятийном аппарате экологического права // Государство и право. – N 9. – 1998. – С. 25.
2. Певзнер М.Е. Горное право России // Материалы заседания круглого стола. 30 мая 1994 г. – М.: РАЕН, 1994. – С. 34.
3. Нарышкин А.Р. Природно-ресурсное право и правовая охрана ОПС. – М., 1988. – С. 65.
4. Петров В.В. Экологическое право России. – М., 1994. – С. 78.
5. Петрова Т.В. Правовые проблемы экономического механизма охраны окружающей среды. – М.: Зерцало, 2000. – (12 п.л.).
6. Петрова Т.В. Экономический механизм реализации эколого-правовых норм. – М.: МГУГиК, 2000. – (4 п.л.).

References

1. Brinchuk M.M. O poniatinom apparate ekologicheskogo prava. Gosudarstvo I pravo. N 9, 1998. p.25.
2. Pevzner M.E. Gornoe pravo Rossii//Materialy zasedania kruglogo stola. 30 may 1994 g. M.: PAEN. p.34S
3. Narichkin A.R. Prirodno-resursnoe pravo i pravovaj ohrana OPS M.1988. p.65.
4. Petrov V.V. Akologi pravo Rossii1994. p.78.
5. Petrova T.V. Pravovoe problem akonomicheskogo mehanisma ohrani okrujaichei sredi.- M. : Zerzalo, 2000. – (12 p.l.).
6. Petrova T.V. Akonomicheski mechanism realizazii akologo-pravovih norm – M. : MGUGiC, 2000. – (4 p.l.).

ӘОЖ 349.6(045)

Б.К. Чингаева, А.Д. Нуспеков

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті заң факультеті мемлекеттік және азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан, Талдықорған қ.

E-mail: c-bahyt@mail.ru.

Жерді пайдалану үшін ақы төлеудің құқықтық негіздері

Ғылыми жұмыстың мақсатына сәйкес жерді пайдалану үшін ақы төлеу құқықтық негіздері қарастырылды. Қазақстандық және ресейлік ғалымдарының пікірлерінен сүйеніп тұжырымдамалар жасалынды. Зерттеу барысында жерді пайдаланудың кемшіліктеріне тоқтала отырып, жерді ұтымды пайдалану мен қорғаудың құқықтық қырларына назар аударылды.

Түйін сөздер: жер, өсімдіктер, орман, су, топырақ.

B. K. Chingayeva, A.D. Nuspekov

Legal basis of payment for the use of land Legal aspects of payment for land

According to the study of scientific work in this article examines the legal basis of payment for the use of land use. Based on the opinion of the Kazakh and Russian scientists have made findings and made suggestions. Focuses on the shortcomings of procedures for the use of land.

Key words: earth, plants, wood, water, soil.

Б.К. Чингаева, А.Д. Нуспеков

Правовые основы платы за пользование землей

В соответствии исследуемой научной работой в данной статье рассмотрены правовые основы оплаты за использование земель. Основываясь на мнение казахстанских и российских учёных, были сделаны выводы и предложения. Сделан акцент на недостатки процедур использования земель.

Ключевые слова: земля, растения, лес, вода, почва.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабында бекітілген: «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін» [1].

Қазақстан Республикасының жер заңдары жер туралы заңнаманың нормаларының талаптарын орындамаумен немесе бұзумен байланысты тәртіптік әрекеттердің тізімін қарастырмайды. Онда тек жер заңдарының бұзылуына кінәлі жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіпте жауапты болады деп атап өтілген.

Мұндай ереже Қазақстан Республикасының

жаңа Жер кодексінде де бар. «Жер заңдарының міндеттері» деп аталатын 5-бапқа сәйкес жер қатынастарын реттеу жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды, топырақ құнарлығын ұдайы қалпына келтіріп отыруды, табиғи ортаны сақтау мен жақсарту мақсатында жүзеге асырылады [2].

С.М. Найманбаев мынадай көзқарас білдіреді: «Заңи тұрғыдан алғанда салық саясаты заң жүзінде бекітілген салық режимін, яғни салық төлеушілерге ықпалын тигізетін режимді көрсетеді.

Салық режиміне салық саясатының міндеттері мен қағидаларын қоссақ, салық саясатына мынадай анықтама беруге болады: Салық саясаты – мемлекеттік бюджет кірісін және өндірістердің, салалардың, аумақтардың,

шаруашылық қызметтің түрлерін, шаруашылық субъектілерінің экономикалық өсіп, дамуын қамтамасыз ететін мемлекет белгілеген салық режимі. Салық саясатының құрамдас элементтері салық жүйесінен және экономика, саяси және әлеуметтік аяларындағы салықтық реттеу механизмінен тұрады. Сонымен, салық саясаты – мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін және қоғам өмірінің маңызды аяларының экономикалық өсуін қамтамасыз ететін мемлекет белгілеген салық режимі» [3, 83 б.].

Ә. Ереновтің айтуы бойынша, жерді ұтымды пайдалану – ауылшаруашылық өндірісінің басты құралы болып табылатын жердің өндірістік күшін ұлғайтатын басты бағыт және негізгі жол. Жерді ұтымды пайдалану жер пайдалану процесіне орынды бастамаларды енгізуді білдіреді және барлық жер ресурстарын толық және жоғарғы өндірістік пайдаланудың кепілі болып табылады. Мұның барлығы жерді ұтымды пайдалануды құқықтық жағынан және экономикалық жағынан қамтамасыз етудің негізінде жатыр [4].

Жер салығы дегеніміз – жеке меншік құқығындағы, тұрақты жер пайдалану құқығындағы, бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығындағы салық салу объектілері бар жеке және заңды тұлғалар төлейтін заңды түрде мемлекетпен біржақты өктем бекітілген, белгіленген мөлшерде анықталатын, қайтарымсыз және ақысыз сипаттағы бюджетке төленетін міндетті төлем болып табылады.

Т.Ф. Юткина салық саясаты жөніндегі өз пікірін былай деп тұжырымдаған: «Мемлекеттің салық саясаты салықтық жоспарлау, реттеу және бақылау саласында елдің жоғары басшылығы қабылдайтын басқару шешімдерінің жиынтығы ретінде айқындалады. Мемлекеттің салық саясаты пәнін салық салу жүйесін ұйымдастырудың жоғары мақсат, мүдделері – нысаналары, мақсатты ұстанымдары және оны (жүйені) басқару қағидалары құрайды. Салықтық құқықтық қатынастарды тиімді ұйымдастыру салық жүйесінің іштей ұйымдастырылуына және салықтық құқығына тәуелді болады» [5, 210 б.].

Жердің, жер қойнауы мен орманның, судың пайдалануға берілуі мен қайтып алынуының белгілі бір тәртібін ұсына отырып, оларға есеп жүргізу, кәсіпорындар мен ұйымдардың, азаматтардың іс-әрекетін бақылауға алып, мемлекеттік басқару институты негізінен бүкіл

табиғатты пайдалану саласының тиімділігін қамтиды. Жер қорын мемлекеттік басқару – жер құқығы институттарының бірі. Жер құқық қатынастарының ішінде өзіндік ерекше сипаты бар. Оның негізгі бағыты жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды ұйымдастыру, олардың әлеуметтік және экономикалық қасиеттерін жүзеге асыру шараларын, соның ішінде құқықтық шаралар, тәртіптер мен ережелерді белгілеу, олардың орындалуын жүзеге асырумен бірге бақылау жұмысын атқару болып табылады [6,35].

Д.Л. Байдельдиновтың пікірі бойынша, табиғат пайдалану құқығын екі түрлі объективтік және субъективтік мағынада түсінуге болады. Объективтік мағынадағы табиғат пайдалану құқығы дегеніміз – табиғат пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері мен табиғи ресурстарды беру және алып қою тәртібін реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Ал субъективтік мағынадағы табиғат пайдалану құқығы дегеніміз – экологиялық заңдармен нақты белгіленген табиғат пайдаланушыларды белгілі бір табиғи объектілерді иелену мен пайдалануға байланысты құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы. Табиғат пайдалану құқығының табиғи ресурстарға меншік құқығынан басты айырмашылығы – табиғи ресурстарға билік ету құқығының болмауы [7, 9 б.].

Жер құқығы нормаларын жүзеге асыру механизміндегі басты мәселе – бұл жер құқығы қатынастарының мазмұны, жер құқығы қатынастары субъектілерінің өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруы. Осы мәселені шешкенде ғана құқық нормаларының тиімділігіне қол жеткізуге, жер туралы заңнаманың мақсаттары мен міндеттеріне жетуге болады.

Адамдардың арасындағы қатынастарда «ешқандай да әрекет саналы ойсыз, қалаулы мақсатсыз жасалмайды. Қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу осындай реттеудің мақсаты мен міндеттері болмаған жағдайда мүмкін емес, себебі құқықтық реттеуге қатысты белгілі бір мақсаттар міндеттерге жету заңшығарушы органдар мен халық үшін қалаулы нәтиже болып табылады. Мұндай нәтиже нормативтік құқықтық актілерді дайындау, қабылдау және орындау процесінде жүзеге асырылады.

Сондықтан да заңнаманың мақсаттары мен міндеттері кез келген заңнаманың негізгі институттары болып табылады және олар заңнаманың

негізгі нормалары болып, жекелеген институтты құрайтын заңнама қағидаларымен де тығыз байланыстылықта болады. Кейбір заңдар мен заң актілерінде мақсаттар, міндеттер және қағидалар әрқашан да көрсетіле бермейді [8,39 б.].

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 96-бабы «Меншік немесе жер пайдалану құқығы тоқтатылған жағдайда жер учаскесін бағалау» деп аталады, ал бұл баптың мәтінінде былай делінген: «Меншік немесе жер пайдалану құқығы тоқтатылған жағдайда жер учаскесі немесе жер пайдалану құқығы нарықтық құны бойынша бағаланады». Ал құқықтың объектісі болып нақты жер учаскесі табылатындықтан, бұл баптың редакциясын келесі мазмұнда берген жөн болар еді: «Меншік немесе жер пайдалану құқығы тоқтатылған жағдайда жер учаскесінің құнын бағалау оның нарықтық құны бойынша жүргізіледі» [2].

Елімізде жер қатынастарының құқықтық реттелуін жетілдіру мақсатында бірқатар жер заңдары қабылданып, өзгертіліп толықтырылуда. Қазіргі қолданыстағы Жер кодексінің негізгі

міндеттері тиімді пайдалану мен қорғау, топырақ құнарлылығын қалпына келтіру, табиғи ортаны сақтау мен жақсарту, шаруашылық жүргізудің барлық нысандарын тең дамыту үшін жағдай туғызу, азаматтар мен заңды тұлғалардың жерге құқығын қорғау, жылжымайтын мүлік нарығын жасау мен дамыту, жер қатынастары саласында заңдылықты нығайту болып табылады.

Қазақстанда да басқа елдер сияқты, жер қатынастары қоғамдық және экономикалық қатынастардың негізі болып табылады, өйткені жер қоғам өмірінде ерекше рөл атқарады. Жер, барлық қоршаған ортаның басты құрам бөлігі, барлық өндіріс түрлерін, байланыс құралдарын, тұрғын жай орнын орналастыру үшін жалпыға бірдей базис болып табылады.

Жер құқық қатынастары дегеніміз – Қазақстан Республикасының табиғи байлығы – жерге мемлекеттік меншік құқығының негізінде жер заңдарының нормаларымен реттелген және пайда болатын қатынастар немесе жер құқықтық нормалардың іс жүзіндегі көрінісі. Олар өздерінің мазмұнымен ерекшеленеді.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Юрист, 2013-56 б. 30.08.1995.
- 2 Қазақстан Республикасының 20 маусым 2003 жылғы Жер кодексі. – Алматы: Юрист, 2013. – 204 б.
- 3 Мухитдинов Н.Б., Найманбаев С.М., Дулатов Ы.Д. Мемлекеттің салықтық қызметінің құқықтық негіздері. – Алматы, 1998. – 245 б.
- 4 Еренов А.Е. Материалы Всесоюзной научно-теоретической конференции //Правовое обеспечение рационального использования земель в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1984. – С. 22-30.
- 5 Юткина Т.Ф. Налоги и налогообложение. – М.: ИНФРА-М, 2002. – 576 с.
- 6 Бектұрғанов Ә.Е. Қазақстан Республикасындағы жер құқық қатынастары. – Алматы: Жеті Жарғы, 1997. – 264 б.
- 7 Байдельдинов Д.Л., Бекишева С.Д. Экологическое право РК: учебное пособие. – Алматы: Издательский центр ОФППИ «Интерлигал», 2004. – 312 с.
- 8 Стамқұлов Ә.С., Стамқұлова Г.Ә. Жер құқығы: оқу құралы. – Алматы, 2004. – 360 б.

References

- 1 Constitution of Republic of Kazakhstan. – Almaty, 30.08.1995.
- 2 The Land Code of Republic of Kazakhstan: 20/06/2003 // Lawyer: Almaty, 2013. – p.204.
- 3 Muhitdinov N.B., Naimanbaev S.M., Dulatov I.D. Legal bases of of state activity tax. – Almaty, 1998. – p.245.
- 4 Erenov A.E. Materials of All-Union scientific-theoretical conference. Legal ensuring the rational use of land in Kazakhstan. – Almaty: Science, 1984. – p.22-30.
- 5 Utkin T.F. Taxes and Taxation. – М.: ИНФРА-М, 2002. – p.576.
- 6 Bekturganov A.E. Land relations in the Republic of Kazakhstan. –Almaty: Zheti zhargy, 1997. – p.264.
- 7 Baidel'dinov D.L., Bekisheva S.D. Environmental Law of RK: Textbook. – Almaty: Publishing Center ОФППИ «Интерлигал», 2004. – p.312.
- 8 Stamkulov A.S., Stamkulova G.A. Land law. – Almaty, 2004. – p.360.

ӘОЖ 336.741.28

А.С. Молдағалиева

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, заң факультеті кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының оқытушысы, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: aijan86_86@mail.ru

Табиғи өнімдер – денсаулық кепілі

Мақалада автор Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін қарастырады. ГМО-ға түсінік бере отырып, тамақ өнімдеріндегі ГМО-ның зиянды және зиянсыз салдарына салыстырмалы талдау жасайды. Автор тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңның баптарына кейбір ұсыныстарын келтірген. Сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мәселесіне тоқталған.

Түйін сөздер: тамақ өнімдері, генетикалық модификацияланған организм, генетикалық аппарат, табиғи өнім.

A.S. Moldagalieva

Ecological pure products – pledge of health of future generations

In article the author considers problems of legal support of food products of the Republic of Kazakhstan. Gives concept and the maintenance of GMO, and also carries out the comparative-legal analysis between GMO and environmentally friendly production. The author gives some offers which can on the lawful bases about безопасить food products used the person. Besides, the author considers a problem a ratio of quality and the prices food production in the Republic of Kazakhstan.

Key words: food products, the genetic modified organism, the genetic device, natural product.

А.С. Молдағалиева

Экологически чистые продукты – залог здоровья будущих поколений

В статье автор рассматривает проблемы правового обеспечения пищевой продукции Республики Казахстан. Дает понятие и содержание ГМО, а также проводит сравнительный-правовой анализ между ГМО и экологически чистыми продуктами. Автор дает некоторые предложения, которые могут на законных основаниях обезопасить пищевую продукцию, употребляемую человеком. Кроме того, автор рассматривает проблему соотношения качества и цен пищевой продукции в Республике Казахстан.

Ключевые слова: продукция, генетический модифицированный организм, информация, натуральные продукты.

Халқымыз «Ас – адамның арқауы» деп, қашаннан тамақтануға ерекше мән берген. Адамның тамақтану рационнда ет, сүт, жеміс-жидек өнімдері алғашқы орындардың бірінде тұратыны белгілі. Дастарханымыздың әрін кіргізетін осы өнімдердің денсаулығымызға ешбір зиянсыз, сапалы болуын бәріміз қалаймыз. Бүгінгі таңда бәрімізді елеңсіз қалдырмайтын мәселе бұл – азық-түлік, яғни тамақ өнімдері сапасының сын көтермейтіндігі болып табылады.

Қазақстан – сыртқы сауда алаңында экономикасы жан-жақты ілгері дамып келе

жатқан мемлекеттердің бірі. Американдық ғалымы Дис Сакс: «қандай бір ел болмасын, оның экономикалық жетістігі сыртқы саудаға байланысты. Дүниежүзілік экономикадан оқшауланып, ешқандай ел дені сау, жөні түзу экономика жасай алған жоқ» деп көрсетеді [1]. Бұл күнде сыртқы саудаға шекарамыз да, есігіміз де ашық елімізге киім-кешек, азық-түлік, жемістер, цитрус және т.б. тамақ өнімдерінің басым көпшілігі өзге мемлекеттерден, яғни Қытай, Ресей және т.б. тасымалданады. Әкелінген өнімдердің сапасын айтпағанның

өзінде бағасының өзі жаға ұстарлықтай... Тасымалданған өнімдердің қауіптілігі – құрамында ГМО (гендік модификацияланған организм) болуы, жарамдылық мерзімінен тыс ұзақ сақталынууда.

Алдымен, ГМО дегеніміз не? ГМО (генетически модификацияланған организмдер) - биотехнологиялық әдістермен генетикалық құрамы өзгертілген организмдер (көбіне азық-түлік ретінде пайдаланылатын организмдер, өсімдіктер, жемістер). Гендік модификацияланған организмдерді (ГМО) өсіру үшін бір организмнің генін басқа бір өсімдіктің немесе жануардың ДНҚ-сына енгізіп, трансгенизация жасайды. Бұл операция арқылы организмнің кейбір табиғи қасиеттері өзгертіледі. Мысалы: картоп генінің қатарына сарышаян генін қосу нәтижесінде ешқандай жәндік жемейтін картоп түрі, қызанға солтүстік камбаласының генін қосудан аязға төзімді, үсімейтін қызан түрі, жалпы аязға төзімді, жәндіктер жемейтін, құрт түспейтін, ұзақ сақталатын, тағысын-тағы қасиеттері бар түрлер алынады. Бүкіл жаратылыс ғасырлар бойы өзі сұрыптап берген, кез келген организмнің өсіп-өнуіне жауапты болып саналатын геномына бөтен генді әкеліп, жасанды жолмен енгізген кезде оның келесі ұрпағы өзгеріске ұшырайды [2].

ГМО деген атынан үріккеніміз болмаса, оның қандай болатынын, пайда-зияны қаншалық екенін қарапайым халық, яғни біз әлі біле бермейміз. Себебі ГМО-ның адам денсаулығына әсері әлі толық зерттеліп болған жоқ, қазіргі таңда әлемде көптеген ғалымдар ГМО-ның адамзат баласының денсаулығына зияны мен пайдалы тұстарын зерттеуде екі-жақты көзқарас қалыптастыруда. Яғни зиянды тұстары, біріншіден, өте қауіпті аллергиялық реакциялардың пайда болуы. Мысалы, АҚШ адамдар ГМО өнімдерін еркін қолданады. Аллергиямен ауыратындар саны 70% құрайды. Ал Швецияда 7%, бұл өнімдерді қолдануға тыйым салынған. Екіншіден, трансгенді өнімдерді пайдалану асқазанның сілемейлі қабатының құрылымын бұзады. Зат алмасудың бұзылып, иммунитеттің төмендеуіне әкеледі. Үшіншіден, ісік ауруларының көбеюіне себеп болады. Жасушаларды мутацияға ұшыратады. Төртіншіден, әйелдер мен ерлердің бедеулігі мен белсіздігіне әкеліп соғуында. Осы орайда, ғалымдар жануарларды генетикасы модификацияланған дақылдармен қоректендіру арқылы сараптама

жасай отырып, эксперименттік жануарлардың және олардың кейінгі ұрпақтарының ағзаларында патологиялық өзгерістері барын анықтаған. Британия ғалымдары – генетикасы модификацияланған ГМ-картоптың, Италия ғалымдары – ГМ-сояның, Австралия ғалымдары – ГМ-асбұршақтың, француз зерттеушілері ГМ-жүгерінің жануарлар ағзасына қауіпті екендігін дәлелдеген. Мысалы, ГМ-жүгері беріп асыраған эксперименттік жануарлардың төлдері 100 пайыз өлі туғаны туралы ғылыми нәтиже бары белгілі. Бірақ мұндай қорытындыны кезінде жауып тастаған. Себебі ғалымдардың бұл секілді қорытындыларының жария болуы өндіруші компанияларға тиімді емес [3]. Аталған дәйектерге, сүйенсек, құрамында ГМО бар күнделікті қолданып жүрген тағамдар мен жемістердің (алма, банан, лимон және т.б.) зияны шашы етекпен. Өйткені құрамында ГМО бар тағамдар мерзіміне қарамастан бұзылмайды. Елімізге әкелінетін өнімдердің «сырты бүтін, іші түтін». Осы өнімдерді қандай мемлекеттік орган қадағалап отырғаны белгісіз. Күнделікті тұтынып отырған халық та сұрамай сатып ала береді. Кедендік шекарашыларымыз өнімдерді өткізген кезде, әрине, өнімдердің тек сыртқы пішініне қарайды. Өйткені Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңында ГМО қарастырылмаған және 12-бабына сәйкес, (тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар) «сапасының айқын белгілері бар тамақ өнімдері оларды өндіру, айналымы және кәдеге жарату процестеріне жіберілмейді» делінген [4]. Бұл жерде заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі ауадай қажет.

Ғалымдар генетикалық аппараттың қолдан өзгертіп өсірілген өнімдер бүгінгідей қарқынмен тұтынушының қарнына түсе берсе, алдағы 40 жылдан кейін адамзат ұрпағы күрт кеміп, бүкіл биосфера бұзылып бітеді деген тұжырымға келуде.

ГМО – әуелі баста адамзат баласының күрт көбеюі салдарынан азық-түлік жетпей қалуы мүмкін деген жақсы ниетпен бидай, көкөністер, үй жануарларының ДНҚ құрамын өзгертіп, олардан көп өнім алуды көздеген. Десек те, қазіргі таңда ГМО экономиканың табыс көзіне айналды. Яғни, шығынсыз есеп, бұзылмайтын өнім, еркін сауда. Әрине, бұл пайдадан біздің еш үлесіміз жоқ, аграрлық саясатты ұстанатын,

жер қойнауы бай мемлекет болсақ та, өзге елдің жасанды өнімдеріне тәуелдіміз. Аграрлық ел ретінде көп көлемде астық дақылдарын егеміз. Бірақ түрлі зиянкестер мен аурулардың (өсімдік аурулары) кесірінен еккен егіміздің шығымы, өнімділігі азайып, өзіндік құны қымбатқа шығады. Мұның бәрі – шығын. Жарайды, бұл – тек бидайдың төңірегіндегі әңгіме. Ал бізде одан басқа да сақтау мерзімі шектеулі, тез бұзылатын ауылшаруашылық дақылдар, көкөністер мен жеміс-жидектер бар ғой. Осының бәрінде біз өнімділікті ұлғайтып, сапасын көтерсек, өз елімізді ғана қамтамасыз етіп қоймай, өзге елдерге де экспортқа шығара алатын мүмкіндігіміз бар. Ал өнімділікті қалай көтереміз? Қолданыста жүрген химикаттар – пестицид, гербицид дегендер кешегі күннің технологиясы болып

қалды. Денсаулықты ойласақ, дәл осы химикаттар ағзамызға зиянын тигізіп жатуы мүмкін. Сол себепті де біз жаңа технологиядан қашпай, қолданып, сол арқылы өнімділікті, өндірісті ұлғайта отырып, бір мезгілде бақылауды да қамтамасыз еткеніміз дұрыс сияқты. Өнімдеріміз өз елімізде өндірілетін болса, оның сапасы мен құрамы көңілге қонарлықтай болар еді, ал сырттан әкелініп жатқан өнімдердің қандай екенін, гендік модификацияға қаншалықты түскенін біле бермейміз.

Әрине, гендік модификацияланған азық-түліктер – 20-ғасырдың биология саласындағы үлкен жетістігі, бұл да инновация екендігін мойындаймыз, десек те ұлт денсаулығы мен болашақ ұрпақ тағдырын ескеретін болсақ, өз табиғи өнімдіміздің құны мен құрамын жоғалтпайық!

Әдебиеттер

1. Интернет сайт.
2. Шамшина Ж.К. ГМО өнімдерінің пайдасы мен зияны. – 2013.
3. Раманқұлов Е. Дамыған деген елдерде ГМО пайдалану қалай реттелуде?! – 2013.
4. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңы.

References

1. Internet сайт.
2. Shamshina ZH.K GMO onimderinin paidasi men ziyani. – 2013.
3. Ramankulov E. Damigan degen elderde GMO paidalanu kalai rettelude?! – 2013.
4. Kazakhstan Respublikasinin 2007 zhilgi 21 shildedegi «Tamak onimderinin kauypsizdigi turali» Zani.

Сведения об авторах

Молдағалиева А.С. –Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Заң факультеті, Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының оқытушысы, Алматы қаласы, Қазақстан.

ӘОЖ 347.2/.3:[502:330.15]

Е.М. Бағылбек

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, қаржы, кеден және экологиялық құқық кафедрасы. Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: eldar_doni_411@mail.ru

Қоршаған ортаны қорғау саласында экономикалық ынталандыру тетіктерін жетілдіру мәселелері

Мақала қоршаған ортаны қорғау саласындағы экономикалық ынталандыру тетіктерін жетілдіру мәселелеріне арналған. Автор мақаланың басында тәуелсіз Қазақстанның экологиялық заңнамасының дамуына тоқтала отырып, экологиялық құқықтық қатынастарды реттеудегі экономикалық әдістердің орны мен мәнін ашып көрсетеді. Одан әрі ғалымдардың ұсынған экономикалық ынталандыру тетіктерінің бағыттарын саралай келе экологиялық заңнаманың өзгерістер енгізуді қажет ететіні туралы ұсыныстар жасайды.

Түйін сөздер: экономикалық басқару әдістері, экономикалық ынталандыру тетіктері, салықтық жеңілдіктер, экологиялық талаптар.

E.M. Bagylbek

Problems of improving the mechanism of economic incentives in the field of environmental protection

Author of the article considers the problem of improving economic incentives in the field of environmental protection. The author examines the development of environmental legislation of Kazakhstan, as well as the role and nature of economic methods of regulation in the environment - legal relations. Later, scientists examined the proposals in respect of the environmental incentive mechanism, the author makes suggestions on Amendments to environmental legislation.

Keywords: methods of economic management, economic incentives, tax incentives, environmental requirements.

Е.М. Бағылбек

Проблемы совершенствования экономических механизмов стимулирования в области охраны окружающей среды

Автор в статье рассматривает проблемы совершенствования экономического стимулирования в сфере охраны окружающей среды. Автор рассматривает развитие экологического законодательства РК, а также роль и сущность экономических методов в регулировании эколого-правовых отношений. Рассмотрев предложения ученых в отношении механизма экологического стимулирования, автор вносит предложения о внесении изменений в экологическое законодательство.

Ключевые слова: методы экономического управления, методы экономического стимулирования, налоговые льготы, экологические требования.

1991 жылы кеңес үкіметінің ыдырауымен және егеменді жаңа мемлекетіміздің пайда болуымен Қазақстанның экологиялық заңнамасы дамуының жаңа кезеңі басталды. Бұл кезеңдегі қоршаған ортаны қорғауға байланысты негізгі базистік акт 1991 жылы 18 маусымда қабылданған «ҚазКСР қоршаған ортаны қорғау туралы» заңы болды.

1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда жаңа Конституцияны қабылдаумен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қатынастарды құқықтық реттеудің жаңа кезеңі басталды. Біріншіден, алғаш рет жерге жеке меншік заңды тұрғыдан бекітілді. Екіншіден, Конституцияда еліміздің тәуелсіз дамуы жағдайындағы табиғи ресурстар-

ды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бастаулары бекітілді. Үшіншіден, табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуі саласындағы құқық шығармашылық жұмыстарын күшейтудің конституциялық-құқықтық негізі қалыптасты. Аталған уақыт кезеңіндегі қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі заңнамалық құжат ретінде 1997 ж. 15 шілдедегі «Қоршаған ортаны қорғау туралы» ҚР заңы танылды. Бұл заң 2007 жылы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексын қабылдағанға дейін қолданыста болды. Жаңа кодекстің қабылдануымен экология саласындағы нормалар жүйеленіп, бірқатар нормативтік актілер күшін жойды.

Қазақстан Республикасының табиғат ресурстары отандық экономиканың негізі болып табылады. Табиғат ресурстарына Конституцияда ерекше мәртебе берілген. Расында табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану мемлекетіміздің өндірістік және өндірістік емес саласының ондаған жылдарға тұрақты дамуын қамтамасыз ете алады. Осы тұрғыдан алғанда шаруашылық қызмет субъектілерін экономикалық ынталандыруға бағытталған табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатқа ерекше маңыздылық беріледі.

Қазіргі таңда экология саласындағы басқару әдістер төңірегінде қызу пікірталастар орын алып жүр.

Кенес үкіметінде ұзақ уақыт бойы басқарудың әкімшілік-құқықтық әдістері қолданылып келді. Бұл табиғи ресурстарға тек мемлекеттік меншік жағдайындағы жоспарлы экономикаға тән құбылыс болып табылады. 1980 жылдардың соңында жер және экологиялық қатынастарды реттеудің әкімшілік, биліктік әдістерінен қоғамдық қатынастардың қатысушыларының теңдігіне негізделген экономикалық реттеу әдістеріне көшу жарияланған болатын [3, 43 б.].

Қоғамдық қатынастар қатысушыларының теңдігі экономикалық әдістердің жалғыз ерекшелігі емес.

Мысалы, В.Д. Ермаков пен А.Я. Сухаревтың айтуынша, табиғат пайдаланудың экологиялық механизмдері экономикалық және құқықтық жауапкершілік нормалар жүйесін қамтиды, сонымен бірге:

– шаруашылық субъектілерінің экологиялық талаптарды орындауда экономикалық мүдделілігін және жауапкершілігін арттыруды;

– экологиялық міндеттерді шешуге арналған құралдарды тиімді пайдалану мақсатында қаржыларды қалыптастыру және бөлуді қамтамасыз етеді [4, 299 б.].

Экономикалық басқару әдістердің басты белгісі басқарылатын субъектілердің экономикалық мүдделеріне бағытталатындығында.

Экология саласындағы басқарудың экономикалық әдістеріне экологиялық төлемдер мен салықтарды жүргізу, міндетті экологиялық сақтандыру, қоршаған ортаны қорғау бойынша қызметті ынталандыруды жатқызуға болады. Экономикалық әдістер шаруашылық қызмет субъектілерінің материалдық шығындарды анықтау жолымен қызметі нәтижесінде қоршаған ортаның ластануын төмендетуге бағытталған. Экономикалық ынталандырудың мәні жер пайдаланушылардың шектеулі қорғауды қоса жерді ұтымды пайдалануға тікелей мүдделілігін туындатуға болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды экономикалық реттеудің тетіктері Экологиялық кодекстің 95-бабында көрініс тапқан, оған сәйкес, мыналар: қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен қаржыландыру; қоршаған ортаға эмиссиялар үшін ақы төлеу; табиғи ресурстардың жеке-леген түрлерін пайдаланғаны үшін ақы төлеу; қоршаған ортаны қорғауды экономикалық ынталандыру; қоршаған ортаға эмиссияларды басқарудың нарықтық тетіктері; парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін азайтудың нарықтық тетіктері; экологиялық сақтандыру; қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды экономикалық реттеу тетіктерінің түрлері болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғауға және оның сапасын жақсартуға бағытталған технологиялық, техникалық, ұйымдық, әлеуметтік және экономикалық шаралар кешені қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға:

1) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған;

2) қоршаған ортаның сапалық сипаттамаларын арттыру арқылы қоршаған орта құрауыштарының жай-күйін жақсартатын;

3) экологиялық жүйелердің жай-күйін тұрақтандыру мен жақсартуға, биологиялық

әртүрлілікті сақтауға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыруға ықпал ететін;

4) қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына залал келтірудің алдын алатын және оларды болғызбайтын;

4-1) жойылуы қиын органикалық лаастауыштарды қоса алғанда, қауіпті химиялық заттарды қауіпсіз басқаруды қамтамасыз етуге бағытталған;

5) қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты ұтымды пайдалануға және қоршаған ортаны басқарудың халықаралық стандарттарын енгізуге бағытталған әдістер мен технологияларды жетілдіретін;

6) өндірістік экологиялық бақылауды дамытатын;

7) қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпараттық жүйелерді қалыптастыратын және экологиялық ақпарат беруге ықпал ететін;

8) экологиялық білімді насихаттауға, тұрақты даму үшін экологиялық білім мен ағарту ісіне ықпал ететін;

9) парниктік газдар шығарындыларының көлемін азайтуға және (немесе) парниктік газдардың сіңірілуін арттыруға бағытталған іс-шаралар жатқызылады [4].

ҚР ЭК-нің 97-бабына сәйкес, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру:

1) бюджет қаражаты;

2) табиғат пайдаланушылардың өз қаражаттары;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасында табиғат пайдаланушыларды табиғат қорғау іс-шараларын жүзеге асыруға және табиғат ресурстарын тиімді пайдалануға ынталандыру экологиялық төлемдер жүйесін қамтитын табиғат пайдаланудың экономикалық тетіктері арқылы жүзеге асырылуы тиістігі қарастырылған [6].

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экономикалық ынталандырудың негізгі мәселелері қолданыстағы экологиялық заңнамада экологиялық нормалар мен талаптарды орындағаны, жаңа экологиялық таза, қалдықсыз немесе аз қалдықты технологияларды өндіріске енгізгені үшін алуға болатын жеңілдіктер туралы ешқандай норма қарастырылмаған. Дегенмен

заң ғалымдары өздерінің ғылыми еңбектерінде бұл мәселеге қатысты өз ұсыныстары мен ойларын білдіріп те жүргені белгілі.

Мысалы, Д.Л. Байдельдинов пен С.Д. Бекішева келесідей экономикалық ынталандыру шараларының тізімін ұсынады:

Экономикалық ынталандыру шараларына мыналарды жатқызуға болады:

- өндіріске экологиялық қауіпсіз технологиялар енгізген жағдайда салықтық және өзге де жеңілдіктер белгілеу;

- экологиялық таза өнімдер үшін үстеме және көтермелеу бағаларын қолдану;

- экологиялық зиянды өнімдерге арнайы салықтар салуды енгізу;

- шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында экологиялық талаптарды сақтаушы кәсіпорындарға жеңілдікпен несие беруді қолдану [7, 165-166 б.].

Ал М.Ж. Абдраимова экономикалық ынталандыру келесідей бағыттар жүзеге асырылуы керек деп болжайды:

- табиғат қорғау шараларын сақтаған жағдайда салықтық жеңілдіктер. Салықтық жеңілдіктер тиісті заңдарда салықтардың жекелеген түрлері бойынша бекітілуі тиіс;

- салықтан босату. Бұл норманы жүзеге асыру үшін нақты салықтар мен алымдарды есептеу тәртібін реттейтін тиісті нормативтік актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Негізгі өзгерістер ҚР Салық кодексіне енгізілуі тиіс;

- шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында экологиялық талаптарды сақтаған субъектілерге жеңілдікпен несие беру;

- инновацияларды енгізу мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға ынталандыру;

- тиімді және аз қалдық шығаратын технологияларды ендіру мен дамытуды ынталандыру.

- өндіріс қалдықтарын жою және қайта өңдеуді ендіру мен дамытуды ынталандыру. Бір жағынан, қолданысқа қайта өндіретін жаңа өндіріс құралдарын ендіру керек, екінші жағынан, қолданыстағы құралдарды дамыту қажет.

Аталған мәселені шешу үшін техниканы жою жүйесіне кіретін кәсіпорындар мен ұйымдар үшін жерді жалдау төлемдерінің жеңілдетілген базалық ставкаларын белгілеуге болады;

- экологиялық таза өнімдер үшін көтермелеу бағалары мен үстемелер қолдану;

– экологиялық зиянды өнімдер үшін арнайы салық салу тәртібін енгізу [8, 66-67 бб.].

Көптеген ғалымдардың айтуынша, экономикалық ынталандыру туралы нормаларды іске асыру механизмі ретінде салықтық және өзге де жеңілдіктерден өзге, жеңілдікпен несие беру, бюджеттік қаржылар бөлу, жаңа ғылыми, атап айтқанда, табиғат қорғау технологияларын және арнайы құрылғыларды елімізге кедендік алымсыз кіргізу, кейбір жұмыстарды қосымша құн салығынан босату жән т.б. қарастыруға болады. Табиғат қорғау нарығында жұмыс жасайтын және қызмет көрсететін кәсіпкерлерді төтенше техногендік және төтенше табиғи жағдайлардың зардаптарын болдырмау және жою барысында заманауи технологияларды пайдалануын түрлі жолдармен ынталандыру да аталған жеңілдіктер тізімінен орын алуы тиіс [9, 9-10 бб.].

Одан кейін мамандар экологиялық қызмет нарығын дамытудың маңызды ынталандыру шарасы ретінде қоршаған ортаны қорғау мақсатында іске асырылатын кәсіпкерлік қызметті реттеу тетіктерін анықтайтын арнайы заң қабылдау мүмкіндігін айтып жүр.

Э.Р.Черняховскийдің пайымдауынша, кәсіпкерлікке негізделген экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі нақты нәтиже бере бастауы үшін, бүгін атқарушы билік органдары тарапынан ұзақ мерзімді жоспарлау мен үйлестіру қажет. Бүгінгі таңда табиғат қорғау белгілі бір себептерге байланысты нарықтық өнім болып табылмай отырғандығы себепті тек нарықтық тетіктер арқылы тиімді реттелмейді, сол үшін мемлекет тарапынан үйлестіру маңызды болып табылады. Бұдан басқа табиғат қорғау қызметі қоғамның өмірлік мүдделерінің пәні болғандықтан бұл мүддені бірінші кезекте мемлекет қамтамасыз етуі тиіс [10, 9-10 бб.].

Біздің ойымызша, ҚР экологиялық кодексінің «Қоршаған ортаны қорғауды экономикалық ынталандыру» деп аталатын 103-бабын алып тастау ерте жасалған әрекет деп санаймыз. Себебі елімізде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін табиғат пайдаланушылардың орны

ерекше екендігі белгілі. Өкінішке орай, табиғат пайдаланушылардың басым көпшілігі тек пайда табу мақсатын көздейтіндігін ескерсек, табиғат пайдаланушылардың қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға ұмтылдыру қазіргі нарық заманында тек сөз жүзінде мүмкін емес екендігі де бізге белгілі. Сол себепті ҚР Экологиялық кодексінде бұрын болған 103-бапты қайта енгізіп қана қоймай, сонымен қатар ол бапта қоршаған ортаны қорғауды экономикалық ынталандырудың нақты шараларын да бекіту дұрыс болады деп санаймыз. Сөйтіп, ол бапты төмендегідей ұсынамыз:

Экономикалық ынталандыру келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылуы тиіс:

- табиғат қорғау шараларын сақтаған жағдайда салықтық жеңілдіктер. Салықтық жеңілдіктер тиісті заңдарда салықтардың жеке-леген түрлері бойынша бекітілуі тиіс;
- салықтан босату. Бұл норманы жүзеге асыру үшін нақты салықтар мен алымдарды есептеу тәртібін реттейтін тиісті нормативтік актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Негізгі өзгерістер ҚР Салық кодексіне енгізілуі тиіс;
- шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында экологиялық талаптарды сақтаған субъектілерге жеңілдікпен несие беру;
- инновацияларды енгізу мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға ынталандыру;
- тиімді және аз қалдық шығаратын технологияларды ендіру мен дамытуды ынталандыру.
- өндіріс қалдықтарын жою мен қайта өңдеуді ендіру мен дамытуды ынталандыру.
- экологиялық таза өнімдер үшін көтермелеу бағалары мен үстемелер қолдану;
- экологиялық зиянды өнімдер үшін арнайы салық салу тәртібін енгізу.

Қазақстан Республикасы экологиялық кодексіне тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін сәйкесінше экономикалық ынталандыру шараларына байланысты ұлттық заңнама жүйесіне де тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Әдебиеттер

1. Культелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан. – Алматы: Дәуір, 2003. – 328 с.
2. Байдельдинов Д.Л. Экологическое законодательство Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 1995. – 188 с.
3. Абдраимов Б.Ж., Боголюбов С.А. Земельное право России и Казахстана. – М.: Юристъ, 2007. – 454 с.
4. Экологическое право России / Под ред. В.Д. Ермакова и А. Я. Сухарева. – М.: ИМПЭ, 1997. – 480 с.

5. Земельное право / Под ред. С.А. Боголюбова. – М.: НОРМА-ИНФРА-М., 2000. – 400 с.
6. Концепция экологической безопасности Республики Казахстан на 2004-2015 годы: одобрена Указом Президента Республики Казахстан от 3 декабря 2003 года № 1241 // Справочно-правовая система Юрист, 2007.
7. Байдельдинов Д.Л., Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. – Алматы: Интерлигал, 2004. – 312 с.
8. Абдраимова М.Ж. Проблемы правового обеспечения экологической безопасности Республики Казахстан. Диссертация на соискание ученой степени кандидата юридических наук. – Алматы, 2008.
9. Черняховский Э.Р. Проблемы формирования экономического механизма предпринимательства на рынке природоохранных работ и услуг // Экономика природопользования: Обзорная информация. – М.: ВИНТИ, 2004. – № 5. – С.77-82.
10. Косдавлетов К.К. Правовые основы экологической безопасности Республики Казахстан: Автореф. канд. юрид. наук: 12.00.06. – Алматы, 2000. – 29 с.

References

1. Kultelev S.T. Environmental Law of the Republic of Kazakhstan . – Almaty: Daur, 2003 . – 328 p.
2. Baideldinov D.L. Environmental legislation of the Republic of Kazakhstan . – Almaty: Zheti Zhargy, 1995 . – 188 p.
3. Abdraimov B.J., Bogolyubov S.A. Land law in Russia and Kazakhstan . – М.: Yurist, 2007 . – 454 p.
4. Environmental Law Russia / Ed. VD Ermakova and A.Y. Sukharev . – М.: IMPE, 1997 . – 480 p.
5. Land Law / Ed. S.A. Bogolyubov. – М.: NORMA- INFRA-M., 2000. – 400 p.
6. Ecological Security Concept of the Republic of Kazakhstan for 2004-2015: approved by Decree of the President of Kazakhstan dated December 3, 2003 № 1241 // Legal Reference System Lawyer, 2007.
7. Baideldinov D.L., Bekisheva S.D. Environmental Law of the Republic of Kazakhstan . – Almaty: Interlegal, 2004 . – 312 p.
8. Abdraimova M.J. Problems of legal environmental security of the Republic of Kazakhstan. Thesis for the scientific degree of Candidate of Sciences. – Almaty, 2008.
9. Chernyakhovskii E.R. Problems of formation mechanism of economic enterprise in the market works and environmental services // Environmental Economics: An overview . – Moscow: VINITI, 2004. – № 5. – 77-82 p.
- 10 . Kosdavletov K.K. Legal basis of ecological security of Kazakhstan : Author. Candidate . jurid. Sciences: 12.00.06 . – Almaty, 2000. – 29 p.

УДК 34:[37:502.12]

А. Избасарова

Докторант PhD 3 курса кафедры финансового, таможенного и экологического права,
юридического факультета КазНУ им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
E-mail: aiokin@list.ru

Правовые основы контроля в области охраны окружающей среды при радиационном загрязнении

В статье автором рассматриваются основные положения экологического контроля. Рассмотрены правовые основы контроля в области охраны окружающей среды при радиационном загрязнении. Необходимость государственного регулирования в области охраны окружающей среды и природопользовании связана с обострением проблемы экологической безопасности.

Ключевые слова: экологический контроль, государственный экологический контроль, общественный экологический контроль.

A. Izbassarova

Legal basis of control in the field of environmental protection during radiation contamination

In this article the author examines the main provisions of environmental control. Examines the legal framework for the control in the field of environmental protection during radiation contamination. Need for state regulation in the field of environmental protection and natural resources associated with the growing problem of environmental safety.

Key words: environmental monitoring, state environmental control, public environmental control.

А. Избасарова

Қоршаған орта саласындағы радиациялық ластануды бақылаудың құқықтық негіздері

Мақалада экологиялық бақылаудың негізгі ережелері қарастырылған. Қоршаған ортадағы радиациялық ластануды бақылаудың құқықтық негіздері қарастырылған. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік реттеудің қажеттілігі экологиялық қауіпсіздік мәселесінің шиеленісуіне байланысты.

Түйін сөздер: экологиялық бақылау, мемлекеттік экологиялық бақылау, қоғамдық экологиялық бақылау.

Экологический контроль – это одно из масштабно применяемых организационно-правовых средств управления охраной окружающей среды. Экологический контроль осуществляется абсолютно на всех этапах деятельности по использованию природных ресурсов и оказанию воздействий на окружающую среду, можно сказать, тотально. В нем заняты многие органы и лица, различающиеся по своему статусу, ведомственной принадлежности, используемым методам, масштабам полномочий. Так, одни субъекты осуществляют лишь экологический контроль в узком смысле как проверку соблюдения и исполнения законодательства по охране окружающей среды, другие наделены правом осуществ-

лять и надзор в сфере государственного экологического управления [1].

Экологический контроль представляет собой важнейшую правовую меру обеспечения рационального природопользования и охраны окружающей среды от вредных воздействий, функцию государственного управления и правовой институт экологического права. Именно посредством экологического контроля, в основном, обеспечивается принуждение соответствующих субъектов экологического права к исполнению экологических требований. Меры юридической ответственности за экологические правонарушения применяются либо в процессе экологического контроля, либо с привлечением иных государственных органов [2].

Государственный экологический контроль – деятельность уполномоченного органа в пределах его компетенции, направленная на обеспечение соблюдения физическими и юридическими лицами требований законов Республики Казахстан, указов Президента Республики Казахстан и постановлений Правительства Республики Казахстан в области охраны окружающей среды [3].

Применительно к экологическому контролю можно выделить следующие три элемента:

- 1) проверку фактических результатов экологической деятельности природопользователя с точки зрения не только законности, но и целесообразности проверяемых действий, решений;
- 2) проверку путей и средств выполнения природопользователем своих функций с точки зрения соответствия требованиям экологического законодательства;
- 3) принятие мер для устранения экологических нарушений, привлечения к ответственности виновных.

Экологический контроль выполняет ряд функций:

1) информационная функция экологического контроля состоит в том, что контролирующие субъекты получают информацию о деятельности подконтрольных субъектов в области охраны окружающей природной среды и рационального природопользования, а подконтрольные субъекты узнают о последствиях контрольных проверок;

2) предупредительная функция экологического контроля заключается в том, что подконтрольные субъекты, зная о предстоящих контрольных проверках и возможности привлечения их к ответственности за неисполнение экологических требований, будут соблюдать нормы экологического законодательства и не допустят совершенствования со своей стороны экологических правонарушений;

3) карательная функция экологического контроля проявляется в применении мер ответственности экологического законодательства в процессе своей хозяйственной и иной деятельности [4].

Существуют три вида экологического контроля:

- 1) государственный экологический контроль;
- 2) производственный экологический контроль;

3) общественный экологический контроль.

Согласно ст. 111 Экологического кодекса целью государственного контроля в области охраны окружающей среды, охраны, воспроизводства и использования природных ресурсов являются обеспечение экологической безопасности, экономия природных и энергетических ресурсов, устойчивое использование биологических ресурсов, повышение конкурентоспособности национальной продукции.

Виды государственного контроля:

- 1) экологический контроль;
- 2) контроль за использованием и охраной земель;
- 3) контроль в области использования и охраны водного фонда;
- 4) контроль в области изучения и использования недр;
- 5) контроль в области лесного законодательства Республики Казахстан;
- 6) контроль в области охраны, воспроизводства и использования животного мира;
- 7) контроль в области особо охраняемых природных территорий.

Государственный экологический контроль служит для выполнения следующих задач:

- 1) формирование ответственного отношения природопользователей к окружающей среде;
- 2) предупреждение нарушений в области экологического законодательства Республики Казахстан.

Физические и юридические лица, осуществляющие специальное природопользование, обязаны осуществлять производственный экологический контроль.

Целями производственного экологического контроля являются:

- 1) получение информации для принятия решений в отношении экологической политики природопользователя, целевых показателей качества окружающей среды и инструментов регулирования производственных процессов, потенциально оказывающих воздействие на окружающую среду;
- 2) обеспечение соблюдения требований экологического законодательства Республики Казахстан;
- 3) сведение к минимуму воздействия производственных процессов природопользователя на окружающую среду и здоровье человека;

4) повышение эффективности использования природных и энергетических ресурсов;

5) оперативное упреждающее реагирование на нештатные ситуации;

6) формирование более высокого уровня экологической информированности и ответственности руководителей и работников природопользователей;

7) информирование общественности об экологической деятельности предприятий и рисках для здоровья населения;

8) повышение уровня соответствия экологическим требованиям;

9) повышение производственной и экологической эффективности системы управления охраной окружающей среды;

10) учет экологических рисков при инвестировании и кредитовании.

Общественный экологический контроль проводится в целях привлечения общественности к экологическим проблемам государства.

Порядок проведения общественного экологического контроля определяется общественными объединениями в соответствии с их уставами.

Физические и юридические лица должны иметь доступ к информации о работе государственных органов, осуществляющих государственный контроль в области охраны окружающей среды, охраны, воспроизводства и использования природных ресурсов и ее результатах.

Государственные органы, осуществляющие государственный контроль в области охраны окружающей среды, охраны, воспроизводства и использования природных ресурсов, обеспечивают публикацию результатов отдельных проверок и годовой отчетности.

Уполномоченный орган в области охраны окружающей среды для осуществления сотрудничества и взаимодействия составляет перечень общественных объединений, в уставе которых предусмотрены функции общественного экологического контроля.

Государственные органы могут привлекать физических и юридических лиц на добровольной основе к работе по выявлению нарушений экологического законодательства Республики Казахстан [4].

Литература

1. Дубовик О.Л., Кремер Л., Люббе-Вольфф Г. Экологическое право: учебник/отв. редактор Дубовик О.Л. – М.: Издательство Эксмо, 2005. – 768 с. – С. 442-443.
2. Правовые основы экологического контроля// www.yourlib.net
3. Республика Казахстан. Экологический кодекс от 9 января 2007 года. № 212-III// ИС Параграф.
4. Бекисева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан: учебное пособие. – Караганда: Арко, 2009. – 472 с. – С. 129-130.

References

1. Dubovik, O., L. Kremer, Lubbe-Wolff G. Environmental Law. Tutorial / Under total Dubovik O.L.-M. Editor: Publisher Penguin Books, 2005.-768 p. P. 442-443
2. Legal basis for environmental control// www.yourlib.net
3. The Republic of Kazakhstan. Environmental Code of January 9, 2007, #212-III// IS Paragraph.
4. Bekisheva S.D. Environmental Law of the Republic of Kazakhstan: a tutorial. – Karaganda: Arco, 2009. – 472 p. – P.129-130.

UDC 347.2/.3:[502:330.15]

¹Y.R. Khamidullina*, ²X. Hu¹Master's student, 2nd course, Law Faculty, al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan²Master's student, 2nd course, Law Faculty, al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan

*E-mail: onlinebeauty@mail.ru

Analysis of the environmental legislation of the Republic of Kazakhstan

This article reveals the analysis of the legislation of the Republic of Kazakhstan relating to ecological responsibility of nature users. Such terms as “the system of assessment of the impact on the environment”, “environmental damage”, “direct” and “indirect” methods of economic assessment of damage are analyzed in the article. On the basis of foreign experience research the author offers the ways of improvement of national ecological legislation.

Key words: ecological legislation, ecological responsibility, nature users, society ecologization, deglaciation, economic assessment of environmental damage, “green economy”, national fund for the protection and recovering of the environment.

Е.Р. Хамидуллина, С. Ху

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын саралау

Мақала Қазақстан Республикасының табиғат пайдаланушылардың экологиялық жауапкершілігі мәселесі бойынша заңнаманы талдауға арналған. Мақалада «қоршаған ортаға ықпал жасау бағалау жүйесі», «қоршаған ортаға зиян», залалды экономикалық бағалаудың «тура» және «жанана» әдістері сияқты ұғымдар талданады. Мақала авторы шетел тәжірибесін зерттеп ұлттық экологиялық заңнаманың жетілдіру жолдарын ұсынады.

Түйін сөздер: экологиялық заңнама, экологиялық жауапкершілік, табиғат пайдаланушылар, қоғамды экологияландыру, мұздықтың еруі, қоршаған ортаның зиянын экономикалық бағалау, «жасыл» экономика, қоршаған ортаны қорғаудың және қалпына келтірудің ұлттық қоры.

Е.Р. Хамидуллина, С. Ху

Анализ экологического законодательства Республики Казахстан

Статья посвящена анализу законодательства Республики Казахстан по вопросу экологической ответственности природопользователей. В статье анализируются такие понятия, как «система оценки воздействия на окружающую среду», «ущерб окружающей среде», «прямой» и «косвенный» методы экономической оценки ущерба. На основе исследования зарубежного опыта автором предлагаются пути совершенствования национального экологического законодательства.

Ключевые слова: экологическое законодательство, экологическая ответственность, природопользователи, экологизация общества, таяние ледников, экономическая оценка вреда окружающей среде, «зеленая экономика», национальный фонд по защите и восстановлению окружающей среды.

The Environmental Code of the Republic of Kazakhstan (hereinafter referred to as «Environmental Code») aims to achieve the following key objectives: the compilation and systematization of environmental protection issues at the legislative level; raising the status of environmental requirements and standards to

the level of legislative acts of direct action; the adoption of international standards in the practice of environmental protection in our country.

About 20 guiding and recommendatory documents of various international organizations, 18 international conventions, about 30 EU directives and legislation of foreign states, the draft

model Code of the Commonwealth of Independent States, more than 200 legal acts of Kazakhstan legislation have been used in the development of the Environmental Code [1, 2, 3, 4].

Environmental legislation of Kazakhstan is based on the Constitution of the RK and consists of the Environmental Code and 50 other normative legal acts of Kazakhstan [5, 6, 7, 8].

According to the Constitution of the RK «international treaties ratified by the Republic shall have priority over its laws and be directly implemented except the cases, when the application of an international treaty requires the issuance of law» (paragraph 3 of Article 4). The Environmental Code regulates relations in the sphere of protection, restoration and preservation of the environment, the use and reproduction of natural resources in carrying out economic and other activities related to the use of natural resources and the impact on the environment, within the territory of the RK. Participants of environmental relations are individuals and legal entities, state, as well as government bodies which are responsible for state regulation in the sphere of environmental protection and governance of natural resources [9].

We can identify a number of the following problems in the sphere of environmental relationships in the RK:

1) The high level of corruption in government which is typical for Kazakhstan, which leads to the weakening of the control functions of the state, misconduct by government officials;

2) the absence of any legal economic mechanisms encouraging a nature user for conservation activities and the implementation of cleaner manufactures and technologies, etc.;

3) the legislation of Kazakhstan does not provide the establishment and operation of the National Fund for the protection and restoration of the environment, which should be formed at the expense of environmental obligatory payments, fines and amounts collected from a causer of the environmental damage;

4) the establishment and operation of the Regional Environmental Centre in Almaty is not solved at the legislative level. The purpose of creation of the center is the studying the process of deglaciation in the south of Kazakhstan;

5) low ecologization level of society – people do not know about the government programs implemented in the sphere of environmental

protection. In this case, a low level of development of environmental education, scientific maintenance, ecological propaganda and public participation in decision making process are observed;

6) the use of legally and practically wrong techniques and methods of economic assessment of environmental damage. By indirect method of assessing environmental damage nature users have to pay high fees and charges which are directed to the state budget rather than to restoration of the environment.

The economic assessment of the damage caused to the environment is a monetary value of the expenditure required to restore the environment and consumer properties of natural resources. Economic evaluation of damage from air pollution and water resources over the established standards, as well as the disposal of production and consumption wastes, including radioactive waste, excess of established standards determined by direct or indirect methods according to the regulations are approved by the Government of the RK.

The direct method of economic damage assessment is to determine the actual costs required to restore the environment, filling of degraded natural resources and the rehabilitation of living organisms through the most effective engineering, administrative, technical and technological measures. In the sphere of environmental protection officials of the authorized body primarily consider the possibility of the implementation of measures to restore the environment by the person who caused the damage to the environment [10].

The corresponding liability for conducting activities to restore the environment is set out in the guarantee letter to the person who caused damage to the environment, indicating specific measures and deadlines for their implementation. If the economic assessment of the damage is carried out by the direct method, officials of the authorized body in the sphere of environmental protection may involve independent experts. The experts may be environmental auditors, experts from design, engineering and scientific organizations. The obligation to pay for the independent experts is devolved on the person who caused the damage to the environment.

The indirect method of economic assessment of damage is used in cases when direct method of economic assessment of the damage cannot be applied. Economic assessment of damage by an

indirect method is determined depending on types of impact on the environment by summing the damage of each ingredient [11].

Foreign environmental legislation and world environmental policy

One of the best environmental Codes in the global space is the Code of the French Republic. At the same time in a number of rapidly developing environmental legislation environmental issues are regulated by a large number of regulations, among which are the thematic laws (e.g., the «Law on the Protection of the Environment» of Canada or the Law «On environmental protection and pollution of the environment» of Norway). Environmental law of the European Union is based on the principles of a high level of environmental protection, integration, maintenance and improvement of environmental quality, promote international means of regulation; account of local factors; forethought; prevention; recover damages from its sources responsibility for pollution. Available scientific and technical information, the regional differences in environmental conditions, benefits and drawbacks, the level of economic and social development of the European Union and the balanced development of the regions shall be taken into consideration along with the implementation of the above mentioned principles [12].

In Canada, if a legal entity violates environmental regulations or permissions, he / she may be involved in criminal, civil and / or administrative responsibility. A claim for compensation for pollution damage may be brought by a civil action, and should be based on the damage caused by pollution.

Norwegian law has envisaged compensation for the restoration work, or compensation for losses incurred as a result of the adoption of reasonable measures to prevent, control and reduce or eliminate the damage caused by pollution of the environment; compensation for loss, damage and loss due to the fact that the pollution had an obstruction or restricted the rights of a general or commercial use of the environment and its resources; compensation for losses incurred by employees due to contamination, which led to the suspension of work or reduction in the volume of transactions.

Institute of financial guarantees is secured at the European level. The purpose of the Directive 2004/35/ES number of April 21, 2004 «On environmental liability with regard to the

prevention and restoration environmental damage» is the prevention and restoration of environmental damage. Art. 14 of the Directive contains obligations of adoption of mechanisms in case of insolvency of operators with the purpose of enabling operators to use a variety of financial guarantees covering their obligations resulting from this Directive. The first group of such duties includes the activities to prevent harm. The second group includes the duties of recovery actions, including immediate restoration actions and follow-up. If an operator cannot prove that the damage or the threat of it had been caused by a third party and came despite the fact that appropriate safety measures had been taken in due time, all costs for the implementation of these obligations must be carried out by an operator

In France, the principles of prevention of environmental damage and its compensation are included in the Constitution of France [13].

According to the Swedish Environmental Code nature users must make their own arrangements for the prevention and elimination of negative irritants (vibrations, light, sound, odor, etc.) without appropriate guidance from the administrative bodies. In the process of assessing the harm to human health both physical and mental harm are evaluated. In this case experts use the «polluter pays» principle, which consists in the fact that the person whose activity causes or may cause harm to the environment, should finance the measures to prevent such damage or eliminate it, regardless of whether such activity is commercial or not. In general, therefore, currently in environmental legislation of industrialized countries there is a tendency to allocate environmental responsibility from general civil liability aimed at preventing and eliminating the harm caused to the environment. First of all, it concerns the changes in the regime of liability [14, P. 32].

In the legislation of these countries the principle of responsibility based on fault is replaced by the principle of responsibility based on causation, when the possession or use of a particular type of industrial equipment or facility may lead to obligation of compensation for the damage, if there is a cause-and-effect relationship between the object and the case of harm to the environment. The Constitution of the RK (Article 31) states that one of the fundamental tasks of the state is to protect the environment favorable for life and human health.

The Strategic Plan of the RK up to 2020

indicates that the successful diversification of the economy is inextricably linked with the solution of environmental problems and reducing the negative impacts of anthropogenic stress.

In 2007, the Environmental Code was adopted in order to systematize all the legal and regulatory bases, improve the system regulation, government control, and other institutions, as well as the introduction of advanced international standards in the practice of environmental protection [1].

However, some regulations of the current legislation do not perform socially useful purposes, create unreasonably high administrative barriers to business and have a high propensity for corruption potential.

The existing legislation on the recovery of environmental damage is not aimed at restoring the state of natural objects and is used only as an instrument to supplement the state budget with sums of money that are not directed to the solution of environmental problems. In this regard, we offer the measures to improve the environmental legislation of Kazakhstan basing on the analysis of the current legislation and practice, as well as studying the environmental regulation of some of the most developed foreign countries bills.

Environmental Code unclearly and contradictorily sets the priority of reparation the environment in natural form. In this regard, in practice compensation in natural form is implemented just in one case out of ten. In particular, the Environmental Code obliges an official of the authorized body for environmental protection in the first instance to consider the possibility of reparation for damage in the natural form (paragraph 2 of Article 109 of the Environmental Code).

According to the Environmental Code the economic assessment of environmental damage is a «monetary value of the expenditure required to restore the environment and consumer properties of natural resources» (paragraph 1 of Article 108 of the Environmental Code).

However, when determining the amount of damage to the environment by an indirect method the data are used which have no relation to expenses required to restore the environment. The indirect method, *inter alia*, is based on the use of monthly calculation index, the raising factor which is equal to 10, and environmental risk coefficient.

The funds levied by the indirect method are not earmarked for measures to restore the damage

caused to the environment. Thus, the main objective of monetary compensation for the indirect method is to replenish the budget of the state, and not the restoration of the environment.

Climate change is the main challenge and we need to prepare for current and future risks and threats, because the problem will not only affect the environment but also the socio-economic development of the country.

According to the experts-environmentalists of Al-Farabi Kazakh National University the consequences of climate change in Kazakhstan will be displacement of zones of moisture to the north boundary, increasing the desert, degraded land, the loss of biological diversity. Even now rapid deglaciation, mudflow and landslide activity are increasing.

Kazakhstan adopted the voluntary obligations to reduce greenhouse gas emissions by 15 percent and 25 percent by 2020 and 2050 respectively, compared to the baseline, 1992. The development of renewable sources of energy – water, sun, wind and biomass – will not only reduce environmental pressure, but will stimulate new production of wind, hydraulic power systems, solar panels, serving the service companies. In the future, it should increase the production of goods and services with high added value, it will create new work, «green» places.

Enhancing energy efficiency standards and energy efficiency in the production, transportation, housing and utilities sector will favorably influence the quality and cost of goods and services. Development and implementation of low-carbon technologies will open a huge potential for Kazakhstan business and attract investments into the country.

Many developed countries have worked out national strategies for low-carbon development, and Kazakhstan should be involved in the process of establishing new international standards and norms of resource conservation [15].

The relevance of low-carbon development is emphasized in the world at the highest political level: Meeting of “The G-20», «Big Eight», the Conference of Parties of the Framework Convention on Climate Change and other international meetings.

At the last World Summit of the UN «Rio +20» Kazakhstan has initiated the Partnership Program «Green Bridge» and global energy strategy that was incorporated into the final program of the summit. According to the instructions of the Head of the

State the strategy for the country's transition to a green economy should be established by 2050. The initiative of Astana can be called an analogue of the concept of low-carbon development, but at the interregional level. Therefore, the goals, objectives and activities of the initiative completely coincide with the priorities of low-carbon economy of Kazakhstan.

In the framework of the Initiative of Astana it is planned to create an international center and the regional transmission network of green technologies. This is a unique opportunity for developing countries, including Kazakhstan, to obtain resource-saving technologies, best practices and scientific knowledge for low-carbon development. In addition, our country can get advisory assistance of leading experts in the development and implementation of long-term programs of «green» businesses in different sectors of the economy, national policies on climate change and its consequences. Site-event « the Initiative of Astana: Kazakhstan and low-carbon development» organized by the Ministry of Environmental Protection and the United Nations Development Program is dedicated to the theme of low-carbon economy. It is a well-known fact that Astana will host EXPO-2017, the theme of this exhibition is «Energy of the Future.» The implementation of the Expo ideas should help both Kazakhstan and the international community to solve the problems related to energy. At this stage of the development of our country the projects of many foreign companies that are implemented in Kazakhstan reduce energy consumption and exhaust emissions, ensure high efficiency of water use. Foreign companies and investors have proposals on the construction of modern power grids and railway electrification.

The idea of a «green economy» is the greening of economy and now it is important to practically implement these principles. The term «green economy» is a relatively new trend in economic science that emerged in the last two decades. The main thesis of direction is the postulate that the economy is a part of the environment and nature. Being a dependent component of the natural environment, the «green economy» is its integral part [16].

The basis of the «green economy» makes clean or «green» technology («cleantech» or «greentech»), such new technologies or business models offer competitive income to investors

and customers and at the same time they provide solutions of global problems. It is generally accepted that friendly (clean) technologies work with the causes of environmental problems using innovative new approaches, radically changing the products, technology and consumer behavior.

The competitiveness of manufactured production within the «green economy» and the growing demand for environmentally friendly products has attracted a significant amount of investments.

It was allocated \$ 750 billion (1 percent of world GDP) on the implementation of this program in Kazakhstan. Meanwhile, according to the Worldwatch Institute, the global market for «green» products and services is \$ 546 billion. According to forecasts of Cleantech, the market size of friendly technologies will be about \$ 2 trillion by 2020. The laws on wind energy, energy conservation, recycling of industrial and municipal solid waste were adopted for the «greening» of the economy in Kazakhstan. In order to integrate the principles of «green economy» the special Interdepartmental Council was established two years ago.

Kazakhstan seeks to the improvement of environmental protection and the transition to new technologies. Thus, the initiative proposed by Kazakhstan entered the final declaration at the UN Conference on Sustainable Development Rio +20 in Brazil, June 2012. This initiative supported by the international community is called Partnership Program «Green Bridge». We have good opportunities for the implementation of these ideas: vast territory, favorable geopolitical position, financial and natural resources. Kazakhstan has the means to implement «green economy» and we must distribute them in a proper way.

We have the money that goes to the State budget through environmental charges and fines, and these funds should be used to improve the environmental situation in the regions, reducing greenhouse gas emissions, air purification, recycling of solid waste, and so on.

The mechanism of financing of environmental and nature restoration activities would be effective, if payments imposed on nature users, related to the violation of environmental regulations, would be used purposefully.

For this purpose we recommend to establish the Republican Fund for the protection and restoration of the environment which would include the

following fees: environmental contributions paid for excessive emissions; administrative fines for environmental offenses; other payments related to compensation for damage to the environment.

The finances of the Republican Fund for the protection and restoration of the environment are suggested to direct on the financing of the priority national and regional environmental projects, aimed at the protection, restoration and improvement of the environment, and ensuring environmental safety. Planning and funding for the environmental protection from the fund should be conducted in the order established by the laws of the RK [17].

If the restoration of the environment is considered technically impossible due to the direct instructions of the Environmental Code (harm to atmospheric air or other natural objects) or on the basis of conclusion of independent experts, nature users make environmental contributions to the Republican Fund for the protection and restoration of the environment.

Separate environmental problems are associated with the depletion of the natural potential of the country. Land fertility, water and biological resources continue to decline; forests, mountains and other ecosystems continue to degrade.

According to the Minister of Environmental Protection of Kazakhstan Nurlan Kapparov global warming in Kazakhstan is faster than the global average. By the late 20th century, the area of glaciers in the Tien Shan has decreased by 25% – 35%. This situation can be result of the fact that most of the glaciers will be about to melt by 2050. This situation poses a grave threat to water supply in agriculture, industry and population of our country. Even nowadays, the water deficit in Kazakhstan is more than 20%. In the future, with the growth of consumption and climate change, the deficit will increase.

Many politicians, including the Minister of Environment of the RK Mr. Kapparov and Akim of Astana I. Tasmagambetov advance the idea on the establishment of the world's first regional environmental center under the auspices of UNESCO in Almaty which will be focused on studying the deglaciation around the world. This issue is very important, because we are the part of the global world, and we can not ignore the fact that fresh water will be the most valuable resource in the near future [18].

The deglaciation could lead to environmental

disaster, as melting of snow and ice can cause flooding of coastal areas and islands, flooding and landslides, especially in mountainous areas, and all of this, in turn, can accelerate the rate of climate change.

Ecologization of society

Ecologization of society is the process of forming a system of views of society aimed at achieving harmony with nature. Its implementation must be carried out through the development of environmental education and training, scientific maintenance, ecological propaganda and public participation [19, P. 31-35].

The following steps are necessary for the development of environmental education in Kazakhstan: the creation of a system of continuous environmental education through the application of environmental and sustainable development issues in the curriculum at all levels of education; training, retraining and advanced training in the sphere of ecology for all levels of compulsory and supplementary education; state support for environmental education.

The distribution of environmental information to the public is very important in the process of solving issues of ecological safety maintenance. In this work the central, regional and district media should be involved.

At the same time it is necessary to take measures to improve the quality, efficiency and relevance of the material submitted. Public authorities must highlight current environmental problems in the mass media [20, P. 36-39].

Considering the effectiveness of participation of all concerned citizens in solving environmental problems, public authorities should ensure appropriate access to environmental information, make decision in the sphere of environmental protection. A special role should be given to the promotion of healthy lifestyle in harmony with nature, the development of ecological tourism.

In accordance with the obligations under the international conventions the potential of environmental non-government organizations should be directed to solve environmental problems through the enhancement of social control of public environmental assessments, participation in forming public opinion on the issues of improving the quality of the environment [21, P. 27].

Legal implications of the changes adoption are: legal support to the priority of restoration of the

environment deteriorated as a result of unlawful pollution, in order to create favorable environmental conditions for individuals; creation of a clear system of legal regulation of nature users' liability for environmental violations, taking the peculiarities of harm caused to the environment into account.

Socio-economic implications of the Draft Law adoption are: improvement of environmental situation in the territory of the RK; legal protection for individuals in the case when their health or property is harmed by a lawful environmental pollution.

References

1. The Constitution of the RK, dated August 30, 1995 (as amended and supplemented as of 02.02.11).
2. The Code of the RK № 212-III "Environmental Code of the Republic of Kazakhstan", dated January 9, 2007 (with amendments as of 24.12.2012).
3. The Law of the RK № 175-III "On specially protected natural territories", dated July 7, 2006.
4. The Law of the RK № 219-I "On radiation safety of the population", dated April 23, 1998, as amended.
5. The Law of the RK "On Subsoil and Subsoil Use" № 291-IV, dated June 24, 2010 (with amendments as of 26.12.2012).
6. The Water Code of the RK № 481-II, dated July 9, 2003 (as amended as of 24.12.2012).
7. The Forest Code of the RK № 477-II, dated July 8, 2003 (as amended as of 10.07.2012).
8. The Land Code of the RK № 442-II, dated June 20, 2003 (with alterations and amendments as of 08.01.2013).
9. The Decree of the President of the RK № 1241 "On the Concept of Environmental Security of the RK for 2004-2015", dated December 3, 2003.
10. The Code of the RK № 99-IV "On taxes and other obligatory payments to the budget", dated December 10, 2008 (Tax Code) (as amended as of 06.03.2013).
11. The Code of the RK № 155-II "On Administrative Offences", dated January 30, 2001 (as amended as of 06.03.2013).
12. The Declaration "On Environment and Development", dated June 14, 1992, Rio de Janeiro.
13. Kalinichenko V.T. Environmental Code of France. // Environmental Law. 2010. – № 6. – P. 44-46.
14. The World Summit "On Sustainable Development "Rio +10", dated from August 26 to September 4, 2002, Johannesburg, South Africa.
15. Brinchuk M.M. Environmental Law. The textbook, 4th edition. – Moscow, 2010, P. 32-39.
16. <http://www.zakon.kz/4530308-jeksperty-vko-proanalizirovali-prichiny.html> (the experts analyzed the causes of VKO ecological illiteracy).
17. <http://www.zakon.kz/4447337-kazakhstan-nastaivaet-nasozdani.html> (Kazakhstan insists on the establishment of a Regional Environmental Centre in Almaty).
18. <http://www.zakon.kz/4551435-kazakhstan-dolzhen-stat-regionalnym.html> (Kazakhstan has become a regional center of technology exchange between Europe and Asia).
19. Hohlyavin. S.A. French Environmental Code and rules of financial nature ensuring its implementation with waste management. // Environmental Law. – 2005. – № 3. – P. 31-35.
20. Brinchuk M.M., Rednikova T.V. The Swedish Environmental Code. // Environmental Law. – 2010. – № 6. – P. 36-39.
21. Dubovik O.L., Ivanova A.L., Kalinichenko V.T., Rednikova T.V., Reriht A.A. General issues of European environmental law: the principles and regularities of its development and formation. // Environmental Law. – 2007. – № 5. – P. 27.

ӘОЖ 349.6

А.К. Садыбеков

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, заң факультеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: zarya_kz@mail.ru

Мемлекеттік экологиялық бақылау қағидалары және олардың жіктемесі

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылаудың қағидаларын жалпы және арнайы, ал арнайы қағидалардың өзін ішінара бақылау жүйесін ұйымдастыру қағидалары және бақылау органдардың қызметінің қағидаларына жіктеуге болады. Мақалада автор мемлекеттік экологиялық бақылаудың қағидаларын анықтап, олардың түсінігі мен мазмұнын аша отырып, олардың жіктемесін береді.

Түйін сөздер: қағида, экологиялық бақылау, экологиялық қағидалар.

A.K. Sadybekov

Principles of state environmental control and their classification

Principles of environmental control in the sphere of environmental protection can be classified into general and special, and special on principles of environmental control and principles of public authorities. The author defines the principles of environmental control, open concept and content, gives their classification.

Keywords: principles, environmental control, environmental principles.

А.К. Садыбеков

Принципы государственного экологического контроля и их классификация

Принципы экологического контроля в сфере охраны окружающей среды можно классифицировать на общие и специальные, а специальные – на принципы организации экологического контроля и принципы деятельности государственных органов. В статье автор определяет принципы экологического контроля, раскрывает понятие и содержание, дает их классификацию.

Ключевые слова: принципы, экологический контроль, экологические принципы.

Кез келген қызмет, мемлекет қызметі оның арнайы өкілетті органдары, өзге де субъектілері түрінде белгілі бір идеялар мен қағидалар негізінде құрылады. Бұл қағидалар қоғамдық қатынастардың белгілі түрлерін реттеуде құрылған белгілі бір құқықтық кеңістік шеңберіндегі субъектілердің мінез-құлқы әдістері және түрлерімен анықталатын басқарушы бастама болып табылады. Заңгер ғалымдар қоғамдық өмірдегі құқықтық қағидалардың мәні мен олардың рөлінің қаншалықты маңызды екенін мойындап отыр. Мысалы, О.И. Цабулевскаяның ойынша: «Құқықтық қағида – оның мәнін анықтайтын және білдіретін құқықтың шешуші идеясы мен негізін салушы бастамасы болып табылады». «Қағида» латын тілінен аударғанда кез келген

құбылыстың құқықтық негізін білдіреді» [1].

Құқықтың ұстанымдарына экологиялық қатынастың барлық қатысушылары, яғни заң шығарушы, атқарушы, сот билігі органдары, мекемелер, қоғамдық қатынастар, азаматтар бастамашылық етуі тиіс. Қағидаларды ұстану мемлекеттің әлеуметтік және құқықтық сипатының, қоршаған ортаны қорғаудың және табиғатты ұтымды пайдалану жөніндегі барлық қызметтің тиімділігінің және азаматтардың заңды қызығушылығымен экологиялық құқығын қорғаудың өлшемі болып қызмет етуі мүмкін.

Құқық қағидалары бұл – мәнін білдіретін, оған негіз болатын идеялар мен бастаулар. Ол идеялар әділділік пен бостандықтың сара жолын қорытындылау арқылы шығарылады.

Құқық қағидалары әділдік, туралық

көрсеткіші болғандықтан тұрақтылығымен ерекшеленеді, құқықтық нормалардан айырмашылығы, олардың ұзақ уақыт бойы өзгермейтіндігі.

Жалпы, экологиялық қағидалар табиғи ресурстар заңнамасының салалық жүйесіндегі қағида жүйесінің қалыптасуы үшін қажетті база ретінде қызмет етеді. Көбінесе салалық қағидалар жалпы бастамашыларға сүйенеді. Н.Б. Мұхитдиновтің айтуынша, құқықтық қағидалар қоғамдағы объективті шындылықты көрсеткен жағдайда ғана, объективті болып табылады. Сонымен қатар Н.Б. Мұхитдинов тұжырымдама және қалыптасу тұрғысынан қарағанда құқықтық қағида, субъективті ұғымы деп санайды [3]. Осы мәселеге қатысты мемлекет және құқық теориясы саласындағы ірі тұлғалардың бірі С.С. Алексеев «құқықтық нормада бекітілмеген бастамалар құқықтық қағидаларға жатпайды. Олар тек қана құқықтық сананың идеясы (бастамасы) ғылыми тұжырымы болып саналады, бірақ бұл құқықтық қағида емес» деп санайды [4]. Н.Б. Мухитдинов пен С.С. Алексеевтің құқық қағидасы түсінігіне қатысты пікірлерінің ұқсастығын байқауға болады. Олардың пікірінше, сала қағидалары шынайы болмысты ғылыми талдау нәтижесінде шығарылып қалыптасуы мүмкін және олардың заңнамаларда бекітілуі міндетті емес. А.Е. Еренов мынадай пікір айтады: «жалпыға бірдей болғанымен, құқықтық қағидалар, тек мемлекеттің арнайы нормативтік құқықтық актісінде бекітіліп, пайда болады. Яғни құқықтық қағида, тек жалпыға міндетті заңды күші болған жағдайда ғана, құқықтық қағида болады» [5].

Басқа авторлар қағида деп бір немесе бірнеше құқықтық нормаларда қалыптасқан құқықтық реттеулердің (құқық институттарының немесе басқа құқықтық массивтердің құқықтық салалары) негізгі идеялары, негізгі ережелері, негізгі бастамаларын түсінеді.

И.А. Игнатьеваның ойынша, салалар мен институттарды қалыптастыру процесінде маңызды мәнге әртүрлі заңдық нормалар негізінде жатқан қағидалардың ортақтығына құқылы. Олар құқықтық материяның өзіне қатысты жүйе қалыптастырушы факторларға жатады және шоғырланған түрдегі әлеуметтік табиғатты, негізгі мақсаттары мен құқық тапсырмаларының мәнін ашады. Құқық қағидалары жеке тұлғаның және мемлекеттің жаңаша өзара қатынастарын

көрсетеді және басқару орталығы ретінде көрініп құқық жүйесінің құрылымын анықтайды. Құқықтың кез-келген нормасы, институт, сала бәрі де құқық принциптеріне сай болуы тиіс. Бұл – құқықтық нормалардың әрекеттерінің қажетті тиімділік шарттарының бірі [6].

Экологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты, табиғи жүйелердің, қоғамдың өмірдің маңызды мүдделері мен жеке тұлға құқығының қоршаған ортаның антропогендік және табиғи әсерлердің нәтижесінде туындайтын қатерден қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Әлемдік тәжірибе, экологиялық проблемаларды табысты шешу мен экологиялық апаттарды алдын алу негізі кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жүйесін экологияландыру болып табылатынын көрсетті. 2003 жылдың 3 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы» қабылданды. Жоғарыда аталған мақсаттарға қол жеткізудің жолдары осы тұжырымдамада көрсетілген:

– Қазақстан Республикасының заңдарын, табиғат пайдаланудың, мемлекеттік экологиялық бақылаудың және экологиялық мониторингтің экономикалық тетіктерін жетілдіру және жүйеге келтіру;

– табиғат пайдаланудың және экологиялық сараптаманың рұқсат ету жүйесін оңтайландыру;

– қоршаған ортаны қорғау, экологиялық статистика, экологиялық білім беру, экологиялық үгіт-насихат және жұртшылық қатысу саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысын дамыту;

– халықаралық ынтымақтастықтарды кеңейту [7].

Көрсетілген мақсаттарға жету экологиялық заңнамалық қағидаларын зерттеуге септігін тигізеді. Экологиялық заңнаманың жаңа жүйелері мен құқықтық институттарының қалыптасуы қағидаларды зерттеп, талқылау қажеттігін көрсетіп отыр.

ҚР Экологиялық кодексінің 5-бабында экологиялық заңнамалардың негізгі қағидалары көрсетілген. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы бірнеше заң және заңдық актілерден тұрады. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану және оларды қорғау туралы бірнеше экологиялық

қағидалар бар. Сондықтан да экологиялық құқық саласының нормалары әртүрлі заңдарда кездесетіндіктен, құқықтық экологиялық қағидалар да әртүрлі болып келеді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылаудың арнайы құқықтық қағидаларын қарастыра бұрын экологиялық заңнамаларда көрсетілген жалпы қағидаларды талдау қажет.

Экологиялық заңнамалардың жалпы қағидаларына талдау жасауды еліміздің негізгі экологиялық заңы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінен бастаймыз.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде бекітілген мына қағидалар бойынша қоршаған ортаны қорғау жүзеге асырылады:

1. Қазақстан Республикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

2. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

3. Экологиялық қарым-қатынастарды экожүйелілік көзқарас негізінде реттеу.

4. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеудің міндеттілігі.

5. Қоршаған ортаны ластаудың және оған кез келген басқа түрде залал келтірудің алдын алу жөнінде ымырасыз іс-шаралардың міндетті түрде болуы.

6. Экологиялық құқықбұзушылық үшін жауаптылықтың болмай қалмауы.

7. Қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу міндеттілігі.

8. Қоршаған ортаға әсер етудің ақылы болуы мен рұқсат алу тәртібі.

9. Табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде неғұрлым экологиялық таза және ресурс үнемдеуші технологияларды қолдану.

10. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің ықпалдастығы, үйлесімділігі мен ашықтығы.

11. Табиғат пайдаланушыларды қоршаған ортаны ластаудың алдын алуға және оны азайтуға, қалдықтарды қысқарту мен тарихи ластануды жоюға ынталандыру.

12. Табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде ұлттық мүдделерін қамтамасыз ету.

13. Экологиялық заңнаманың халықаралық құқық принциптерімен және нормаларымен үйлесуі.

14. Халықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізуін және оның экологиялық проблемаларды шешуге қатысуын қамтамасыз ету.

15. Жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіптілігі презумпциясы және оны жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдаған кезде қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін бағалау міндеттілігі.

16. Халықтың барлық табиғи ресурстарға әділ және тең қолжетімділігі принциптеріне негізделеді.

Осы аталған қағидалардың барлығы дерлік табиғи шаруашылық кешен заңнамаларында қолдануға болады. Осы аталған қағидалардан басқа, «табиғатты пайдалануды міндетті сақтандыру қағидасын» экологиялық заңнамаға, соның ішінде Каспий аймағының құқықтық жағдайын реттейтін заңнамада қолдануға болады.

Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жж. арналған экологиялық тұжырымдамасында» табиғи шаруашылық кешендердің қызметтеріне қатысты экологиялық қағидалар бекітілген.

Мемлекеттің экологиялық қауіпсіз дамуы мынадай қағидаларға негізделеді:

1. Табиғи ресурстарды пайдаланудың экологиялық мүмкін шектерін айқындайтын және қоршаған ортаны сапалы теңгермелі басқаруды қамтамасыз ететін шектеулердің, нормативтердің және шаруашылық әрі өзге де қызмет жүргізу ережелерінің ғылыми негізделген кешенін енгізу жолымен мемлекеттің тұрақты дамуы үшін барлық қоғамдық қатынастарды реттеуге экожүйелік тәсіл.

2. Экологиялық қауіпсіздіктің өңірлік және жергілікті міндеттерінің экологиялық қатерлердің алдын алудың жаһандық және ұлттық мақсаттарына бағыныштылығы.

3. Қоршаған орта мен адамның денсаулығына келтірілген залалды өтеудің міндеттілігі (табиғат пайдаланушылар мен ластаушылар төлейді);

4. Өндірістік күштерді дамыту мен орналас-тырудың экологиялық-экономикалық теңгермелігі (экологиялық сыйымдылық пен аумақтық жоспарлау қағидаттары);

5. Шаруашылық және өзге де қызметінің қоршаған ортаға әсерін одан кейінгі экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалармен бағалаудың міндеттілігі;

6. Халықтың экологиялық ақпаратқа

қол жетімділігін қамтамасыз ету және оның экологиялық проблемаларды шешуге қатысуы;

7. Халықаралық ынтымақтастықтағы әріптестік және халықаралық құқық нормаларын сақтау.

Д.Л. Байдельдиновтің пікірінше, «Бұл құқықтық құжаттың құқықтық мәртебесі жоқ, оның тек әдістемелік сипаты ғана бар. Сондықтан бұл тұжырымдамадағы қоршаған ортаны қорғаудың қағидалары құқықтық болып саналмайды». Бізде осы оймен келісе аламыз. Себебі тұжырымдамада көрсетілген қағидалар жалпылама мәнге ие.

В.В. Петров, мемлекеттік экологиялық бақылаудың қағидалары екі ұстанымға негізделуі керек деген, барлық шаруашылық субъекттер үшін оның нұсқаулары, талаптар және ұйғарымдардың міндеттілігін білдіретін ведомстволық бағыныштылық және бір органның шеңберінде шаруашылық және бақылау функцияларының бөлінуі [8, 245-246 бб.].

Ю.С. Шемшученко экологиялық бақылаудың қағидаларын ұйымдастыру және функционалдык деп бөледі. Ұйымдастыру – экологиялық бақылаудың органдарының жүйесінің құрастырылуын анықтайды. Оған аумақтық (аймақтық), сала аралық және салалық, сонымен бірге бақылау және шаруашылық функцияларының бөлу қағидалары жатады. Функционалдык қағидалар экологиялық бақылаудың сапалық сипаттамасын анықтайды. Мұндай қағидаларға тұрақтылық, жеделдік, әмбебап, әрекеттілік, жалпылық және жариялылық қағидалары жатады [9, С. 6-8].

М.М. Бринчук мемлекеттік экологиялық бақылаудың мынадай қағидаларын атап өтеді: мемлекеттік бақылаудың өткізуі арқылы тексерілетін жалпыға бірдей міндетті экологиялық талаптар бекітетін қоятын нормативтік құқықтық актілердің жариялылығы және қол жетімділігі; заңдылық, яғни бақылау тек қана нормативтік құқықтық актілермен анықталатын құзыреттері шектерінде уәкілетті органдармен ғана жүргізіледі; бақылау шараларын жүргізудің мерзімділігі мен жеделдігі, яғни бақылаудың толық және барынша тез белгіленген мерзімде өткізілуі; объективтілік, яғни тексерілетін объекттің қызметі туралы сенімді толық мәліметтерге негізделуі; шаруашылық және бақылау функцияларының бөлінуі; заң бойынша бақылау шараларын жүргізу тәртібін

сақтамаған мемлекеттік экологиялық бақылау органдарының лауазымды тұлғаларының әрекет (әрекетсіздіктеріне) шағымдануы мүмкіндігі [10, 337-338 бб.].

Жоғарыда көрсетілген теориялық тұжырымдарды, заңмен бекітілген негіздерді талдай келе, қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылаудың мынадай қағидаларын атауға болады.

1) Заңдылық – бұл мемлекеттік экологиялық бақылаудың заңның қатал орындалуының негізде жүзеге асыру талабы.

Экологиялық бақылау органдарының әрекеттері нормативтік құқықтық актілерге сай, негізді болу керек. Олардың әрекеттері заңды деп есептеледі, егер: а) олар өз әрекеттерін құқықтық мәртебесін, ұйымдасы тәртібін, бақылау қызметінің жүзеге асыру тәртібін анықтайтын заң актілеріне қатаң сәйкестікте жүзеге асырса; б) экологиялық құқық нормаларын дұрыс қолданса.

2) Экологиялық бақылаудың тәуелсіздігі. Соның ішінде: а) ұйымдастырушылық тәуелсіздігі; б) өз құзыреттері шегінде қызметін атқаратын экологиялық инспекторлардың тәуелсіздігі.

3) Экологиялық бақылаудың толық, нақты және жан-жақты жүргізілу үшін басқа мемлекеттік органдармен және олардың лауазымды тұлғаларымен қатар табиғатты пайдаланушыларға да өзара тиімді әрекет ету.

4) Мемлекеттік экологиялық бақылаудың (ашықтық, жариялылығы) жариялылығы – бақылау қызметі туралы ережелер және әдістері туралы мәліметтің ашықтығы, сонымен бірге бақылаудың объектілері – тұлғалардың құқықтар және міндеттері туралы ақпараттың ашықтығы.

5) Экологиялық бақылаудың ережелер және әдістерінің біртұтастығы, яғни біріншіден, бақылау шараларының өткізілуіне бір ережелер және әдістерінің анықтауында, екіншіден, экологиялық бақылаудың барлық инспекторларының осы ережелер мен әдістерді қолданулары.

6) Экологиялық бақылауды жүзеге асырудың жоспарлылық және үзіліссіздігі бақылау функциясының іске асыруының үзіліссіздігінің қамтамасыз ету мақсатында экологиялық бақылау органдарының өз қызметін жоспарлауда болады.

7) Мақсатты бағытталғандық, яғни экологиялық бақылау шаралары бірінші кезекте қызметтері үлкенірек қауіп-қатерге ие болатын тұлғаларға жүргізілуі керектігін білдіреді.

8) Объективтілік, яғни құқық қолдану қызметі бақылаудың мақсатқа жету жолы мен құралдарын нақтылауға мүмкіндік беретін бақылаудың объектісі туралы сенімді мәліметке негізделуі керек.

9) Барлығының экологиялық бақылау органдары алдындағы теңдігі, яғни мемлекеттік экологиялық бақылаудың органдары мен лауазымды тұлғалары біреуге мүліктік және қызмет бабына байланысты артықшылық бермеу керек. Осы қағиданы іске асыру экологиялық бақылаудың инспекторларының тәуелсіздігінің кепілдіктерімен қамтамасыз етіледі.

Демек, жоғарыдағыларды қорытындылай келе, қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылаудың қағидаларын жалпы және арнайы, ал арнайы қағидалардың өзін ішінара бақылау жүйесін ұйымдастыру қағидалары және бақылаушы органдардың қызметінің қағидаларына жіктеуге болады.

Арнайы қағидаларға: экологиялық бақылаудың тәуелсіздігі; экологиялық бақылаудың толық, нақты және жан-жақты жүргізілуі; мемлекеттік экологиялық бақылаудың жариялылығы; экологиялық бақылаудың ережелер және әдістерінің біртұтастығы; экологиялық бақылауды жүзеге асырудың жоспарлылық және үзіліссіздігі; мақсатты бағытталғандық; объективтілік; барлығының экологиялық бақылау органдары алдындағы теңдігі қағидалары жатады.

Әдебиеттер

- 1 Есжанов М.Е. Проблемы правового регулирования экологического мониторинга в Республике Казахстан. Автореф. Канд. Юрид. Наук. – А., 1999. – 135 с.
- 2 Сапарғалиев Ғ., Ибраева А. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Жеті жарғы. – 1998. – 65 б.
- 3 Мухитдинов Н.Б. Основы горного право. – Алматы, 1993. – 100 с.
- 4 Алексеев С.С. Проблемы теории и права. – М., 1973. – 103 с.
- 5 Еренов А.Е., Мухитдинов Н.Б., Ильяшенко Л.В. Правовое обеспечение рационального природопользования. – А., 1985. – 150 с.
- 6 Игнатьева И.А. Принципы экологического законодательства // Государство и право. – 2003. – № 9. – С. 36-45.
- 7 Қазақстан Республикасы Президенті. Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі Тұжырымдамасы: 2003 жыл 3 желтоқсандағы N 1241 Жарлығы (күшін жойған) // Егемен Қазақстан. – 2003. – 4 желтоқсан.
- 8 Петров В.В. Экологическое право России. Учебник для вузов. – М.: Бек, 1995. – 450 с.
- 9 Шемшученко Ю.С. Принципы экологического контроля и их правовая регламентация // Государственный и общественный контроль в области охраны окружающей среды (Тезисы республиканской научно-практической конференции) / Под ред. Ю.С. Шемшученко. – Киев: РДЭНТП, 1988. – С. 6-8.
- 10 Бринчук М.М. Экологическое право: учебник. – М.: Юристъ, 2004. – 650 с.

References

- 1 Eszhanov M.E. Problems of legal regulation of environmental monitoring in the Republic of Kazakhstan . Author. Candidate . Jurid. Sciences . – А., 1999. – 135.
- 2 Sapargaliev F., Ibrayeva A. Memleket zhane құқық teoriyasy / Almaty Zheti Zhargy . – 1998 . – 65 b.
- 3 Mukhitdinov N.B. Basics Mining Law. – Almaty, 1993. – 100 p.
- 4 Alekseev S.S. Theory and law. – М., 1973. – 103 p.
- 5 Eren A.E., Mukhitdinov N.B. Il'yashenko LV Legal provision of environmental management. – А., 1985. – 150 p.
- 6 Ignatieff I.A. Principles of environmental legislation // State and Law . – 2003. – № 9. – From 36-45.
- 7 Kazakhstan Respublikasy Prezidenti . Kazakhstan Respublikasynың 2004-2015 zhyldarға арналған ekologiyalyқ қауіпсіздігі Тұжырымдамасы: 2003 zhyl zheltokсандары 3 N 1241 Zharlyғу (kyshin zhoyған) // Egemen Kazakstan. 2003. – 4 zheltoksan.
- 8 Petrov V.V. Russian environmental law . Textbook for high schools . M. Beck, 1995 . – 450 p.
- 9 Shemshuchenko V.S. Principles of environmental control and their legal regulation // state and public control in the field of environmental protection (Proceedings of the Republican Scientific-Practical Conference) / Ed. YS Xemxija – Marchenko . – Kiev: RDENTP, 1988. – 6-8 pp.
- 10 Brinchuk M.M. Environmental Law: Textbook. – М. : Lawyers, 2004. – 650 p.

УДК 347.2[.3:[502:330.15]

Ж. Жолмахан

Студент 3 курса университет им. С. Демиреля, Казахстан, г. Алматы

E-mail: jj_ktl@mail.ru

Некоторые вопросы экологических рисков в сфере недропользования

Вопросы обеспечения экологической безопасности являются наиболее важными в любой стране мира, поскольку от уровня ее состояния зависит благополучие государства и общества. В статье рассматриваются понятие, квалификация экологического риска в сфере недропользования.

Ключевые слова: риск, экологический риск, экология, охрана окружающей среды.

J. Zholmahan

Some questions environmental risks Subsoil

Issues of environmental safety are the most important in any country of the world because of its level of state depends on the welfare state and society. The article discusses the concept of ecological risk qualification Subsoil.

Key words: risk, environmental risk, ecology, environment.

Ж. Жолмахан

Жер қойнауын қолдану саласындағы экологиялық тәуекелдің кейбір сұрақтары

Мемлекет пен қоғамның көркею дәрежесіне байланысты болғандықтан, экологиялық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету сұрақтары кез келген елде ең маңызды мәселе болып табылады. Мақалада жер қойнауын қолдану саласындағы экологиялық тәуекелдің түсінігі, сапасы қарастырылған.

Түйін сөздер: тәуекел, экологиялық тетік, экология, қоршаған ортаны қорғау.

Конституции РК и действующее экологическое законодательство являются правовым фундаментом для реализации экологической политики в Казахстане. Конституция Республики Казахстан предусматривает обязанность граждан сохранять природу и бережно относиться к природным богатствам [3].

Вопросы обеспечения экологической безопасности [1] являются наиболее важными в любой стране мира, поскольку от уровня ее состояния зависит благополучие государства и общества. Человек по своей природе стремится к состоянию защищенности и хочет сделать свое существование максимально комфортным. С другой стороны, мы постоянно находимся в мире рисков. В последнее время угроза для безопасности и комфортного существования человека начинает исходить от неблагоприятного состояния окружающей среды. В первую очередь, это риск

для здоровья. Сейчас уже не вызывает сомнения, что загрязнение окружающей среды способно вызвать ряд экологически обусловленных заболеваний и, в целом, приводит к сокращению средней продолжительности жизни людей, подверженных влиянию экологически неблагоприятных факторов. Именно ожидаемая средняя продолжительность жизни людей является основным критерием экологической безопасности.

После обретения независимости Казахстан подписал итоговые документы Конференции ООН по окружающей среде и развитию (РиО-92) [2], став активным участником процесса «Окружающая среда для Европы», присоединилась также к важнейшим международным конвенциям по изменению климата, борьбе с опустыниванием, сохранению биоразнообразия, ратифицировав другие международно-правовые акты по вопросам охраны окружающей среды.

В Экологическом кодексе Республики Казахстан дано законодательное определение понятию «экологический риск», как «вероятность неблагоприятных изменений состояния окружающей среды [3] и (или) природных объектов вследствие влияния определенных факторов».

Экологический риск как один из видов риска можно классифицировать, опираясь на базовую классификацию рисков, по масштабу проявления, по степени допустимости, по прогнозированию, по возможности предотвращения, по возможности страхования.

На основе классификации экологических рисков можно выделить субъекты, чья деятельность является источником повышенной опасности для окружающей среды, и предпринять мероприятия по предотвращению реализации рисков, по защите объекта от воздействия на него экологических факторов риска.

Изучение ряда работ отечественных и зарубежных ученых, посвященных указанной тематике, позволяет сделать вывод о возможности систематизации и обобщения критериев классификации. Окружающая среда, являясь сложной системой, включает в себя, по определению Н.Ф. Реймерса, пять составляющих:

- природная среда;
- квазиприродная среда (агроценозы и др.; преобразованная человеком природа);
- артеприродная среда (артеискусственный риск);
- материальная социальная среда, формируемая всеми вышеперечисленными составляющими, создающими определенный информационный климат (природа родины, ее культурные ландшафты, памятники культуры и т.п.);
- социально-духовная среда, включающая способы общения, поведения людей, их доминирующие социально-психологические ценности и т.п.

Очевидно, что в результате антропогенных воздействий на природную среду наблюдаются ее негативные изменения, возникают экологические опасности, которые могут вызвать неблагоприятные последствия в каждой из пяти подсистем окружающей среды.

Исходя из причин возникновения, можно представить такую классификацию экологических рисков.

Природно-экологические риски – риски, об-

условленные изменениями в окружающей природной среде.

Технико-экологические риски – риски, обусловленные появлением и развитием техносферы:

риск устойчивых техногенных воздействий – риск, связанный с изменениями окружающей среды в результате обычной хозяйственной деятельности;

риск катастрофических воздействий – риск, связанный с изменениями окружающей среды в результате техногенных катастроф, аварий, инцидентов.

Социально-экологические риски – риски, обусловленные защитной реакцией государства и общества на обострение экологической обстановки:

эколого-нормативный риск – риск, обусловленный принятием экологических законов и норм или их постоянным ужесточением;

эколого-политический риск – риск, обусловленный экологическими акциями протеста.

Экономо-экологические риски – риски, обусловленные финансово-хозяйственной деятельностью.

По генезису, характеру возникновения (преднамеренные, непреднамеренные).

По уровню и видам последствий. Классификация по этому критерию предполагает дифференциацию рисков по видам ущерба, поскольку ущерб, причиненный окружающей природной среде, а также жизни, здоровью людей в результате различных техногенных катастроф, аварийных выбросов и т.д., есть не что иное, как последствия реализации экологических рисков.

По принципу рассмотрения экосистемы, окружающей среды как системы, что делает возможным триггерный эффект (распространение и приумножение риска) вследствие взаимосвязи и взаимообусловленности элементов экосистемы.

Классификация экологических рисков может проводиться еще по степени распространения, риски могут быть глобальными и локальными.

К глобальным рискам, которые должны находиться под контролем государства и общества, необходимо отнести такие масштабные, как:

- глобальное изменение климата;
- обеднение озонового слоя;
- гибель популяции и потери в биологическом разнообразии;
- загрязнение атмосферного воздуха;

– загрязнение природных объектов (водоемов, лесов, почв на значительных территориях, истощение земной поверхности и т.п.);

– наводнения, землетрясения и другие природные катастрофы;

– опустынивание.

Локальные же экологические риски могут быть связаны:

– с непосредственной деятельностью предприятий промышленности, осуществляющих большие объемы эмиссий в окружающую среду;

– с промышленными авариями и катастрофами;

– с неправомерными действиями физических лиц, совершаемых умышленно и по неосторожности.

По виду объекта восприятия риска:

– риск для здоровья (жизни) населения (социальные последствия) и условий хозяйствования (экономические последствия);

– риск для природных ресурсов (экологические последствия);

– риск для структурно-функциональных характеристик ландшафтов (географические последствия).

По уровню рациональности природопользования (имеются в виду достигнутые масштабы мероприятий по вовлечению природных ресурсов и объектов в хозяйственный оборот, масштабам их охраны, темпам воспроизводства) – допустимые и пренебрежительно малые:

– допустимые (приемлемые) риски характеризуются числом жертв в результате немедленной или отдаленной смерти (при четкой ее связи с рассматриваемым событием), хронических заболеваний от гипотетической катастрофы или аварии, которое не превышает одного случая на миллион жителей в год;

– пренебрежительно малым считается риск, не превышающий такой уровень, который нет смысла принимать в расчет и предпринимать дальнейшие меры по повышению безопасности (поскольку это требует значительных затрат).

Кроме вышеперечисленных рисков, которые достаточно часто обсуждаются в отечественной и зарубежной научной литературе, в работах А.В. Яблокова выделяются и так называемые нетрадиционные риски:

– экологический риск истощения, расхищения растительных и животных природных ресурсов (рыбных, лесных, охотничьих);

– риск, связанный с широким освоением космоса;

– с внешнеэкономической деятельностью;

– с подтоплением территорий;

– экологический риск приватизации и развития негосударственных форм собственности;

– экологический риск, связанный с утратой плодородия почв;

– с потерей влажных местообитаний (в том числе болот);

– с сокращением рекреационной емкости территорий;

– с сокращением и исчезновением лечебных и курортных зон;

– риск от сочетания действия неопасных доз и концентрации различных загрязнителей (например, радиации и пестицидов).

Следует отметить, подчеркивая взаимобусловленность критериев классификации экологического риска, что все рассмотренные и выявленные виды риска возникают не обособленно друг от друга, а находятся в тесной взаимосвязи, взаимопроникновении, возможности трансформации одного вида в другой (локальный – глобальный – нетрадиционный и т.д.), когда появление одного из них может повлечь реализацию с соответствующими последствиями многих других.

Понятие риска сочетает в себе, как минимум, две вероятности: вероятность реализации неблагоприятного воздействия и вероятность поражения, потерь, нанесенных этим воздействием объектам окружающей среды и населению.

Риск означает вероятность возникновения конкретного эффекта в течение определенного времени или при определенных обстоятельствах.

При этом риск отличается как от вероятности воздействия, так и от вероятности причиненного ущерба. Риск может быть близок к нулю, несмотря на то, что вероятность реализации неблагоприятного события (постоянно действующие негативные факторы) или вероятность поражения (чрезвычайно редкие явления разрушительной силы) близки к единице. В общем случае величина риска изменяется в пределах от нуля до единицы. Риск – это количественная или качественная оценка меры опасности; соответственно, экологический риск – это количественная или качественная оценка экологической опасности неблагоприятных воздействий на окружающую среду [4].

Елубаев Ж.С. пишет, что если рассматривать экологический риск как ожидание потерь, то его сущность можно определить, по крайней мере, шестью особо важными составляющими:

– факт эмиссий вредных веществ в окружающую среду или незапланированного истощения природных ресурсов;

– объем поступивших вредных веществ в природную среду;

– вид загрязнителя;

– продолжительность загрязняющего воздействия;

– время года;

– степень экологической опасности элементов загрязняющих веществ.

Определив экологические риски, недропользователь, в первую очередь, предпримет определенные меры, которые могут осуществляться в основном посредством:

– четкого прогнозирования экологических последствий планируемых операций по недропользованию и иной хозяйственной деятельности;

– разработки и внедрения экологически чистых и ресурсосберегающих технологий;

– осуществления производственного мониторинга за видами работ;

– ведения четкого учета эмиссий;

– проведения своевременного ремонта технологического оборудования и т.д.

Осознание природопользователем, что риск есть мера опасности – важнейший шаг на пути решения проблем управления ситуацией, когда имеются потенциальные факторы, способные неблагоприятно воздействовать на человека и окружающую среду. Моделирование возможных экологических ситуаций и связанных с ними рисков является важнейшим методом получения информации. Любой субъект недропользования – это чрезвычайно сложное образование, обладающее множеством свойств. Так, например, нефтяная компания обладает такими свойствами,

как способность приносить прибыль, выпускать продукцию, создавать рабочие места и платить заработную плату, осуществлять социальные программы, производить налоговые и иные обязательные платежи и, к сожалению, загрязнять окружающую среду. Между тем уполномоченные органы по вопросам охраны окружающей среды, моделируя деятельность недропользователя, акцентируют внимание только на последнее свойство из перечисленных, упрощая объект, рассматривая его только как источник неблагоприятных экологических эффектов и как «денежный мешок», откуда можно пополнять государственный бюджет. Такое упрощенное представление о деятельности компаний, разрабатывающих недра, часто приводит экологов к конфликтам с недропользователями, разрешение которых, к сожалению, на сегодняшний день основывается на ошибочной правоприменительной практике, исключающей такие важные принципы правоотношений, как законность, справедливость, объективность, презумпция невиновности природопользователя.

Сложившуюся ситуацию в сфере экологических отношений в этом секторе экономики возможно решить только путем реформирования экологического законодательства, исключения бюрократических процедур получения различных экологических разрешающих документов, снижения коррупционности этих отношений [5].

Исключить риск природопользования, в том числе недропользования не представляется реальным, однако, с расширением человеческих знаний о природной среде и возможностью научного предвидения техногенных последствий и со стороны государства контроль над риском можно сделать более эффективным. Оценка рисков и их страхование являются неотъемлемыми атрибутами, поэтому они должны еще изучаться, определяться и учитываться при недропользовании.

Литература

1. Конституция Республики Казахстан, принятая на республиканском референдуме 30 августа 1995 года. // ИС ПАРАГРАФ.
2. Декларация по окружающей среде и развитию. Рио-де-Жанейро, 14 июня 1992 года.
3. Кодекс Республики Казахстан. Экологический кодекс Республики Казахстан от 9 января 2007 года (с изменениями и дополнениями) // ИС ПАРАГРАФ.
4. Classification of ecological risks. Интернет ресурс. – Режим доступа: <http://insurance-rf.narod.ru>
5. Елубаев Ж.С. Экологические риски в сфере недропользования: законодательство и практика – Режим доступа: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31449738

References

1. Constitution of the Republic of Kazakhstan adopted a national referendum 30 August 1995. // IP ARTICLE
2. . Declaration on Environment and Development. Rio de Janeiro, June 14, 1992.
3. Code of the Republic of Kazakhstan. Environmental Code of the Republic of Kazakhstan dated January 9, 2007 (as amended and supplemented) // IS ARTICLE
4. Internet resource. – Mode of access: [http: \[\insurance-ef.narod.ru, Classification of ecological risks. 30.03.2013 year.
5. Elubaev ZH.S Environmental risks Subsoil: Law and Practice – Access mode: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31449738

**Қылмыстық
құқық және
криминалистика**

**Уголовное
право и
криминалистика**

**Criminal
law and
criminalistics**

ӘОЖ 343.13

Г.А. Қуаналиева

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, доцент, заң ғылымдарының докторы, Қазақстан, Алматы қ.
kuanalieva.guldanakz@mail.ru

**Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасы бойынша
адам құқықтарын қорғаудың кейбір мәселелері**

Адам құндылықтары мен бостандықтарын асқақтату, оларды ең жоғарғы құндылық деп мойындау демократияны дамытудың үлгісі болып табылады. Сондықтан жеке адамның құқықтық мәртебесі демократияның институттарымен тікелей байланысты. Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы әрбір тараптың құқықтары мен заңды мүдделері міндетті түрде сақталуы қажет. Қылмыстық іс жүргізу азаматтардың конституциялық құқықтарын және заңды мүдделерін сақтау халықтың сенім деңгейін анықтайтын барлық құқық қорғау жүйесінің қызметін бағалаудың басты белгілерінің бірі болып табылады. Әрбір заңсыз қамаудың және ұстаудың артында адамның және оның отбасының тағдыры тұрғаны белгілі.

Түйін сөздер: адам құқықтары мен заңды мүдделері, сезікті, айыпталушы, жәбірленуші, сот, т.б.

Г.А. Қуаналиева

**Некоторые проблемы защиты прав человека по Уголовному законодательству
Республики Казахстан**

Образцом для демократического общества является признание высшими ценностями прав и свобод человека. Поэтому правовой статус личности непосредственно взаимосвязан с институтами демократии. Должны соблюдаться права и законные интересы участников уголовного процесса. Основным приоритетным направлением уголовного процесса является защита конституционных прав и свободы человека, что обеспечивает доверие населения, и тем самым дает правовую оценку всей правоохранительной системе Республики Казахстан. За каждым незаконным арестом и задержанием стоит не только судьба человека, но и судьба его семьи.

Ключевые слова: права и законные интересы человека, подозреваемый, обвиняемый, потерпевший, суд и т.д.

G.A. Kuanaliyeva

Some problems of protection of human rights by the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan

Sample for democratic society is recognition by the supreme values of the rights and freedoms of the person. Therefore legal status of the personality is directly interconnected with democracy institutes. The rights and legitimate interests of participants of criminal trial have to be observed. The main priority directions of criminal trial protection of constitutional laws and freedom of the person that provides trust of the population and by that gives a legal assessment to all law-enforcement system of the Republic of Kazakhstan is. Behind each illegal arrest and detention stands not only destiny of the person, but also destiny of his family.

Key words: the rights and legitimate interests of the person, the suspect accused, injured, court.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында бекіткен мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы адам, адамның өмірі,

құқықтары мен бостандықтары екені баршамызға мәлім [1, 4 б.]. Мемлекетіміздің басты төл құжаты нақтылаған осы құндылықтар

қылмыстық іс жүргізу жүйесінде қажетті деңгейде сақталып жатыр ма?! Адам құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы, құқық қорғау жүйесінің заңды әрі әділ қызметі негізінде ғана іске асады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдайтын әрбір Жолдауында бұл мәселеге ерекше мән береді. Қазақстан Республикасы Президентінің 17 қаңтар 2014 жылғы «Қазақстан-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: Сот жүйесі іс жүзінде ашық және қолжетімді, қарапайым және барлық дауды тез шеше алатындай болуға тиіс. Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет. Зор өкілеттілік пен құқық иеленген шенділер мінсіз мінез-құлқымен және жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленуге тиіс» деп көрсеткен [2]. Осындай деңгейде ғана қылмыстық іс жүргізу барысында адам құқықтарын тиісті деңгейде қорғауға қол жеткізуге болады.

Соңғы жылдары елімізде осы саладағы заңдылықты нығайту бойынша заңнамалық және тәжірибелік шаралар қабылданып жатыр, азаматтардың өз құқықтарын қорғау мүмкіндіктері айтарлықтай кеңейтілді, азаптауды және адамның ар-намысын қорлайтын өзге де іс-әрекеттерді болдырмау бойынша құқықтық тетіктер құрылып жатыр. Өкінішке орай, қабылданып отырған шараларға қарамастан, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына қатысты жағдай күрделі күйінде қалуда. Қылмыстық қудалау органдары жүргізіп отырған жұмыс пен прокурорлық қадағалау тиімділігі әлі де болса жеткіліксіз. Адамдарды заңсыз қудалау, азаматтардың жеке бас бостандығына, тұлғаның абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұқпаушылық құқығын бұзу мән-жайлары орын алуы жалғасуда. «Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2012 жылы және 2013 жылдың бірінші жартыжылдығында қылмыстық қудалау органдары 855 адамның конституциялық құқықтарының бұзылуына жол берген, олардың арасында 104-і заңсыз қамауға алынған, 209-ы заңсыз ұсталған, 372 адам заңсыз қылмыстық жауапкершілікке тартылған. 66 адамға қатысты ақтау үкімдері шығарылды.

Сондай-ақ прокурорлар қылмыстық қудалау органдарының қылмыстық іс қозғау туралы 3110 заңсыз қаулысының, айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы 189 заңсыз

қаулысының күшін жойған. Қылмыстық қудалау органдарының қызметтік бөлмелерінен 1311 адам босатылды. Бұл ретте прокурорлар азаптау бойынша 62 қылмыстық іс қозғаған. Тұтастай алғанда, азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзғандары үшін 2012 жылы және 2013 жылдың бірінші жарты жылдығында құқық қорғау органдарының 804 лауазымды тұлғасы, соның ішінде ішкі істер органдарының 739 қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Сонымен қатар осындай өрескел бұзу жағдайлары бойынша құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қатысты 119 қылмыстық іс қозғалған» [3,4].

Аталған сот-тергеу тәжірибесіндегі азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына көп жағдайда өз қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде орындамаумен, жедел іздестіру және тергеу қызметкерлерін дайындаудың кәсіптік деңгейінің төмендігімен, тіпті, кейде олардың қылмыстық іс жүргізу заңнамасының, Қазақстан ратификациялаған халықаралық құқықтық актілердің нормаларын қарапайым білмеуімен байланысты жол берілетінін көрсетіп отыр. Аталған кемшіліктер қылмыстық істер бойынша дәлелдемелер жинау сапасыз жүргізілгенін, тергеудің дұрыс жүргізілмеуіне жол берілуін, яғни «іс жүргізуге немқұрайлы қарауды» туғызады, бұл заңсыз іс жүргізу шешімдерін қабылдауға, соның салдары ретінде қылмыстық іс жүргізуге қатысушы азаматтардың құқықтарының бұзылуына әкеп соғады. Қызметкерлердің біліктілігін көтерудің тиімді жүйесін пысықтап, енгізу қажет, оның басымдықтары кәсіпқойлық, заңдылықты бұлжытпай сақтау, азаматтар мен мемлекет алдындағы парыз бен жауапкершілік сезімі болуы қажет.

Жеке тұлғаның құқығын қамтамасыз ету, әсіресе қылмыстық сот өндірісінде өте өзекті мәселе болып отыр, өйткені бұл жағдайда адамның мүддесіне жиі нұқсан келтіріліп отырады. Осы жерде әртүрлі қылмыстық процессуалдық мәжбүрлеу шаралары қолданылады, соның ішінде бұлтартпау шараларын қолдану, қылмыстық әділ сот саласына тартылған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде шектейді. Бұл жерде қылмыс жасаған адамның тағдыры, оның бостандығы, тіпті өмірі туралы мәселе шешіледі деп айтуға болады.

Қылмыстық іс жүргізуде қылмыстан зардап шеккен адамдардың және басқа да адамдардың мүдделері қарастырылады. Алдын ала тергеу сатысында адамның құқықтарын қамтамасыз етуге аса үлкен мән беріледі. Осы сатыда қылмыстық іс жүргізу қызметі аясына азаматтарды қылмыстық іс жүргізудің әртүрлі қатысушылары ретінде тарту басталады. Жасалған қылмыстың мән-жайлары туралы деректер өте аз болғанда, адамдардың құқықтарын тергеудің алғашқы сатысында қамтамасыз ету өте қиынға соғады. Қылмыстық іс жүргізу қызметі мен жедел іздестіру қызметінің өзара тығыз байланысы соттағы іс жүргізуден әлдеқайда ерекшеленеді. Процессуалдық мәжбүрлеу шаралары тергеу кезінде белсенді түрде қолданылады.

Е.О. Алауханов өз еңбектерінің бірінде бұл жөнінде былай жазады: «Құқықтық мемлекеттің ажырамас мазмұны қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың және оның ішінде сезіктілер, айыпталушылар, сотталушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қамтамасыз ету болып табылады. Құқықтық мемлекеттің дамуы және жетілдірілуінің заманауи жағдайларында тұлғаның еркіндігі, оның құқықтары мен кепілдіктері артады» [4, 3 б.].

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінде (ҚР ҚІЖК) қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, олардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңдылықпен құқық тәртібін нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуі тиіс (ҚР ҚІЖК-нің 8-бабының 2-бөлігі) [5]. Өкінішке орай, аталған қылмыстық процестің міндеттері сот тергеу тәжірибесінде сақтала бермейді, мемлекеттің құзыретті органдары, олардың лауазымды тұлғалары ұдайы заң шеңберінде әрекет етпей, оны бұзатындығы мемлекеттік деңгейде айтылған болатын, сондықтан да адамды осындай келеңсіз жағдайлардан қорғау қажет. Егер халықаралық стандарттардан шықсақ, қылмыстан зардап шеккендердің құқықтарын тергеуді іске асыру, біріншіден, тұлғаға оған тиесілі құқықтардың

рөлі мен көлемі, оларды жүзеге асырудың мерзімі мен нәтижелері туралы ақпаратты берумен, екіншіден, қылмыстық сот ісін жүргізудің ұлттық жүйесіне сай, тергеудің түрлі кезеңдерінде арыз, қолдау хаттарды баяндауға жағдай тудыру; үшіншіден, оған тиісті көмек беруге, оның өзін және отбасы мүшелеріне қауіпсіздікпен қамтамасыз ету; төртіншіден, қылмыстарды тергеуде себепсіз тежелудің алдын алу; бесіншіден, зардап шеккенге оның отбасына әділ реституция жағдайын тудырумен байланысты [6, 6 б.].

Қылмыстан зардап шеккендерге құқықтық мәртебе тәртібі үшін бастапқы, негізгі 1948 жылғы Адам құқығының жалпы Декларацияның 8-бабының тармақтары болып табылады, онда адам Конституция немесе заңмен берілетін оның негізгі құқықтары бұзылған жағдайда мемлекеттің құзыретті органдарының құқығында нәтижелі қалпына келтіру құқығы бар. Қылмыстық сот ісін жүргізу саласында іс жүргізу құқығы қылмыстан зардап шеккен жеке тұлғаның бұзылған құқықтарын нәтижелі түрде қалпына келтіруді көздейді. В.К. Случевский: «Жәбірленушіге құқық беру дегеніміз – қылмысты ашуда қосымша көмек беруді білдіреді» деп көрсетеді [7, 276 б.]. Іс жүргізу құқығы қылмыстық іс жүргізу мақсаттарын орындау бойынша қызметті іске асыратын тергеу органдары мен басқаларының жұмысын жеңілдету үшін ғана жәбірленушіге іс жүргізу құқығы берілмейді. Оның міндеті – жәбірленушіге мүмкіндік беру, біріншіден, өзінің бұзылған құқығын қалпына келтіруде белсенді қатысуға; екіншіден, оның құқығын қалпына келтіру бойынша қылмыстық істе мемлекеттік органдардың қызметі туралы хабардар болу; үшіншіден, қылмыстық істі жүргізетін органдарға әсер ету және жәбірленушінің бұзылған құқығын қалпына келтіруде белсенділік танытуға көмектесу болып табылады. Жәбірленуші адамның мүддесі қылмысты ашу мен тергеу, айыптыларды табу мен оларды қылмыстық және мүліктік жауапкершілікке тарту мүддесіне сай болатындықтан, оларға берілетін іс жүргізу құқығы тергеуші мен қылмыстық іс бойынша нәтижеге жауапты басқа органдардың қызметіне объективті әсер етеді. Тек бұл аспектіде жәбірленушілердің іс жүргізу құқығын тергеу органдарына көмек көрсету

және оларға жасаған қылмыстарын ашуға көмектесу ретінде қарастыруға болады.

Қылмыстық іс жүргізу құқығында қай тарапқа көбірек көңіл бөлінуі қажет, қайсысы басты болып табылады, жәбірленуші ме, әлде айыпталушы ма деген сұраққа көптеген даудамай әлі күнге дейін заңгерлердің арасында жалғасуда. Біздің ойымызша, жәбірленуші де, айыпталушы да қылмыстық іс жүргізудің басты тұлғалары. Жәбірленуші мен айыпталушыны, әрине, бір санатқа қойып екеуінің құқықтарын бірдей дәрежеде теңестіруге болмайды. Қылмыстық іс жүргізуде екеуінің бағыты әртүрлі.

Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың ішінде ерекше орынды жәбірленуші алады. Жәбірленуші болмаса, ешкімге зиян келмесе, іс жүргізу де орын алмайтын еді. Сондықтан қылмыстық іс жүргізу заңында жәбірленушінің құқықтары мен міндеттеріне аса мән берілген. ҚР ҚІЖК-нің 75-бабына сай: «Қылмыстық процесте оған тікелей қылмыспен моральдық, дене және мүліктік зиян келтірілді деп ұйғаруға ол жөнінде негіз бар адам жәбірленуші болып танылады» [5].

Адам қылмыстық процесте қылмыстық іс қозғалған кезден бастап, тиісті қаулы шығысымен жәбірленуші болып танылады. Егер адамды жәбірленуші деп танығаннан кейін оның бұл жағдайда болуы үшін негіздер жоқ екені белгіленсе, қылмыстық процесті жүргізуші орган өзінің қаулысымен ол адамның іске жәбірленуші ретінде қатысуын тоқтатады. Жәбірленуші қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша келуге, іс бойынша белгілі барлық мән-жайларды шын хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге; өзіне іс бойынша белгілі мән-жайлар туралы мәліметтерді жарияламауға; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті. Жәбірленуші жауап беруден бас тартқаны үшін және қасақана жалған айғақ бергені үшін заңдарға сәйкес қылмыстық жауапқа тартылады.

Айыпталушының процессуалдық жағдайы сезіктіге ұқсас келеді. Адамның кінәсі дәлелденбей оған қылмыскер ретінде қарауға болмайды. Кез келген тікелей немесе жанама түрде айыпталушыны қылмыскерге теңестіру оған деген қарым-қатынастың жалпы сипатына,

сондай-ақ оның құқықтарын қамтамасыз етуге әсер етеді. ҚР ҚІЖК-нің 69-бабының 1-бөлігіне сәйкес: «Өзіне қатысты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан адам, сондай-ақ оған қатысты анықтау органының бастығы айыптау хаттамасын немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын жасаған және бекіткен не тергеуші сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын жасаған адам айыпталушы болып танылады» [5].

Қазір айыпталушының құқығы едәуір кеңейген және оған кепілдік берілген. Қылмыстан зардап шеккен жәбірленушінің іс жүргізу құқықтары едәуір кеңейту мен кепілдеуді күшейтуді қажет етеді. Алайда олардың құқықтары бірдей болуы мүмкін емес. Ондай жағдайды дәлелдеуде қатысуға құқықтарға қатысты бәсекелестік қағидасын ескерумен шығаруда, қылмыстық істің материалдарын зерттеуде қажет. Іс жүргізудің қандай да бір қатысушының құқықтар кешенінің арасында қылмыстық сот ісін жүргізуде әртүрлі рөлдермен анықталатын ерекшеліктері болуы мүмкін. Бастысы, қылмыстық іске тартылған тұлғаның өз құқығын толық қорғауға, өз жеке мүддесін қорғауға жеткілікті құралдары болуы тиіс. Басқа тұлғалардың құқығы мен еркіндігіне зиян келтірмеуі тиіс.

Біріншіден, әділ сот ісін жүргізу құқығы жеке құқықтардың бірігуін білдіреді, сот төрелігін жүргізу барысында олардың әрқайсысын қамтамасыз ету сотта іс қарудың заңды жүргізілгенін білдіреді. Әділ сот ісін жүргізу құқығын үш түрлі санатқа бөлеміз: сотқа дейінгі құқықтар, сот процесі кезіндегі құқықтар және соттан кейінгі құқықтар. Осы санатқа қатысатын барлық Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел немесе азаматтығы жоқ адамдар тумысынан берілген құқықтарға ие болады. Ол мемлекет тарапынан қорғалуы және қамтамасыз етілуі шарт. Адам құқықтарының қамтамасыз етілуі Қазақстан Республикасының Конституциясына және адам құқықтары саласындағы халықаралық қағидалар мен нормаларға сәйкес келуі қажет. Ұлттық заңнама мен құқық қолдану тәжірибесіне адам құқықтары жөніндегі халықаралық стандарттарды енгізу қажет.

Екіншіден, қылмыстық іс бойынша әділ сот ісін жүргізу құқығы жеке адамды қылмыстық процеске тартқан сәттен бастап пайда болады.

Бұл уақыт адамды ұстаумен, айып тағумен қатар келуі мүмкін. Әділ сот ісін жүргізу кепілдіктері қылмыстық істі қозғау, алдын ала тергеу және анықтау процестерінде және сотта іс қарау барысында қамтамасыз етілуі қажет. Ол арнайы ғылыми тұжырым негізінде реттелуі орынды. Жеке адам құқығының тұжырымдамасы қылмыстық сот ісін жүргізудегі жеке адам құқықтарының орны мен рөлі туралы жалпы танымал түсініктер мен көзқарастардың жүйесі болып табылады.

Үшіншіден, қылмыстық сот ісін жүргізуде жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету қылмыстық сот ісін жүргізу саласына тартылған және оған жеке құқықтық мүдделігі бар жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында жүргізіліп тікелей жүзеге асырылатын және процессуалдық құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін жағымды шарттар жасауға бағытталған қылмыстық сот ісін жүргізуге басқа да қатысушылардың қатысуымен тергеуші, анықтаушы, прокурор, сот және қорғаушының қызметі болып табылады.

Осылайша, қылмыстық іс жүргізуге қатысатын кез келген қатысушы азамат оның процессуалдық жағдайына қарамастан, мемлекеттің тарапынан өзінің қадір-қасиетін тану және қорғауға қатысты конституциялық құқықты иеленетін тұлға болып табылады. Мемлекеттің тұлғаға, оның қадір-қасиетіне, мүдделеріне, құқықтарына деген қатынасы қылмыстық іс жүргізу үшін аса маңызы бар. Ол, бір жағынан, қылмыстық іс жүргізудің сипаты мен мазмұны тұлғаның мемлекеттегі орнына байланысты болатындығында жатқан сияқты. Екінші жағынан, қылмыстық іс жүргізуді қалыптастыру тұлғаның мемлекеттегі құқықтары мен орнына көп ықпал етеді.

Тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету туралы айта отырып, біз оның мүдделерін қамтамасыз етуді, яғни тұлғаның түйсінетін, оның қызметінің міндеттерін қоюды білдіретін қажеттіліктерді қозғаймыз. Қылмыстық іс жүргізудегі тұлғаның мүдделері қоғамдық немесе жеке сипатқа ие болуы ықтимал. Қоғамдық мүдде жеке тұлғаның жалпы қоғамның мүдделеріне қарым-қатынасынан көрініс береді, оны бүкіл қоғамның игілігі үшін, өзгеше емес, дәл солай әрекет етуге итермелейді. Қылмыстық іс жүргізудегі жеке мүдде жекелеген тұлғаның

басқа адамдар мен мемлекеттік билік органдарының оның жеке өміріне араласуынан қорғаныс қажеттілігін көрсетеді [8, 16-176.]. Дәл осы жеке мүдде белгілі бір қылмыстық сот ісін жүргізудің қатысушыларына жеке анықталған тұлға ретінде қарым-қатынас жасап қарауға итермелейді.

Біздің қылмыстық іс жүргізу теориясында жуырға дейін ұстанымға айналып кеткен пікір басымдылыққа жетті, бұл ретте жеке және қоғамдық мүдделерді бір мезгілде қанағаттандыруға талпынған жөн, сонымен бірге таңдау қажеттілігі туындаған жағдайда олардың арасында даусыз соңғыға басымдылық берілуі тиіс. Осындай позиция қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамада, сондай-ақ оны қолдану тәжірибесінде де тікелей көрініс тапқан болатын. Жалпы ереже бойынша, жеке мүдделер қанағаттандыруға тұрарлық болып танылған, сондықтан да қылмыстық іс жүргізу заңында олар қоғамдық мүдделерге сәйкес келсе немесе оларға қайшы келетін қандай жағдайда да кепілдендірілетін субъективтік құқықтар түрінде бекітіліп отырған. Өзге де жеке мүдделер заңмен танылмаған болатын және тиісінше, мемлекеттің тарапынан ешқандай қорғаныспен қамтамасыз етілмеген. Адамның құқықтары әрбір индивидтің ажырамас қасиеттерінің болмысы мен оның тұрмысының елеулі белгілері болып табылады. Ш. Монтескьенің адам құқықтарын заманауи түсінуге айтарлықтай әсер еткен тұлға мен мемлекеттің өзара қарым-қатынастары туралы ілімге сәйкес, бұл заңды тудыратын және оны анықтайтын дүние болып табылады [9, 79 б.]. Мемлекет құқықты сыйға тартпайды, ол тек оларды заңда бекітіп, орындалуын қамтамасыз етеді. Адам құқықтарынан азамат құқықтарының бір айырмасы, егер ол аталмыш мемлекеттің азаматы қасиетіне ие болса, индивидке тиесілі. Олар адамды мемлекеттік тұрғыдан ұйымдастырылған бірлестік мүшесі ретінде жіктеп береді. Азаматтың құқықтары, біріншіден, нормативтік құқықтық мемлекеттік актілерде көрініс тапқан табиғи өкілеттерді құрайды.

Халықаралық-құқықтық құжаттарда қолданылатын «азаматтық құқықтар» термині мемлекеттің жекелеген белсенділіктің белгілі бір салаларына араласуына тыйым салуға байланысты болып табылады. Олардың аста-

рында жеке басқа, мүлікке және т.б. қол сұғылмаушылық жатыр.

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының барлық жиынтығы тұлғаның қандай да бір құқықтық қарым-қатынас субъектісі ретінде құқықтық мәртебесінің негіздерін анықтайды. Құқықтық, оның ішінде қылмыстық іс жүргізу қарым-қатынасының субъектісі бола отырып, адам онда өзінің барлық құқықтары мен еркіндіктерін емес, олардың біраз ғана бөлігін іске асырады. Нақты жағдайда нақты индивидке тиесілі өкілеттіктер құқық теориясында «тұлға құқықтары» терминін иеленген. Олар іс жүргізу кепілдіктерімен қамтамасыз етілетін тікелей объекті болып табылады. Тұлға құқықтары адамның жеке ерекшеліктерін сипаттайды. Оның әлеуметтік толысу деңгейін, құқықты сезіну қабілеті мен өзінің әрекеттері үшін жауап беруін көрсетеді.

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың өздерінің іс жүргізу қызметінде ұстануы мүмкін екі түрлі мүдделерін бөлектеуге болады, олар материалдық-құқықтық және процессуалдық-құқықтық мүдделер. Мүдделердің бірінші түрі, қылмыстық іс жүргізу қатысушыларының олардың әрқайсысы үшін қылмыстық істің анағұрлым қолайлы болып шешілуін тілеуді қамтиды. Аталған мүдделер ылғи заңды болып табылады, өйткені олар құқықтық талаптарға қайшы келмейді. Олар қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушыларға белгілі бір құқықтар беру, мысалы, тағайындалған жазаның әділетсіздігі бойынша айыптау үкіміне апелляциялық шағым беруге қорғаушы құқығын беру қажеттілігін білдіреді. Бұл жерде заңды мүдделерді ескере отырып, заң мүдде субъектісіне өзінің құқық қабілеттілігін жүзеге асыруға, сонымен қатар субъективтік құқықтар алу мүмкіндігін береді және кепілдік береді деген Н.А. Шайкеновпен келіскен жөн болар [10, 156 б.].

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың іс жүргізу мүдделеріне олардың өздерінің материалдық-құқықтық мүдделерінің қандай да бір қорғау құралдарын пайдалану талпынысын жатқызған дұрыс болар. Олар заңды немесе заңсыз болуы мүмкін. Заңды мүдделер қылмыстық іс жүргізу құқығы тыйым салмаған қорғаныс құралдарын пайдалану талпынысы, заңсыз мүдделер тиісінше,

қылмыстық іс жүргізу құқығы тыйым салған қорғаныс құралдарын пайдалану талпынысы болып табылады. Соңғылардың іс жүргізуді қамтамасыз ету объектілеріне жатпайтындығы заңдылық.

Осылайша, біздің ойымызша, заңды мүдделер қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың дербес элементі ретінде заңда тура көрсетілмеген, бірақ ол тыйым салмаған қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушыларының қылмыстық іс бойынша өздеріне қолайлы және қоғам мақұлдаған өндіріс нәтижелеріне қол жеткізу талпынысына құқықтық рұқсатты білдіреді. Адамды, оның құқықтары мен бостандықтарын жоғары құндылық деп жариялай отырып, мемлекет оны тануды, өзінің бастапқы міндетін ұстану мен қорғауды анықтап берген болатын. Қылмыстық іс жүргізуде мемлекеттің атынан қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтарын, міндеттері мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету ауыртпалығы қылмыстық сот ісін жүргізетін органдар мен олардың лауазымды тұлғаларына жүктелуі тиіс. Сот, прокурор, тергеуші және алдын ала тергеуші сезікті, айыпталушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, сонымен қатар басқа да қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушыларға олардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершіліктерін түсіндіріп беруі және осы құқықтарды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс (ҚР ҚІЖК-нің 15-бабының 1-бөлігі.). Бұл ретте заң шығарушы заңда жалпы нұсқауларды жариялап қана қоймай (ҚР ҚІЖК-нің 13-тарау), сонымен қатар оларды орындау үшін арнайы іс жүргізу құралдарын да орнатқан болатын. Олардың қатарына мемлекеттік билік өкілеттіктері берілген субъектілердің белгілі бір міндеттері жатады, оның ішінде, берілген өтінішті тікелей ол берілгеннен кейін қарастыру және рұқсат ету, ал алдын ала тергеу барысында берілген арыз бойынша бірден шешім қабылдау мүмкін болмаса, оған арыз берілген күннен бастап үш тәуліктен кешіктірмей рұқсат ету (ҚР ҚІЖК-нің 102-бабының 4-бөлігі); берілген қарсылықтарға рұқсат ету (ҚР ҚІЖК-нің 90-бабы); айыпталушыға істің барлық материалдарымен танысу және одан кез келген көлемде кез келген мәліметтер жазып алу мүмкіндігін беру (ҚР ҚІЖК-нің 275-бабы) және көптеген басқа мүмкіндіктер беру. Сондықтан қылмыстық

сот ісін жүргізу органдары мен олардың лауазымды тұлғалары осы қызмет міндет болып табылатын қылмыстық іс жүргізуде тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету бойынша қызметтің басты субъектілері болып табылады.

Қылмыстық іс жүргізу қызметінің барысында іс жүргізу ғана емес, сонымен қатар қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың материалдық-құқықтық құқықтары мен заңды мүдделері қамтамасыз етілуі тиіс. Ол үшін заң сотты, прокурорды, тергеуші мен алдын ала анықтаушыны істі зерттеудің жан-жақтылығы, толыққандылығы мен объективтілігі бұзылмайтындай әрекет етуін талап етеді. Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық істер жүргізу кодексінде заң шығарушы істі зерттеудің жан-жақтылығы, толыққандылығы мен объективтілігі туралы арнайы норманы қарастырмаса да, жекелеген нормаларда аталмыш талаптар болуы керек.

Тергеуші, анықтаушы, прокурор, судья және мемлекеттік-билік өкілеттігі берілген қылмыстық сот өндірісіне өзге де қатысушылар

өзінің іс жүргізу қызметінде қылмыстық сот өндірісінің міндеттері мен мақсаттары анықталған қоғам және мемлекеттің мүдделерін үнемі басшылыққа алып отыруы тиіс. Тіпті, қылмыстық сот өндірісіне қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз еткен жағдайда аталмыш лауазымды тұлғалар қылмыстық іс жүргізуде жеке мүдде иелері болып табылмайды, олардың алдында бұқаралық-құқықтық міндеттерді атқарады. Олар жеке мүддеге қол жеткізуді қадағалай алмайды, өйткені іс нәтижесінде олардың жеке, тікелей немесе жанама мүдделілігі анықталған жағдайда олар шеттетуге жатады (ҚР ҚІЖК-нің 11-тарауы) [5, 43 б.]. Қылмыстық сот өндірісін жүзеге асыра отырып, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары жеке құқықтарды емес, оларға қылмыстарды тергеу және әділ сотты жүзеге асыру үшін сеніп тапсырылған қоғам мен мемлекеттің уәкілеттерін пайдаланады. Яғни, олардың қызметі тұлғаны қорғау және күзетудің іс жүргізу құралдарымен емес, әділ соттың іс жүргізу кепілдіктерімен қамтамасыз етіледі.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 2011. – 46 б.
- 2 Қазақстан Республикасы Президентінің 17 қаңтар 2014 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» // www.akorda.kz.
- 3 Адам құқықтарын бұзуға болмайды // Айқын Республикалық қоғамдық саяси газет 20.09.2013.
- 4 Ағыбаев А.Н., Алауханов Е.О. Алдын ала тергеудің аяқталуы. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 136 б.
- 5 Қазақстан Республикасының Қылмыстық істер жүргізу кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2010. – 228 б.
- 6 Давид Р. Основные правовые системы современности. – М., 1988. – 300 с.
- 7 Случевский В.К. Хрестоматия по уголовному процессу России. – М., 1999. – 285 с.
- 8 Душенбиев Т.А. Интересы в уголовном судопроизводстве (по материалам Кыргызской Республики и Российской Федерации): автореф. ... канд.юрид.наук. 12.00.09. – М., 1999. – 25 с.
- 9 Азаркин Н.М. Монтескье. – М., 1988. – 300 с.
- 10 Шайкенов Н.А. Правовое обеспечение интересов личности. – Свердловск, 1990. – 295 с.

References

- 1 Kazakhstan Respublikasynyn Konstitutsiyasy. – Almaty, 2011. – 46 b.
- 2 Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin 17 kantar 2014 zhylgy Kazakhstan halkyna Zholdauy “Kazakhstan-2050: Bir maksat, bir mydde, bir bolashak” // www.akorda.kz.
- 3 Adam kykyktaryn byzyga bolmaidy // Aikyn Respublikalyk kogamdyk sajsi gazet 20.09.2013.
- 4 Agybayev A.N. Alaukhanov E.O. Aldyn ala tergeydin ajktalyu. Almaty: Zeti zargy, 2004. – 136 b.
- 5 Kazakhstan Respublikasynyn kylmystyk is zhyrgizu kodeksi. 13 zheltoksan 1997 zhyl. – Almaty: Lawyer, 2008. – 206 b.
- 6 David R. Main legal systems of the present. – M., 1988. – 300 b.
- 7 Sluchevsky V. K. Anthology of criminal trial of Russia. – M., 1999. – 285 b.
- 8 Dushenbiyev T.A. Interests in a criminal sudoprivodstvo (on materials of the Kyrgyz Republic and the Russian Federation): aftoref.... kand.jrid.nayk. 12.00.09. - M, 1999. – 25 b.
- 9 Azarquin N. M. Montesquieu. – M., 1988. – 300 b.
- 10 Shaykenov N. A. Legal support of interests of the personality. Sverdlovsk, 1990. – 295 b.

ӘОЖ 343.1

Г.Н. Мухамадиева*, М. Закирова

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының доцент м.а., Қазақстан, Алматы қ.
 Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің 1-курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ.
 E-mail: Gucci_1978@mail.ru*

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау мәселелері

Қазіргі таңда қылмыстық іс жүргізуде адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың күшейтілуі тенденциясы ескеріле отырып, сот бақылауының кеңейуі аясында сот қорғауы мәселесі кең талқылануда. Сот бақылауының қылмыстық сот өндірісінің сотқа дейінгі стадияларында біртіндеп кеңейтілуі адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуінің әдісі ретінде сот билігінің негізгі көрсетулерінің бірі болып табылады.

Түйін сөздер: адам және азамат, адам және азамат құқықтары мен бостандықтары, қылмыстық іс жүргізу, сот қорғауы, сот бақылауы.

G.N. Mukhamadyeva, M. Zakirova

Problems of judicial protection of the rights and freedoms of man and citizen

At the moment, taking into account trends strengthen the protection of the rights and freedoms of individuals in criminal procedure problems of judicial protection under widely discusses the issues of expansion of judicial control over pre-trial proceedings. Start a discussion issues of judicial control in the Republic of Kazakhstan arises from the question of its relation to the prosecutor's supervision. Judicial control is indeed associated with increased adversarial start the preliminary investigation, and it makes the criminal process more efficient, providing better protection of the rights of its members.

Key words: man and citizen rights and freedoms of man and citizen, a criminal trial, judicial protection, judicial control.

Г.Н. Мухамадиева, М. Закирова

Проблемы судебной защиты прав и свобод человека и гражданина

В настоящее время, с учетом тенденций усиления защиты прав и свобод гражданина в уголовном процессе проблемы судебной защиты широко дискутируются в рамках вопросов расширения судебного контроля над досудебным производством. Дискуссионное начало проблематики судебного контроля в Республике Казахстан возникает из вопроса о его соотношении с прокурорским надзором. Судебный контроль, действительно, связан с усилением состязательного начала на предварительном следствии, и это делает уголовный процесс более эффективным, обеспечивающим более надежную защиту прав его участников.

Ключевые слова: человек и гражданин, права и свободы человека и гражданина, уголовный процесс, судебная защита, судебный контроль.

Қазақстан Республикасында демократиялық қайта құрулардың қалыптасуы және дамуы кезеңінде адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының сақталуы мәселелеріне кадала көңіл аудару әбден орынды. Осы басым

бағыт аясында Қазақстан көптеген жобаларды жүзеге асырды; құқықтық реформа орамдары демократияның құрылуының алғашқы ниеттерін анықтаған; ал тарихи маңыздағы көптеген халықаралық құқықтық актілерінің

ратификациялануы Қазақстан туралы әрекетті мақсаты азаматтық қоғамның демократиялық негізін бекітуден және қамтудан тұратын мемлекет туралы айтуға мүмкіндік береді.

Адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуы мәселелерін зерттеу саласында көптеген ғылыми ізденістер жүргізілуде, олар адамның тіршілік әрекетінің барлық аясын қамтиды деп айтуға болады. Бұған саяси-экономикалық (сөз бостандығы; қоғамдық бірлестіктер, саяси партиялар құру; мемлекет істерін басқаруға қатысу; тұрғылықты жерін ауыстыруға және т.б.), әлеуметтік (білім алуға құқық, еңбек ету бостандығы, әлеуметтік қамтамасыз ету: жәрдем ақы, зейнет ақы және басқа да төлемдерге құқық) және жеке (өмір сүруге құқық, жеке өмірге, ар-намыс, беделіне қол сұқпаушылық; жеке меншікке және басқа да құқықтары) құқықтар кіреді.

Адам және азамат құқықтары мен бостандықтары институтының зерттелуі, жеке адамға оның бостандығы елеулі шектеулерге ұшырайтын мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданумен сипатталушы қылмыстық-процессуалдық аясымен де толықтырылады. Осындай шараларды қолданудың заңдылығын, әлеуметтік негізділігін және жеке адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтары бұзылатын бассыздықты бөлуші жіп болып жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделері сақталуының конституциялық және қылмыстық-процессуалдық кепілдіктері табылады.

Аталған мақалада кінәні мойындау туралы мәмілені Америка Құрама Штаттарының қылмыстық сот өндірісінде қолдану ерекшеліктерін қарастырып жаңа редакциядағы Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінде көрсетілген іс жүргізушілік келісімнен айырмашылықтары, жағымды-жағымсыз жақтары анықталынады.

Негізгі бөлім

Отандық қылмыстық іс жүргізу құқығы ғылымында Америка Құрама Штаттарындағы кінәні мойындау туралы мәміле институтын зерттеу жеткілікті көлемде терең зерттелді деп айтуға болмайды, бұл институтты зерттеуге бірен-саран авторлардың еңбектері арналды, монографиялық деңгейде зерттелген жұмыс мүлдем жоқ. Бұған қатысты Ресей ғалымдарының ғылыми ізденістері біршама көп және жеткілікті дәрежеде зерттеліп, Ресейдің қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен салыстырмалы талдаулар жүргізілуде.

Аталмыш институтты салыстырмалы талдау жүргізбес бұрын оның Америка Құрама Штаттарында қолдану ерекшеліктерін қарастырайық.

Американың қылмыстық сот төрелігі саласы қылмыстық істі айыпталушы мен айыптау тарабы арасында бірқатар маңызды сұрақтар бойынша келісімге келу негізінде компромистік құқықтық құбылыс ретінде «кінәні мойындау туралы мәміле (plea bargain)» сияқты институтының болуымен сипатталады. Бұл мақалада «кінәні мойындау туралы мәміле (plea bargain)» термині Америка Құрама Штаттарының сот өндірісінің құрамдас бөлігі болып табылатын институт ретінде түсіну қажет. Себебі жаңа редакциядағы Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің жобасында көрсетілген іс жүргізушілік келісім жасаудың бір нысаны ретінде көрсетілген «кінәні мойындау туралы мәміле» [2] жоғарыда аталған америкалық институтының заңи әдебиеттерінде [3] берілген аудармасы мен термині бірдей ата-

уда болғанымен екі түрлі институт. Олардың біршама өзгешеліктері мен ерекшеліктері бар.

Мәселен, В.Н. Махов, М.А. Пешков өз еңбектерінде Америка Құрама Штаттарындағы ағылшын тілінде «Plea bargain» деген атауда қолданылатын бұл институтқа келесідей анықтама береді «кінәні мойындау туралы мәміле — бұл айыптау мен қорғану тарабы айыптау тармақтарын қоса алғанда және ол бойынша айыпталушы өзінің кінәсін мойындауы тиіс істің шешілуі бойынша келісімге келу арқылы жасалатын келісім». Мұндай келісімдер көп жағдайларда айыпталушымен айыптау актісінде көрсетілген айып тармақтарының бірі бойынша немесе жасалған қылмыс үшін тағылған айыптан жеңілдірек қылмыс бойынша кінәсін мойындаумен аяқталады. Ал кейбір жағдайларда айыптаушы, алқа билермен айыпталушының жасаған қылмысы бойынша кінәлі болып танылуы екі талай деп ұйғарса, ол көзделген айыптан гөрі жеңілдірек айып тағады екен. Мысалға, қасақана адам өлтіру бойынша прокурорға қылмыскердің адам өлтіруді алдын ала жоспарлағаның дәлелдеуді талап етеді. Осыған байланысты прокурор алқа билерге оны дәлелдей алатыны бойынша күмәнданса, ол абайсызда адам өлтіру бойынша айып тағалады. Көп жағдайларда прокурор мен айыпталушы тек қана айып тармақтарының саны мен әрекетті саралау бойынша ғана келісімге келмей жазаның көлемі мен түрі, айыппұл, жазаны орындау орны және т.б. сұрақтар бойынша да келісім жасай алады [3, 169 б.].

Америка Құрама Штаттарының құқықтық жүйесінің ерекшеліктері мен қылмыстық процесінің сайысушылық типіне жататынын ескере отырып, американың сот процесінде сот төрелігімен «мәміле» жасау ешқандайда кедергі келтірмейтіндігін көрсетеді. Керісінше, капиталистік мемлекет ретінде, салық төлеушілердің мүдделерін ескеру, процессуалдық және экономикалық үнемдеу сияқты факторлардың болуы салдарынан мұндай мәмілелер сот төрелігінің күнделікті қызметіне айналған.

Мұндай келісімдерді жасау мүмкіндігі қылмыстық сот өндірісін дау ретінде қарастырып, егер де айыпталушы өзінің кінәсін мойындайтын болса, қылмыстық процесті әрі қарай жүргізу қажеттігінен босатады.

Сол сияқты америкалық қылмыстық сот

өндірісінде қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтау сияқты мәселелер формальды сипатта болады. Ағылшын және американдық ғалымдары заңи процесті ақиқатты анықтауға негізделмейді деп санайды. Олардың пікірі бойынша, сот іс материалдарына негізделі отырып шешім шығарады. Бұл жағдайда шешім ақиқатқа сәйкес болуы мүмкін, бірақ та ол міндетті емес [4].

Бұл институт америкалық қылмыстық процестің құрамдас бөлігі ретінде тәжірибе жүзінде 150 жылдан астам қолданылып келеді. Америкалық заңгер Реймонд Молидің ақпараттарына сүйенсек 1839 жылы Нью-Йорк штатында қылмыстық істердің үкімдердің 22%-ы, 1869 жылы қылмыстық істердің 70%-ы осындай жолмен шешілген болса, Ал 1920 жылы қылмыстық істердің 88%-ы «кінәні мойындау туралы мәміле» арқылы шешілген, қазіргі кезде бұл институт арқылы АҚШ-та қылмыстық істердің 90%-ы өз шешімін табуда [3, 168]. Мәселен, Американың Вермонт Штатында қылмыстық істердің 98%-ы осындай тәртіпте аяқталады екен [5].

Аталған институттың дамуына Америка Құрама Штаттарының сот жүйесіне қылмыстық істер жүктемесінің өсуі күшті түрткі болды. Америкалық ғалым Д. Фишер өз еңбегінде кінәні мойындау туралы мәміле жасау арқылы қарастырылған қылмыстық істер пайызы өсуінің жоғарғы шегі қылмыстылық деңгейінің елдегі ХІХ ғасырдың ортасындағы экономикалық қатынастар саласында ұйымдасқан қылмыстылықтың өсуіне алып келген өндірістік және көліктік революция; Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропа мемлекеттерінен халықтың Америка Құрама Штаттарына жаппай иммиграциясы, нәтижесінде ірі этникалық қылмыстық топтардың, соның ішінде италиялық мафия – «cosanostra» америкалық нұсқасының пайда болуы; Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін болған «бэби-бум» салдарынан кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыстар санының өсуі; ХХ ғасырдың екінші жартысында есірткінің заңсыз айналымының өсуі және т.б. күшті криминологиялық факторлардың салдарынан болғандығын көрсетеді. Аталған мән-жайларда Америка Құрама Штаттарының құқық қорғау жүйесі қылмыстық істерді қарау кезінде процессуалдық үнемдеу мен сот-тергеу органдарының жүктемесін жеңілдету бағытталған кінәні мойындау туралы мәміле

түріндегі процессуалды институтты ойлап табуға мәжбүр болды. Д. Фишер айтуы бойынша, сот төрелігімен мәміле жасау қылмыстарды тергеу процесін жеңілдету мен соттардың істерді қарау жүктемесін азайту жағынан ғана пайдалы емес, сондай-ақ қаржы жағынан да пайдалы. Өйткені АҚШ-тың Конституциясы барлық сотталғандарға істерін алқа билер соты арқылы қарау құқығын қамтамасыз етеді. Ал бұл өз кезегінде арзан процедура емес (қазіргі кезде алқа билерге барлық төлемдер мен төлемақыларды ескере отырып, сот отырысының бір күні 10000 АҚШ долларына дейін барады) [6].

Америка Құрама Штаттарында кінәні мойындау туралы мәмілені реттейтін құқықтық нормалар қылмыстық процестің Федералды ережелерінің «Айып тағу мен сотқа дайындалу» IV тарауының 11 ережелерінің нұсқауларымен жүзеге асады, сондай-ақ Америка Құрама Штаттарының Жоғарғы Сотының келесідей істері бойынша шешімдерінде көрініс тапқан:

«Солтүстік Каролина штаты Алфордқа қарсы» (1970 ж.), «Нью-Йорк штаты Сантобеллоға қарсы» (1971 ж.), «Риккетц Адамсонға қарсы» (1987 ж.), «Борденкичер Хайеске қарсы» (1978 ж.), «Құрама штаттар Брейдиге қарсы» (1970 ж.), «МакМанн Ричардсонға қарсы» (1970 ж.), «Құрама штаттар Джексонға қарсы» (1968 ж.), «Блэкклидж Пэрриға қарсы» (1974 ж.), «Бойкин Алабамаға қарсы» (1969 ж.), «Годинез Моранаға қарсы» (1993 ж.), «Хендерсон Морганаға қарсы» (1976 ж.), «Хилл Локхартқа қарсы» (1985 ж.) «Холлэвэй Арканзасқа қарсы» (1978 ж.), «Құрама Штаттары Херчивальға қарсы» (1927 ж.), «Лефковиц Ньюсомға қарсы» (1975 ж.), «МакКарти Құрама штаттарға қарсы» (1969 ж.), «Мэнна Нью-Йоркқа қарсы» (1975 ж.), «Солтүстік Каролина Паркерге қарсы» (1970 ж.), «Құрама штаттар Хайдқа қарсы» (1997 ж.), «Құрама штаттар Тиммерикка қарсы» (1979 ж.), «Толлет Хендерсонға қарсы» (1973 ж.), «Құрама штаттар Броусқа қарсы» (1989 ж.), «Уайт Мэрилендқа қарсы» (1963 ж.) істер [7].

Айта кететін жағдай Америка Құрама Штаттарының кейбір штаттарының жергілікті заңдарымен бұл институтты қолдануға жол берілмейді, мысалы: Аляска, Жаңа Орлеан, Вентруа графствосы (Калифорния) және Окленд графствосы (Мичиган) [8, 283].

Америкалық ғалымдардың пікірі бойынша, кінәні мойындау туралы мәміле Америка Құрама

Штаттарының қылмыстық сот төрелігінде басым күшке ие және америкалық соттардың күнделікті жұмыс уақытында әрбір екі секунд сайын қылмыстық істер кінәні мойындау туралы мәміле түрінде келіп түседі екен [79, 25 б.].

Әрине, Америка заңгерлерінің мұндай мәмілені қолдануға байланысты пікірлері бір тұтас емес, олардың арасында қарама-қайшылықтар да бар. Былайша айтқанда, бұл институтты қолдануға қатысты жақтаушылар мен оған қарсы шығушылардың болуымен сипатталады.

Кінәні мойындау туралы мәміле институтын қолдануға қарсы шығушылардың бірі Америка Құрама Штаттарының Като институтының ғалымы Тимоти Линчтің пікірі бойынша, әділет органдарының қызметкерлері айыпталушыларды кінәні мойындау туралы мәміле жасауға мәжбүр ету арқылы құқықтарын шектейді, яғни олардың толық сот талқылауға құқықтарын қамтамасыз етпеу арқылы сот, прокурор, адвокаттардың қызметін жеңілдетеді деп санайды. Өзінің дәйектерін ол 1978 жылғы «Борденкичер Хайеске қарсы» сот прецедентін мысалға келтіру арқылы дәлелдейді. Аталған прецедент бойынша, Америка азаматы Пол Люйс Хэйс 88,30 доллар құрайтын жалған чекпен төлем жасамақшы болып ұсталынады. Бұл әрекет үшін америкалық сот төрелігімен 2 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделеді екен. Прокурор Хэйске мәміле жасауды ұсынады, мәміле бойынша егер де ол кінәсін мойындайтын болса, оны 5 жыл бостандығынан айыру түрінде жазаға ауыстырады. Сонымен бірге прокурор егер де ол кінәсін мойындамай, сот талқылауын талап ететін болса, мемлекет оған жаңа айып тағатыны туралы хабарлайды. Жаңа айып бойынша, оның бұрынғы қылмыстық өмірі үшін оған өмір бойы бас бостандығынан айыру көзделеді екен. Айыптау тарабы жағынан жасалған үлкен қысымға қарамастан Хэйс сот талқылауының өткізілу құқығын пайдаланды. Нәтижесінде сот оған өмір бойы бас бостандығынан айыру түрінде жаза қолданады. Хэйс сотпен келіспей апелляциялық шағым беріп, прокурордың оның Америка Құрама Штаттарының Конституциясында бекітілген сот талқылауында істі қаралуына құқығын пайдаланғаны үшін қауіп келтірілгенін айтты. Дегенмен де сот прокурордың заңды әрекет еткенін және дәлелдемелердің негізінде шешім

шығарғанын ашық жария етті. Аяғында «Борденкичер Хайеске қарсы» іс Америка Құрама Штаттарының Жоғарғы сотында қаралып, сот үкімді өзгеріссіз қалдырды. Бұл прецедент бойынша, Тимоти Линч Америка Құрама Штаттарының Жоғарғы Соты неге дұрыс емес шешім шығарғанын тұжырымдай отырып, оны келесідей аргументтер арқылы негіздейді: алғашында, айыптау тарабының әрекеті мейірімді көрінеді, себебі ол сотталушыға көзделген жазадан төменірек жаза ұсынады, бірақ та соттың келесі әрекеттері егер де ол кінәні мойындау туралы мәмілемен келіспесе жаңа айып тағу қаупін туғызды. Осыған байланысты штат соты мен Американың Жоғарғы сотының әрекеттері Конституция нормаларына қайшы келді, себебі Конституция бойынша кінәні мойындау туралы мәміле айыпталушылардың ресми сотқа құқығын шектемей мемлекет тарапынан жүзеге асуы тиіс деп бекітті [9, 25-26 бб.].

Лос-Анджелестегі Калифорния университетінің профессоры Артур Розеттің пікірі бойынша, тәжірибеде айыпталушымен мәмілені жиі қолдану сот төрелігі үшін үлкен мәселе болып табылады. Себебі бұл тәжірибе әртүрлі сипаттағы теріс әрекеттерге әкелуі мүмкін. Егер де сотқа тәжірибелі, мықты адвокат жалдай алатын бай адам тартылған болса, олар бұл жүйеде нәтижелі айла қолдана алады. Ал егер кедей, сот төрелігіне қате көзқарасы бар адам келсе, керісінше бұл жүйе онымен жеңіл болады деп санайды. Сондай-ақ қорғау мен қорғану тарабы ашық «шайқасқа» түсетін өзіміздің алқа билер сотын сонша қадірлеп, бағалайтын болсақ неге 10 жағдайдың 9-ында ғана біз алқа билер сотының орнына сот төрелігімен мәмілені қолданамыз деген заңды сұрақ туындайды [10].

Кейбір ғалымдар кінәні мойындау туралы мәміле қылмыстық элементтерге артық мейірімділік көрсетеді деп санайды. Сонымен бірге бір қатар бұл институтқа қарсы шығушылар мәміле жасауға мүмкіндіктің болуы кінәсіз айыпталушыларға немесе айыптаудан қорғануға мүмкіндігі бар тұлғаларды толық сот отырысында кінәлі болып қалуынан қауіптеніп мәміле жасауға итермелейді дейді. Бірақ та Америка Құрама Штаттарының Жоғарғы сотының шешімдері кінәні мойындау туралы мәміле процедурасы конституциялық талаптарға сәйкес келеді деп шешті. Жоғарғы сот бұл процедураны сот төрелігін жүзеге асыру процесінің құрамдас

бөлігі деп анықтап, егер де мәміле тиісті түрде орындалып жасалса, мұндай мәмілелер жасау тәжірибесін қолдау қажет деп тапты [11, 468 б.].

Мұндай пікірді М. Кинсли де қолдайды, өзінің «Неге кінәсіз адамдар кінәсін мойындайды» деген мақаласында «мұндай нұсқаны жасау америкалық жүйені кінәсіз адамдарға жасамаған қылмысты мойындауға мәжбүр ететіндігіне» аса назар аударады [12].

Т. Сәрсенбаев кінәні мойындау туралы мәміленің кемшіліктері ретінде қылмыстық процесті жүргізуші органдар мен лауазымды тұлғалардың айғақтарды кез келген жолмен алу мақсатымен байланысты айыптаушылардың өзін-өзі жала жабуын атап өтеді. Тиісінше, мәміле жасау кезінде жалған кінәні мойындау кінәсіз адамды соттаумен қатар кінәлі адамды жазасыз қалдырады. Сондай-ақ айыпталушымен жасалмаған қылмыстар бойынша айып тағылу мүмкіндігі, ресми тергеудің мәртебесіне нұқсан келтіру және т.б. атайды [13].

Жоғарыда аталған кінәсіз адамның мәміле жасауға бет бұру салдарынан соттың қате үкім шығаруын жоққа шығармайтын америкалық сот тәжірибесінде болған келесі істі айтуға болады:

1977 жылдың тамыз айында 21 жасар Керри Макс Кук 21 жасар Линда Джо Едвардсты зорлап, оған хайуандық жолмен қаза келтірді деген айыппен қамауға алынды. Бір жылдан кейін оған өлім жазасы тағайындалған үкім шықты.

1996 жылы қылмыстық істер бойынша Апелляциялық инстанциядағы сот айыптаудың ештеңеге негізделмеген куәгерінің айғағына ғана сүйенген үкімнің күшін жойды. Келесі куәгерсіз өтетін сот отырысы прокурордың пайдасына шешілмеуші еді. Сондықтан прокурор сотталушыға мәміле жасауды ұсынады, мәміленің шарттары бойынша сотталушы кінәсін мойындайтын болса, оған тағайындалатын жаза оның өлім жазасын күтуге кеткен мерзімімен өтеліп ол бостандыққа шығар еді. Сот төрелігіне тағы 22 жылын бергісі келмеген Кук прокурордың ұсынысын қабылдайды. Мәміле жасалғаннан кейін 2 ай және қылмыстың өткеніне 22 жыл өткен соң ресми емес қайнар көздер жәбірленушінің ішкі киімінде қалған ұрық іздеріне жүргізілген сараптама қорытындысы, бұл ұрық іздері Куктікі емес деп тапты. Шың жүзінде бұл дәлелдемелер соңғы сот отырысы болғанға дейін қылмыстық іс материалдарына тіркелуі тиіс еді. Қарастырылған

оқиға бойынша кейбір мәмілелер сот төрелігімен жасалуы мүмкін қателіктерден қашу мақсатын көздейді, себебі азаматтардың өзі сот процесінде ақталуы мүмкін екендігіне, Америка Құрама Штаттарының Конституциясында баянды етілген құқықтарға күмәнмен қарайтының куәландырады [11, 1199 б.].

Керісінше, кінәні мойындауды қолдаушылар бұл процедура сот өндірісінің сайысушылық принципімен ұштасумен қатар, қылмыстық сот төрелігі жүйесінің тәжірибелік қажеттілігі мәселесімен байланысты деп санайды. Егер де қылмыстық іс бойынша айыпталушылардың 3/1 бөлігі алқа билердің қатысуымен толық сот процесін жүргізу құқығын талап етсе, қылмыстық сот төрелігі жүйесі құлдыраушы еді [11, 465 б.].

Сот төрелігімен мәміленің пайда болу себебін көрсете отырып Б. Стефанос «жылдамдылық, бағасы, еріктілік автономиясы, нақтылығы мен анықталатындығы» сияқты маңызды процессуалдық құндылықтарды атап өтеді [14]. Өз кезегінде Ф. Истербрук, Р. Скотт және В. Штунц «кінәні мойындау туралы мәмілені» құқықтарды «сатып алу-сату» деп атайды, олардың пікірлері бойынша ол тәуелсіздік пен нәтижелілікті, уақыт пен ақшаны үнемдейді деген көзқараста [15].

Бұл институттың Америкадағы плюстары мен минустары туралы айта отырып, Ллойд Л. Уайребтің аталған институтқа қатысты пікірі ерекше көрінеді, ол тәжірибеде қылмыстық істердің көбі кінәні мойындау туралы мәміле арқылы жүзеге асқанымен, ешкімде толық сот талқылауын қамтамасыз ететін қылмыстық процесті құру мақсатында қылмыстық жазаланатын әрекеттер шеңберін азайтуды ұсынбайды [16, 93], – деп санайды.

Гарипов Р.Ф. Америка Құрама Штаттарындағы алқа билер сотының қызметін талдай келе, бұл мемлекеттегі қылмыстылық деңгейінің жоғары болуы, оның салдарынан қылмыстық істер санының өсуі сот механизміне үлкен ауыртпалық жүктейді. Америка Құрама Штаттарының Конституциясы барлық азаматтарға қылмыстық істерді алқа билер сотымен қарау құқығын қамтамасыз етеді. Тәжірибе жүзінде Америкада жалпы қылмыстық істер санынан қоғам назарын аударған күрделі істердің 10%-ы ғана алқа билердің қатысуымен жүргізіледі екен. Сондықтан да жыл сай-

ын 2 миллионға жуық Америка азаматтары қылмыстық істер бойынша алқа билер ретінде қатысып, мемлекет тарапынан оның қалыпты жұмыс істеуіне кететін қаржы 500 млн. долларды құрайды. Бұл қаржы алқа билердің гонорары, көліктік шығындар, қонақүйде тұру және т.б. шығындарды құрайды. Осындай жағдайда сот қызметінің жүктемесін жеңілдететін, қаралатын қылмыстық істердің 90%-ын құрайтын қаржы мен уақыт үнемдеу тұрғысынан алғанда пайдалы кінәні мойындау туралы мәміле институтын атауға болады дейді [17].

Сонымен, жоғарыдағы Америка Құрама Штаттарының қылмыстық сот өндірісіндегі кінәні мойындау туралы мәміле институтын қолданудың жағымды-жағымсыз жақтарының болуына қарамастан, аталған институт сот органдарында қаралатын қылмыстық істердің көп болуы салдарынан сот органдары қызметінің жүктемесін жеңілдетуге бағытталған жалғыз институт екенін айтуға болады. Америка Құрама Штаттарының қылмыстық әділет саласы бұл институтқа балама жолды ойлап тапқан жоқ. Керісінше, оның өзі қылмыстық істі алқа билер сотында қарауға кететін қаржының көп болуы салдарынан бұл институтқа балама ретінде сипат беріп тәжірибеде қолданылады. Оған қарамай, бұл құқықтық құбылыстың ықпалы дүние жүзінің көптеген мемлекеттеріне оның ішінде өзге де құқықтық жүйелерге таралу үстінде. Осыған байланысты Стэнфорд университетінің Джордж Фишердің «Кінәні мойындау туралы мәміленің триумфы: кінәні мойындау туралы мәміленің тарихы» [6] атты еңбегі еріксіз ойға түседі.

Қазақстандық қылмыстық іс жүргізу заңнамасында «іс жүргізушілік келісім» институтының пайда болуы Америка Құрама Штаттарының қылмыстық сот төрелігіндегі кінәні мойындау туралы мәміле институтымен салыстырмалы талдау жүргізу арқылы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауды қажет етеді.

Қарастырылып отырған екі институтта түрлі құқықтық жүйелерде қолданылуына қарамастан бірқатар жалпы ұқсастықтары бар.

Жаңа редакциядағы қылмыстық іс жүргізу кодексінің жобасының 63-тарауында көрсетілген «іс жүргізушілік келісім» институтының және америкалық мәмілелерді реттейтін нормаларды талдай келе келесідей бірқатар ұқсастықтарын анықтауға болады:

1) аталған екі институтта қылмыстық істер бойынша сот өндірісінің қызметін қысқарту мақсатын көздейді;

2) келісімдердің екі моделі де тараптардың еріктілік негізінде жүзеге асады;

3) өзінің мәні жағынан екеуі де сот өндірісінің қысқартылған нысанына жатады;

4) келісімнің екі түрі де тараптардың бір-біріне шегініс жасау жүйесі негізінде жүзеге асады;

5) айыпталушымен қылмыстық әрекеттен кейінгі жағымды әрекеттер жасауы (кінәсін мойындау, дәлелдемелер табуға көмектесу, қылмыстарды ашуға жәрдемдесу, қылмысқа қатысушыларды анықтау);

6) айыпталушымен келісім жасау алдында және жасағаннан кейін білікті заң көмегін алуы;

7) сотталушының жазасы мен жауаптылығының жеңілдетілуі;

8) кінәні мойындау туралы мәміле мен іс жүргізушілік келісімнің екінші нысаны ынтымақтастық туралы келісім, ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қылмысқа қатысушылық арқылы жасалған қылмыстар бойынша сезікті, айыпталушымен ынтымақтастық негізінде қылмыстарды ашуды көздейді;

9) екеуі де нақты (жазбаша) нысан алу жолымен келісім түрінде жасалады.

Жоғарыда аталған екі келісімнің ұқсастықтары олардың бір институт екендігі туралы тұжырым жасауға негіз бола алмайды.

Сондықтан келесі қарастыратын сұрағымыз олардың айырмашылықтары туралы сөз болмақ. Біздің ойымызша, кінәні мойындау туралы мәміле мен іс жүргізушілік келісімнің бірқатар айырмашылықтары бар, олар 1-кестеде ұсынылады.

1-кесте – Кінәні мойындау туралы мәміле мен іс жүргізушілік келісімнің айырмашылықтары

№	Америка Құрама Штаттарындағы «Кінәні мойындау туралы мәміле» (Plea bargain) институты	Жаңа редакциядағы Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің жобасындағы «Іс жүргізушілік келісім» институты
1	Қолданылатын қылмыс санаттары бойынша Америка Құрама Штаттарында мұндай мәмілелердің қолданылу ауқымы кең, оларда қылмыстардың ауырлық дәрежесінің екі түрі бар, кінәні мойындау туралы мәміле осы екі түріне де қатысты қолданылады, оларға бірінші, фелонии, яғни бір жылдан астам бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделетін қылмыстар; екінші, мисдиминор онша ауыр емес жаза түрі ретінде 1 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе айыппұлды көздейді.	Іс жүргізушілік келісімнің бірінші нысаны (кінәні мойындау туралы мәміле) онша ауыр емес, ауырлығы орташа және ауыр қылмыстар бойынша, екінші нысаны (ынтымақтастық туралы келісім) қылмыстық топ жасаған қылмысты, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмысты, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмысты ашуға және тергеуге белсенді ықпал еткен жағдайда қолданылады.
2	Түрлері бойынша, америкалық мәміленің қорғау тарабымен алынған міндеттемелерге байланысты келісімнің келесідей типтері бар: 1) өз кінәсін мойындау туралы (guilty plea): – regularly guilty plea («жай» кінәсін мойындау). Айыптау үкімін шығарумен аяқталады. Айыпталушыларға үкімге шағым беру құқығын шектейді; – nolo contendere plea немесе nocontest plea («кінәні мойындамаймын, бірақ та айыпты дауламаймын»). Айыптау үкімін шығарумен аяқталады. Айыпталушыларға үкімге шағым беру құқығы және үкім аясында азаматтық талап бойынша шағымдану құқығы сақталады; – alford plea – «мойындаймын, бірақ даулаймын» деген мағынада түсінуге болады. Кінәні мойындаумен бір уақытта айыпталушыға айыптауды бірінші сатыда және апелляциялық инстанцияда істің мәні бойынша шағымдану құқығының сақталуымен сипатталады. Аталған құқықтық субинститут атауы «Солтүстік Каролина штаты Алфордқа қарсы» (1970 ж.) прецедент бойынша алды.	Іс жүргізушілік келісім: 1) кінәні мойындау туралы мәміле нысанында өзінің мәні бойынша айыпталушы айыппен келіскен жағдайда қылмыстық істі қарауды жеңілдетуге оны қарауға кететін уақытты қысқартуға бағытталған; 2) ынтымақтастық туралы келісім нысанында қылмыстық топ жасаған қылмысты, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмысты, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмысты ашуға және тергеуге белсенді ықпал еткен кезде жүргізіледі.

I-кестенің жалғасы

	2) тергеу жүргізуге көмектесу, сонымен бірге: – тағылып отырған айып бойынша қатысушыларды анықтау; – айыптаумен байланысты емес өзге де қылмыс жасаған тұлғаларды анықтау; – тергеуге белгілі емес дәлелдемелердің қайнар көздері туралы хабарлау (мысалы, ұрланған затты қайтаруға, мәйітті көмуге, т.б.); – өзге де жолмен тергеуді жүргізуге жәрдемдесу,	
3	Тек қана сотқа дейінгі сатыларда айыпталушы мен прокурор арасында жасалады.	Іс жүргізушілік келісімнің бірінші нысаны (кінәні мойындау туралы мәміле) бойынша сотқа дейінгі өндірістің кез келген уақытында, екінші нысаны (ынтымақтастық туралы келісім) бойынша сотқа дейінгі тергеу басталған сәттен үкімді орындау сатысына дейін жасалуы мүмкін.
4	Жәбірленушінің мүдделері ескерілуі мүмкін, бұл мәселені шешу прокурордың құзыретінде.	Іс жүргізушілік келісімнің бірінші нысаны (кінәні мойындау туралы мәміле) бойынша жәбірленушінің пікірлері ескеріледі, екінші нысаны (ынтымақтастық туралы келісім) бойынша жәбірленушінің пікірлері ескерілмейді.
5	Прокурор мәміледе жазаның көлемі мен қылмысты саралау бойынша келісім жасаудың нақты нәтижелерін көрсетеді.	Іс жүргізушілік келісімде прокурор жазаның көлемі мен түрі бойынша қылмыстық заңмен (ҚР Қылмыстық кодексі жобасының 56-бабының 3-бөлігі) көзделген шегінде жаза тағайындауға өтініш жасай алады.
6	Мәмілені соттық бақылау тұрғысынан судьямен бекітіледі, келісімдер бойынша соттың қызметі тек оны бекітуімен шектеліп араласуға жол берілмейді.	Іс жүргізушілік келісімнің бірінші нысаны (кінәні мойындау туралы мәміле) бойынша мұндай келісім жасауға өтінішті тергеуші арқылы прокурорға ұсынып онымен бекітіледі, екінші нысаны (ынтымақтастық туралы келісім) бойынша тергеу судьясымен немесе судьямен бекітіледі.

Көрсетілген талдау бойынша, біздің ойымызша, америкалық кінәні мойындау туралы мәміле моделінің кейбір жағымды жақтарын ескеру керек. Отандық заңнамада мұндай келісімнің пайда болуына бұл институттың англо-саксондық құқықтық жүйедегі мемлекеттен пайда болуына қарамастан кейбір элементтері алынды. Оның ұқсастықтары жоғарыда көрсетілді. Дегенмен де «іс жүргізушілік келісім» ұлттық құқықтық жүйе мен тергеу сот тәжірибесінің айғақтарын ескере отырып, тарихи қалыптасқан қылмыстық процестің аралас типін өзгертуді қажет етпейтін бөлігінде қолдануға болады.

Біздің ойымызша, қылмыстық іс жүргізу тұрғысында америкалық мәміленің келесідей оң жақтарын атап қылмыстық іс жүргізу кодексі жобасында қабылдау кезінде ескеру болады:

1. Кінәні мойындау туралы мәміленің (Plea bargain) барлық типтерін сотпен бекіту туралы нормалары, жоғарыда көрсетілгендей іс жүргізушілік келісімнің ынтымақтастық туралы нысаны сотпен бекітіледі, бірақ та оның бірінші нысаны кінәні мойындау туралы мәміле бойынша келісімді жасау-жасамау туралы мәселені прокурор шешеді, біздің ойымызша, іс жүргізушілік келісімнің екі нысаны бойынша да тергеу судьясымен бекітілу қажет, бұл өз кезегінде соттық бақылауды сотқа дейінгі сатыларда нығайтуға мүмкіндік береді.

2. Ынтымақтастық туралы келісімді жасаудың шарттарының бірі ретінде жәбірленушіге зиянды өтеу туралы нормаларды бекіту, мәселен, америкалық кінәні мойындау туралы мәмілені реттейтін нормалар бойынша судья егер де ай-

ыпталушы өзінің әрекетімен қойылған талаптарды бұзса, кінәні мойындау туралы мәмілені қайтарып алады.

3. Келісім жасау кезінде қорғаушының өкілеттіктерін реттейтін нормаларды нақтылау қажет, америкалық заңнама айыпталушы мен сотталушыға білікті заң көмегін процестің барлық сатыларында алуына ерекше маңыз береді. Қорғаушының көрсеткен қызметінің сапасын судья тексереді.

4. Іс жүргізушілік келісімнің ынтымақтастық туралы нысаны бойынша келісім жасаудың салдарын дифференциациялау. Америкада айыпталушы, сотталушымен мәміле жасалса жаза жеңілдетіледі, егер де сезіктімен жасалған жағдайда оған қатысты қылмыстық ізге түсу қысқартылады. Қазақстандық қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстерінің жобалары бойынша жаза тағайындау мен жауаптылықтан босату мәселесі сотпен шешіледі.

Қорытынды

Сонымен, қазақстандық іс жүргізу заңнамасына енгізілгелі жатқан іс жүргізушілік келісім институты америкалық кінәні мойындау туралы мәмілемен біршама ұқсастықтары болғанымен ондай мәміле болып табылмайды.

Өзінің атауы жағынан іс жүргізушілік келісімнің бірінші нысаны кінәні мойындау туралы мәміле мен америкалық кінәні мойындау туралы мәміленің ұқсастықтары атауында ғана

емес, сонымен бірге бірқатар маңызды позициялар бойынша ұқсастардың болуымен сипатталады. Қазақстандық іс жүргізушілік келісім екі нысанда жүзеге асады, яғни кінәні мойындау туралы мәміле мен іс жүргізушілік келісім. Америкалық заңнама мәміленің бірқатар типтері болғанымен оларды кінәні мойындау туралы мәміле мен іс жүргізушілік келісім деп бөлмейді, олар бір атауда, яғни кінәні мойындау туралы мәміле (Plea bargain) аясында көзделген шарттармен жүзеге асады.

Қылмыстық процесте келісімге келу процедураларының потенциалы Америка Құрама Штаттарындағы кінәні мойындау туралы мәміле (Plea bargain) кезінде жақсы жүзеге асумен сипатталады. Оны, ең біріншіден бұл мемлекеттің қылмыстық процесінің сайысушылық типіне жатқызылуымен байланыстыруға болады. Яғни қорғаушы мен айыптау тарабы күреске түсетін бұл процесс типі мұндай мәмілелер жасауға арналған жағымды орта болатыны анық.

Жоғарыда аталған ұсыныстарды ескере отырып, қазақстандық қылмыстық іс жүргізу заңнамасына іс жүргізушілік келісімдерді енгізу, ең біріншіден, қылмыстық процесс аясына тартылған адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен сақтау, келісімдерді жасау процедурасын максималды түрде құқықтық реттеу тұрғысынан жүзеге асуы тиіс.

Әдебиеттер

- 1 Джекебаев У.С. Основные принципы уголовного права Республики Казахстан (сравнительный комментарий к книге Дж.Флетчера и А.В.Наумова «Основные концепции современного уголовного права»). – Алматы: Жеті Жарғы, 2001. – 256 с.
- 2 Досье ITS на проект Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (новая редакция) (по состоянию на 30 сентября 2013 года) // <http://www.zakon.kz/4526068-dose-its-na-proekt-ugolovno.html>
- 3 Махов В.Н., Пешков М.А. Уголовный процесс США (досудебные стадии): учебное пособие. – М.: ЗАО «Бизнес-школа «Интел-Синтез», 1998. – 208 с.
- 4 Морозова И., Анненков А., Дадонов С. Сделка о признании вины как вариант мирового соглашения // Российская юстиция. – 2000. – № 10. – С. 37.
- 5 Сравнение сделки о признании вины в уголовно-процессуальном праве штата Вермонт и в уголовно-процессуальном кодексе РФ.
- 6 George Fisher. Plea bargaining's triumph: a history of plea bargaining in America». Stanford, CA: Stanford University Press, 2003.
- 7 Сарсенбаева Б.Б. Сделка о признании вины в уголовном судопроизводстве: дис. ...канд. юрид. Наук. – Алматы, 2009. – 151с.
- 8 Иванов А.А. Правовое регулирование института сделок о признании вины в США // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. - 2012. - № 2 (1). - С. 282–286.
- 9 By Timothy Lynch. The Case Against Plea Bargaining. Regulation. Fall 2003
- 10 Марина Ефимова. Сделка с обвиняемым - маленький секрет правосудия//<http://www.svoboda.org/content/transcript/24200051.html>

- 11 Уильям Бернам. Правовая система Соединенных Штатов Америки.- Москва: РИО «Новая юстиция», 2006. - 3-й выпуск. – 1216 с.
- 12 Kinsley V. Why Innocent People Confess // www.washingtonpost.com
- 13 Сделка о признании вины в уголовном процессе РК / Т. Сарсенбаев. Юрист. – 2004. – № 10.
- 14 Stephanos B. Garmonizing substantive criminal law values and criminal procedure // Cornell Law Review. - 2003. – №6.
- 15 Easterbrook F. Plea Bargaining as Compromise // Yale L.J., 1992. – №101.
- 16 Ллойд Л.Уайреб. Отказ в правосудии. Уголовный процесс США. – М.: Юрид.лит., 1985. – 191с.
- 17 Гарипов Р.Ф. Сделка о признании вины» как альтернатива суду присяжных заседателей в уголовном правосудии США / Евразийский юридический журнал. – № 3 (10). – 2009.

References

- 1 Jekebayev U.S. Osnovnye principy ugovnogo prava Respubliki Kazakhstan (srvanitelniy komentary k knige G.Fletcher a i A.B.Naumova «Osnovnye konsepcy sovremenogo ugovnogo prava»). – Almati: Jeti Jargi, 2001. – 256 s.
- 2 Dosie ITS na proekt Ugolovno- proseechnogo kodeksa Respubliki Kazakhstan (novaya redaksia) (po sostoyaniyu na 30 sentyabra 2013 goda) // <http://www.zakon.kz/4526068-dose-its-na-proekt-ugolovno.html>
- 3 Mahov V.N., Peschkov M.A. Ugolovny proseech SSCHA (dosudebnye stadii). Uchebnoe posobie. - M.: ZAO «Biznes –shkola «Intel-Sintez», 1998. - 208 s.
- 4 Morozova Y., Annenkov A., Dadonov S. Sdelka o priznanii viny kak variant mirivogo soglaschenia. Rossiskaya yustisia, 2000. № 10 - S. 37
- 5 Сравнение сделки о признании вины в уголовно-процессуальном праве штата Вермонт и в уголовно-процессуальном кодексе РФ.
- 6 George Fisher. Plea bargaining's triumph: a history of plea bargaining in America». Stanford, CA: Stanford University Press, 2003.
- 7 Sarsenbayeva B.B. Sdelka o priznanii viny v ugovnom sudoproizvodstve. Dis. ...kand.yurid.nauk, - Almaty, 2009.-151s.
- 8 A.A. Ivanov. Pravovoe regulirovanie instituta sdelok o priznanii viny v SSCHA. Vestnik Nijegorodskogo universiteta im. N.I.Lobachevskogo, 2012, № 2 (1), с. 282–286
- 9 By Timothy Lynch. The Case Against Plea Bargaining. Regulation. Fall 2003
- 10 Marina Efimova. Sdelka s obvinaymim – malenky secret pravosudya // <http://www.svoboda.org/content/transcript/24200051.html>
- 11 Uilyam Bernam. Pravovaya sistema Soedinennih Shtatov Ameriki. – Moskva: RIO «Novaya yusticia», 2006- 3-y vipusk.- 1216s.
- 12 Kinsley V. Why Innocent People Confess // www.washingtonpost.com
- 13 Sdelka o priznanii viny v ugovnom proseece RK / T. Sarsembayev. Yurist. – 2004. – № 10.
- 14 Stephanos B. Garmonizing substantive criminal law values and criminal procedure // Cornell Law Review, 2003. – №6.
- 15 Easterbrook F. Plea Bargaining as Compromise // Yale L.J., 1992, №101.
- 16 Lloyd L.Uayreb. Otkaz v pravosudiy. Ugolovniy proseech SSCHA. – Moskva: Yurid.lit.,1985. – 191 s.
17. Garipov R.F. Sdelka o priznany vini kak alternativa sudu prisajnih zasedateley v ugovnom pravoosudii SSCHA/Euraziskiy yuridicheskii jurnal № 3 (10) 2009.

УДК 336.741.28

Е.Ж. Беисов

К.ю.н., ЖГУ им. И. Жансугурова, кафедра уголовно-правовых дисциплин, Казахстан, г. Талдыкорган
E-mail.ru: beisov_erbol@mail.ru

Автоматизация судебных экспертиз и исследований

В данной статье рассматриваются проблемы автоматизации судебных экспертиз и исследований в виду научно-технического прогресса, из-за которого появляются новые методы и средства судебной экспертизы. Цель данной статьи в исследовании новейших компьютерных программ для проведения судебной экспертизы.

Так же в статье рассматриваются теория и практика экспертизы, проникающие в системный подход, приёмы структурного и системного анализа, осуществляющиеся математизацией экспертизы. Применения компьютерных технологий в криминалистической деятельности сообразно объекту исследования интегрируются на основе криминалистических методик и таким образом приобретают качества новых криминалистических знаний. Отмеченные в статье программы используются при конструировании компьютеризированных рабочих мест экспертов различных профилей.

Ключевые слова: судебная экспертиза, компьютер, фототаблицы, криминалистическая деятельность.

E. Beisov

Automation of forensic examinations and investigations

The article deals with the automation of forensics examinations in accordance with information technologies. The aim of the article is to identify ways of implementation of the computer programs.

In addition to this, the article covers systematic analysis and structural devices which are included to examine the theory and practice of investigation. The implementation of information technology in criminal activity is gathered according to investigation purpose and crime methods.

The determined program is used in constructing the computer programs in different directions.

Key words: forensics, computer, photo table, forensic activities.

Е.Ж. Беисов

Сот сараптамасы және зерттеуді автоматтандыру

Бұл мақалада ғылыми-техникалық даму аясында жаңа құралдар мен әдістердің жасақталуына әкелетін сот сараптамасы мен зерттеуін автоматтандыру мәселелері қарастырылған. Берілген мақаланың мақсаты – сот сараптамасын жүргізуде жаңа компьютерлік бағдарламаларды қолдану жолдарын айқындау.

Сондай-ақ мақалада сараптау математизациясы арқылы іске асырылатын жүйелі талдау мен құрылымдық амалдарға енетін сараптау териясы мен тәжірибесі сөз етілген. Қылмыстық әрекетте компьютерлік технологияларды қолдану зерттеу нысанына қарай қылмыстық әдістер негізінде жинақталады, осылайша, жаңа қылмыстық білім сапасына ие болады. Мақалада аталған бағдарламалар әртүрлі бағыттағы сарапшылардың компьютерленген жұмыс орнын қалыптастыру барысында қолданылады.

Түйін сөздер: сот сараптамасы, компьютер, фотокесте, қылмыстық әрекет.

Научно-технический прогресс обусловил ускоренное развитие теории, методов и средств судебной экспертизы, которое вынуждает по-новому взглянуть на её сущность и характер.

Ранее процесс использования экспертизы в доказывании был прерывающимся (дискретным).

В настоящее время такой дискретный процесс использования специальных знаний экспертов заменяется непрерывным (поточным) процессом.

Теоретической основой изменений направления развития экспертизы являются кибернетика и правовая кибернетика, в частности.

Кибернетика внесла не только весьма продуктивный информационный подход, позволивший расширить возможности почти всех видов экспертиз, но и открыла возможности для автоматизации экспертизы [1]

Активно ведётся создание для различных видов экспертиз специальных информационных систем, содержащих данные об идентификационном и диагностическом значении признаков, о свойствах большинства объектов экспертного исследования, об алгоритмических и эвристических способах решения экспертных задач.

В теорию и практику экспертизы проникает системный подход, приёмы структурного и системного анализа, осуществляется математизация экспертизы.

Важнейшим фактором повышения качества и эффективности экспертизы становится её алгоритмизация, упорядочивающая деятельность эксперта.

Существуют справочно-информационные фонды (СИФ), которые создаются для оперативного получения информации об объектах, их свойствах и признаках, методах и методиках исследования, необходимых для проведения конкретной экспертизы, поэтому справочно-информационные данные строятся по объективному принципу [2].

В судебной экспертизе различают два основных вида СИФ:

- натурные коллекции (НК);
- описательные (вербальные) фонды (ОФ).

Также существуют различные автоматизированные системы информационного обеспечения управленческой деятельности. Различают следующие основные типы таких систем:

- информационно-контрольные системы (ИКС), поддерживающие некоторый объём информации в контрольном состоянии и готовые её к выдаче в определённом виде в любой момент времени и за любой период;

- автоматизированные системы отчётно-статистического типа с ограниченными возможностями проведения анализа (ОСА). Они снабжают администрацию судебно-экспертного учреждения отчётно-статистической информацией для анализа реального состояния учреждения и принятия управленческих решений;

- информационно-поисковые системы (ИПС), которые могут быть двух модификаций. Они могут быть «модулями» вышеперечислен-

ных систем, а также быть самостоятельными для получения информации по наиболее актуальным позициям.

Прежде всего, компьютерная техника используется для автоматизации сбора и обработки экспериментальных данных, получаемых в ходе физико-химических, биологических и других исследований. Причём такое оборудование в большинстве случаев представляет собой измерительно-вычислительные комплексы, смонтированные на базе приборов и персональных компьютеров. Если раньше результаты экспериментальных анализов фиксировались самописцами на диаграммной ленте, то сейчас вся информация поступает непосредственно в ЭВМ, далее происходит обсчёт спектрограммы, определение координат пиков, которые наложились друг на друга, и пр. Для анализа используются так называемые внутренние технологические банки данных, которые содержат либо наборы специфических физико-химических параметров, характеризующих веществ и материалы, либо спектрограммы объектов, записанные непосредственно на магнитных носителях. Таким образом, удаётся значительно сократить время анализов, повысить их точность и достоверность, что особенно необходимо в количественных исследованиях [3].

Вторым направлением использования персонального компьютера в экспертизах и следованиях является создание АИПС по конкретным объектам экспертизы, т.е. автоматизация некоторых справочно-вспомогательных учётов, например: «Металлы» – составы металлов и сплавов в области их применения; «Волокно» – характеристики текстильных волокон; «Марка» – характеристики автоэмалей; «Обувь» – характеристики подошв обуви; «Бумага» – составы материалов бумаг, их назначение, предприятия-изготовители, «Помада» – состав губной помады, номер тона и фабрика-изготовитель.

В отличие от натуральных коллекций, такие банки данных легко тиражировать для распространения в экспертно-криминалистических учреждениях. Они могут работать как изолированно, так и быть встроены в измерительно-вычислительный комплекс.

Третье направление – это системы анализа изображений. К ним относятся программы, позволяющие осуществлять диагностические и идентификационные дактилоскопические (срав-

нение следов рук между собой и следа с отпечатком на дактилокарте), трасологические (например, по следу обуви установить ее внешний вид), портретные (реконструкция лица по черепу или фотосовмещение изображения черепа и фотографии) исследования, составление композиционных портретов («Фоторобот»).

Четвертое направление – это разработка программных комплексов либо отдельных программ выполнения вспомогательных расчетов по известным формулам и алгоритмам, что используется, главным образом, в инженерно-технических экспертизах, например, для моделирования условий пожара или взрыва, когда физическое моделирование невозможно, а математическое – сопряжено со сложными трудоемкими расчетами. Большое количество вспомогательных расчетов необходимо в баллистических, электротехнических, взрывотехнических, бухгалтерских и технологических экспертизах

Пятым направлением использования ПК в экспертизах и исследованиях является разработка программных комплексов автоматизированного решения экспертных задач, включающих, помимо трех вышеуказанных позиций, еще и подготовку самого экспертного заключения. Эти системы могут быть различной степени сложности. Простейшим примером является автоматизированная экспертная методика «Автоэкс», когда в компьютер заложены основные формулы автотехнических исследований, используемые при решении задач о наездах на пешеходов. Оператор вводит исходные данные, и по ним автоматически производится расчет.

Твердые копии фототаблицы изготавливаются с помощью принтера. Наглядные изображения в ней отделить от основы невозможно. Как и пояснительные надписи, они получены путем нанесения красителя на поверхность листа обычной писчей или оптимизированной бумаги, с которой они составляют единое целое. Следовательно, в таком документе нет необходимости скреплять оттисками печати углы каждого фотоснимка. В составленной из электронных снимков фототаблице достаточно в конце указать сведения о специалисте, подготовившем ее, и уже в обычном порядке заверить подписью и печатью. При наличии нескольких листов заверительные надписи и оттиски печати необходимо выполнять на каждой странице. Кроме подписей, компьютерная техника позволяет на-

носить на твердые копии документов дополнительные знаки, буквы, цифры и т.п., выполняющие защитные функции. Как видим, порядок оформления твердых копий, в основе которых лежат электронные изображения, мало чем отличается от оформления фототаблиц, составленных из традиционных фотоснимков. Говоря о доказательственном значении фотоснимков как носителей сведений о преступлении, В.М. Тертышник и С.А. Слинко отмечают, что оно «повышается, если к делу приобщаются не только фотоснимки, но и негативные фотопленки» [4]. В данном случае авторы, вероятно, связывают наличие негатива с возможностью проверки достоверности информации, запечатленной в фотоизображениях. Я разделяю точку зрения названных авторов о необходимости и целесообразности применения новейших достижений науки и техники в следственной практике, о детальном регламентировании процесса и результатов их применения в законодательном порядке. Однако считаю спорной предлагаемую ими в целях защиты от фальсификации методику удостоверения информации, закрепленной на пленке, путем фотографирования оторванного листа бумаги с подписями участвующих в осмотре понятых и т.д. Да и помещение в уголовные дела негативов, являющихся лишь промежуточным звеном в фотопроцессе, скорее всего, приведет лишь к необоснованному его «засорению» носителями дублируемой информации. На практике негативы в уголовных делах можно встретить в исключительных случаях. Об этом свидетельствуют также и результаты исследования, проведенного вышеуказанными авторами. Такая процедура может привести к тому, что следователи правдами и неправдами начнут просто избегать применения фотосъемки для фиксации информации, выполняя лишь обязательное протоколирование. Я полагаю, что протокол, в котором удостоверен факт применения фотосъемки или какого-либо технического средства, составленный с соблюдением определенной процессуальной формы, уже сам по себе является носителем достоверительной информации. Содержательная же сторона протокола, хотя зачастую и беднее в информационном плане, чем фотографическое изображение, однако зафиксированные описанием общие или индивидуальные особенности объектов, а также характер их взаиморасположения в определенной степени могут вы-

полнять функцию защиты от фальсификации.

Современный уровень развития научно-технических средств и методов различной информации предоставляет возможность получать твердые копии фотографических изображений не только в лабораторных, но и в “полевых” условиях. В.М. Тертышник и С.В. Слинько также предлагали в качестве альтернативы обычной фотографии применение фотоаппаратов одноступенчатого процесса типа “Поляроид”, которые позволяют получать фотоснимки непосредственно на месте происшествия [4]. Это дало бы возможность производить их удостоверение участниками следственного действия, тем самым обеспечивая соблюдение процессуальной формы. Реальными препятствиями для использования таких фотоаппаратов в следственной практике являются невозможность выполнения съемки некоторыми методами (например, макросъемки), сложность в изготовлении панорам и т.п., а также получение только одного изображения, имеющего фиксированный и относительно небольшой размер. Современные компьютерные технологии позволяют реально приблизить процесс изготовления фотоизображений к месту происшествия, иными словами, к “полевым условиям”. Как известно, процесс формирования и обработки электронного изображения занимает 2-5 секунд и происходит непосредственно в цифровой фотокамере [5]. Такое изображение можно наблюдать через дисплей камеры, однако, к протоколу его приобщить невозможно, так как оно представляет собой совокупность электронных сигналов. Для изготовления твердой копии электронного изображения необходима его печать с использованием печатающего устройства – принтера. Обычно когда речь идет о принтере или компьютере, в представлении возникают большие настольные приборы с электропитанием от сети переменного тока 220 Вольт. Конечно же, такие аппараты доставлять на места происшествий достаточно сложно, да и электричество на многих из них попросту отсутствует. Альтернативой им может служить портативный компьютер типа “Mo:le Boole”, снабженный таким же портативным принтером с автономным питанием от аккумуляторов, позволяющим получать фотоизображения непосредственно на месте происшествия. Такая цифровая фотолаборатория, включая фотокамеру и микрофон, легко размещается в обычном чемодане, аналогичном

ша да ажыратылады: келісім-шартпен не келісімшартсыз. Азаматтарды келісімшартпен құпия ынтымақтастығы дегеніміз – азаматтардың құпия ынтымақтастық туралы еркіндігі жазбаша келісімшарт түрінде бекітілуі. Бұл тұлғалар жедел бөлімшелердің тапсырмасы бойынша барлау-іздеу қызметін белсенді атқарады. Жәрдемдесудің келісімшарт нысаны ынтымақтасу туралы келісім-шарттың міндетті түрде жасалуын ұйғарады, онда ынтымақтасудың арнайы шарттары мен талаптары, сонымен қатар тараптардың құқықтары мен міндеттері жазылады.

Жедел іздестіру шараларын дайындау және жүргізу барысында алынған мәліметтерді құпияда сақтау міндеті азаматтардың жедел іздестіру қызметін жүргізетін органдармен құпиялық қатынасының ажыратылмас шартын тағы да бір атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңына [4] сәйкес барлау, қарсы барлау, жедел іздестіру қызметі мен өзге де қызметтер саласындағы мемлекеттік құпияларға мыналар жатады:

1) барлау, қарсы барлау қызметінің күштерін, құралдарын, көздерін, әдістерін, жоспарларын, жай-күйін, ұйымдастырылуын, нәтижелерін, сондай-ақ жедел-іздестіру қызметінің қылмыстық процесте пайдаланылмаған қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректер ретіндегі нәтижелерін ашып көрсететін мәліметтер. Барлау, қарсы барлау, жедел-іздестіру қызметін қаржыландыру туралы деректер, егер олар аталған мәліметтерді ашып көрсететін болса;

2) нақты адамдардың Қазақстан Республикасының барлау, қарсы барлау органдарының кадрлар құрамына қатыстылығын ашатын мәліметтер;

3) барлау қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының органдарына құпия көмек көрсететін (көрсеткен) адамдар туралы мәліметтер;

4) сыртқы барлау саласында жүргізілетін жедел жұмылдыру жұмыстарының жай-күйі мен нәтижелерін ашатын мәліметтер;

5) Қазақстан Республикасының қарсы барлау немесе жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдарымен құпиялық негізде жұмыс істейтін (жұмыс істеген) адамдар туралы мәліметтер;

6) жедел жұмылдыру жұмысының жай-күйін, нәтижелерін, сондай-ақ шараларын ашатын мәліметтер;

7) радиоэлектрондық барлау, байланыс құралдары органдарының күштерін, құралдарын, әдістерін, жоспарларын, жай-күйі мен қызметінің нәтижелерін ашатын мәліметтер, сондай-ақ осы қызметті қаржыландыру туралы деректер, егер бұл деректер аталған мәліметтерді ашатын болса;

8) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің барлау, қарсы барлау, жедел іздестіру қызметінің күштерін, құралдарын, әдістерін, жоспарларын немесе нәтижелерін ашатын мәліметтер, сондай-ақ осы қызметті қаржыландыру туралы деректер, егер бұл деректер аталған мәліметтерді ашатын болса;

9) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің барлау, қарсы барлау немесе жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын бөлімшелерімен құпиялық негізде жұмыс істейтін (жұмыс істеген) адамдар туралы мәліметтер;

10) президенттік, үкіметтік немесе өзге де арнаулы байланыс пен ақпарат түрлерінің жүйелері, мемлекеттік шифрлар, кодтар, оларды талдаудың әдістері немесе құралдары, кодтандыру, құпияландыру құралдары туралы мәліметтер;

11) Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру, күштері, құралдары және әдістері туралы, Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасы мүшелерінің денсаулық жағдайы және жеке өмірі туралы мәліметтер;

12) жоғары өкімет және басқару органдарының басқа да күзетілетін адамдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруды, күштерін, құралдарын немесе әдістерін ашатын мәліметтер;

13) ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі бөлімшелердің күштерін, құралдарын және әдістерін, сондай-ақ олар жүргізген жедел іздестіру және жедел техникалық шараларды ашатын мәліметтер;

14) нақты адамдардың қылмыстық атқару жүйесінің, кеден және салық органдары, сондай-ақ ішкі істер органдары жедел бөлімшелерінің кадрлық құрамына қатыстылығын ашатын мәліметтер;

15) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мүдделерін қозғайтын қылмыстық істер бойынша тергеу жүргізудің күштерін, құралдары мен әдістерін ашатын мәліметтер;

16) мемлекеттік құпияларды қорғауды ұйымдастыруды немесе оның іс жүзіндегі жай-күйін ашатын мәліметтер;

17) ақпараттарды рұқсат етілмей алу-дан, шетелдік техникалық барлаудан және техникалық арналар арқылы өтіп кетуден қорғау жөнінде жоспарланатын және (немесе) жүргізілетін шараларды ашатын мәліметтер;

18) арнайы мақсаттағы бөлімшелердің қызметкерлері, терроризмге қарсы операцияны жүргізуге, терроризм актісін анықтауға, оның алдын алуға, жолын кесуге және ашуға қатысатын және (немесе) жәрдемдесетін адамдар туралы және аталған адамдардың отбасы мүшелері туралы мәліметтер.

Бұл мәліметтер жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын орган жетекшісінің қаулысының негізінде ғана құпиясыздандыруға жатады.

Жедел іздістіру қызметін жүргізетін органдардың тәжірибесін жан-жақты талдау және жинақтау, азаматтарды құпия ынтымақтастыққа тарту мақсаттылық, мақсатқа лайықтылық және еркінділік талаптарына сай келуін көрсетеді [5, 146 б.]. Ұсынған мақсаттар өзекті, сипаты бойынша жеткілікті күрделі және ұзақ мерзімді болуы керек. Мысалы, аса қауіпті, бүркелген қылмыстар (ұрлық, тонау, қарақшылық шабуыл, экономика саласындағы қылмыстар) жасаған терең жасырылған қылмыстық топтарға жедел ендіру қажеттігі. Әр тарту өткір қажетті, мақсатты болған кезде ғана жүзеге асырылуы керек.

Осыған байланысты құпияынтымақтастыққа тарту туралы шешімді қабылдау үшін жан-жақты ақпараттық-аналитикалық жұмыс жүргізілуі керек:

– ақпаратты алу, оны талдау және жедел жағдайдың күйін бағалау (қылмыстылықтың жай-күйін: оның динамикасын, құрылымын, қоғамдық қауіптілік дәрежесін, қылмысты жасап жатқан тұлғалардың құрамы, олардың қылмыстық тәжірибесі, әлеуметтік жағдайы және т.б.);

– қылмыспен күресу саласында шешетін міндеттерді қалыптастыру;

– барлау-іздеу қызметі жүргізілетін

қылмыстық орта туралы мәліметтерді жинау және талдау;

– тартылатын адамның тұлғасын сипаттайтын мәліметтерді алу (әлеуметтік және психофизиологиялық сапалар, құпия көмек көрсете алатын шынайы мүмкіндіктерінің болуы – кәсібі, лауазымдық жағдайы, қылмыскерлердің тұрмыстық қалпын, олардың әдеттерін, жаргонын, қылмыстық ортадағы рөлін, сотталғандығын білу және т.б.) [6, 167-168 б.].

Бұдан басқа жедел-іздістіру қызметін жүргізуші органдарға келісімшарт негізінде жәрдемдесетіндер осы органдардың ведомстволық нормативті актілерімен анықталатын бірқатар арнайы талаптарға сай келуі керек.

Біздің көзқарасымыз бойынша, қылмыстық істерді тергеу мен соттық қарауда құпия көмекшілерді пайдаланумен байланысты сұрақтар қосымша зерттеуді қажет етеді, өйткені біздің елімізде құпия көмекшілермен алынған мәліметтер құқық қорғау ведомстволарымен көбінесе тексеріліп жатқан тұлғалардың қылмыстық қызметін дәлелдеуге бағытталған жедел іздістіру шараларын дайындау және жүргізу үшін, кейде жеке тергеу және соттық әрекеттерді дайындау және жүргізу үшін қолданылады.

Жалпы жедел іздістіру заңнамасын және құпия көмекшілерді пайдалану мүмкіндіктерін айқындайтын нормаларды қалыптастыруға бағытталған елеулі қадамдарға қарамастан, ғылымдар мен тәжірибиешілер көптеген шешілмеген және шешілмей жатқан сұрақтармен кездеседі. Әсіресе қылмыстық іс жүргізу саласында.

Қазіргі таңға дейін құпия көмекшілерден дәлелдемелік ақпаратты алудың шынайы заңнамамен бекітілген процедурасы мен тәжірибесінің жоқтығы осы мағынада елеулі мәселе болып табылады.

Маңызды және күрделі мәселелердің бірі ол қылмыстық іс жүргізуде құпия ақпаратқа ие тұлғаларды куәгер ретінде пайдалану. Осы сұрақ бойынша ТМД және Балтия елдерінің жедел іздістіру заңнамасын талдау барысында, олардың Қазақстанға қарағанда алға басқаны көрініп тұр. Мысалы, Латвия Республикасының жедел іздістіру туралы заңының 31-бабының 3-бөліміне сәйкес «құпия көмекші құпия ынтымақтастық фактісін ашпау арқылы қылмыстық іс жүргізуге тартыла ала-

ды. Егер тергеу мақсатына жету үшін, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажетті болса және ол құпия көмекшінің немесе басқа тұлғаның өмірін, денсаулығын, бостандығын немесе құпия көмекшінің әрі қарай пайдалану мүмкіндігін қауіп-қатерге әкелмесе тұлғаның құпия ынтымақтастық фактісі немесе онымен ұсынылған мәліметтер қылмыстық іс жүргізу барысында жариялануы мүмкін» [7].

Құпия көмекшіден дәлелдемелік ақпаратты [8, б. 81-87] іс жүргізу үшін алуының көпжылдық шетелдік тәжірибесі оларды қорғау дәрежесін максималды сақтай отыруын ескере отырып, мынадай танымал нысандарды өңдеп шығарды, мысалы: а) тергеушіге беру және құпия көмекшінің нұсқамалық мәліметтерін белгілемеу арқылы оның жазбаша түсінігін сотта жариялау немесе б) мәлімдеушімен байланыс ұстайтын жедел қызметкерді тергеуші мен сотты қызықтыратын жағдайлар туралы жауапқа алу.

АҚШ федералды конституциялық соты 1981 жылы 26 мамырда қаулымен «сөзден куәгер» тұлғасының конституциялық екендігін растады. ГФР-де солай жасады.

Осы тұрғыда ГФР мен АҚШ-тың ақпаратшыларды пайдалану тәжірибесі қызығушылық тудырады. Олар үш санатқа бөлінеді:

- мәлімдеуші;
- ерікті куәгерлер;
- айыптаушылар құрамынан ерікті куәгерлер.

Мәлімдеуші – ФБР-ға құпия көмек көрсетіп жүрген және қылмыстық іс жүргізуге қатыспайтын азамат. Мәлімдеушінің жұмысы – ФБР қызметінің негізі. Ол құқық қорғау орган-

дары ешқашан жария жолмен таба алмайтын фактілер мен дәлелдерді анықтауға мүмкіндік береді. Егер олар құпиялық шартына ие болса, мәлімдеуші басқа біреулер бола алады. Шындығында, бұл адам ешқашан сотта түсінік бермейді дегенді білдіреді.

Ерікті куәгер – қылмыстық топ құрамында қылмыс жасап, ФБР-ға құпия көмек көрсетіп жүрген тұлға, қылмыстық іс жүргізуге қатысушы ретінде бола алады және сотта түсінік бере алады, осыған байланысты ол қылмыстық жауапкершіліктен босатылады.

Айыптаушылар құрамынан ерікті куәгерлер – қылмыс үшін ұсталған, «кінәсін мойындау туралы» келісім жасаған және сотта үкім шығару барысында оған жазаның минималды түрін тағайындау шарты бойынша басқа айыптастарына қарсы түсінік беруге келіскен.

Сөйтіп, ақпаратшылардың соңғы екі санатын жауапқа тартуға қатысты қандай да бір маңызды мәселелер жоқ.

Мәлімдеушілерге қатысты АҚШ заңнамасы қолайлы шешім тапты. Өйткені осындай ақпаратшының тұлғасы ресми сот ісіне қатыспайды, онда одан түскен мәліметтер, ФБР агентімен (жедел қызметкермен) анықтама немесе басқа құжат түрінде ұсынылуы мүмкін. Сотта мәлімдеушіні ғана жауапқа тарту керек емес, сондай-ақ жедел қызметкер ақпаратшының тұлғасын айта алмайды.

Қазақстанда аталған мәселені қолайлы шешудің жолдары әлбетте жүргізілуде. Бірақ, біздің пікірімізше, «ұлттық велосипедті құруға» күш кетірмеу керек. Бұл жағдайда шетелдің алдыңғы қатарлы тәжірибесін пайдалану қажет.

Әдебиеттер

1. 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ Қазақстан Республикасының «Жедел іздестіру қызметі туралы» Заңы / «Параграф» ақпараттық жүйесі: <http://online.zakon.kz>.
2. Ахкубеков Л.Х. Правовое регулирование оперативно-розыскной деятельности за рубежом и использование ее результатов в уголовном процессе. М., Российская криминологическая ассоциация, 2004. 120б.
3. Теория оперативно-розыскной деятельности: Учебник / Под ред. К.К. Горяйнова, В.С. Овчинского, Г.Н. Синилова и др. – М.: Инфра-М, 2004. 848б.
4. 1999 жылғы 15 наурыздағы № 349-І Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңы / «Параграф» ақпараттық жүйесі: <http://online.zakon.kz>.
5. Маркушин А.Г. Оперативно-розыскная деятельность: учебник для вузов. М.: Изд-во Юрайт, 2012. – 399б.
6. Шахматов А.В. Агентурная работа в оперативно-розыскной деятельности (теоретико-правовое исследование российского опыта). МВД России Санкт-Петербургский университет. СПб, 2005.
7. Закон об оперативно-розыскной деятельности Латвийской Республики.
8. Смирнов М.П. Полиция зарубежных стран и ее оперативно-розыскная деятельность: учебное пособие. / Под ред. Е.В. Токарева. Академия МВД России. – М., 1995. 128б.

References

1. 1994 zhylgy 15 kyrkuektegi № 154-XIII Kazakstan Respublikasynyn «Zhedel-izdestiry kyzmeti turaly» Zany / «Paragraf» akparattyk zhuesi: <http://online.zakon.kz>.
2. Akhkubekov L.Kh. Pravovoe regulirovanie operativno-rozysknoi deyatelnosti za rubezhom i ispol'zovanie ee rezul'tatov v ugolovnom protsesse. M., Rossiyskaya kriminologicheskaya assotsiatsiya, 2004. 120b.
3. Teoriya operativno-rozysknoi deyatelnosti: Uchebnik / Pod. red. K.K. Goryainova, V.S. Ovchinskogo, G.N. Sinilova i dr. – M.: Infra-M, 2004. 848b.
4. 1999 zhylgy 15 nauryzdagy № 349-I Kazakstan Respublikasynyn «Memlekettik kupiyalar turaly» Zany / «Paragraf» akparattyk zhuesi: <http://online.zakon.kz>.
5. Markushin A.G. Operativno-rozysknaya deyatelnost'. M.: Izd-vo Yurait. 2012. – 399b.
6. Shakhmatov A.V. Agenturnaya rabota v operativno-rozysknoi deyatelnosti (teoretiko-pravovoe issledovanie rossiyskogo opyta). MVD Rossii Sankt-Peterburgskii universitet. SPb, 2005. – 439b.
7. Zakon ob operativno-rozysknoi deyatelnosti Latvyskoi Respubliki. / «Paragraf» akparattyk zhuesi: <http://online.zakon.kz>.
8. Smirnov M.P. Politsiya zarubezhnykh stran i ee operativno-rozysknaya deyatelnost: uchebnoe posobie. / M.P. Smirnov; Pod red. E.V. Tokareva. Akademiya MVD Rossii. – M., 1995. 128b.

УДК 351.746.1

Г.К. Малдыбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің қылмыстық құқық,
қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының магистранты
E-mail: gauhar_maldybaev@mail.ru

Кәмелетке толмағандардың қылмыстары бойынша сот өндірісінің кейбір мәселелері

Ғылыми жұмыстың мақсаты болып кәмелетке толмағандардың ісі бойынша қазіргі кезеңдегі қылмыстық сот өндірісін жүргізудің басты мәселелерін ашып қарастыру табылады. Қылмыстың қандай себептер бойынша орын алуы зерттеліп, талдау жүргізілді. Кәмелеттік жасқа толмағандардың құқық тәрбиесінің бұзылуы әлеуметтік, психологиялық тұрғыда сараланды. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығына қатысты бұлтартпау шараларын қолдану ерекшеліктері қарастырылды. Кәмелетке толмағандардың заңды құқығын қорғау кепілдігінің мәселесі талқыланды.

Түйін сөздер: кәмелеттік жас, құқық бұзушылық, сот ісі, ювеналдық сот, қылмыс.

G.K. Maldybaeva

Some questions criminal judicial action in matters of minor

The aim of this scientific research is consideration of basic questions realization criminal judicial action in matters of minor presently. Were investigational and the analysis of reasons is conducted criminal act of minor. Reasons are considered offence minor from a social and psychological side. Also, the features of application of measures are considered suppression of criminal acts minor. An issue is discussed about the features of providing of protection of legal rights and interests minor.

Keywords: minority, offence, case, court of minor, crime.

Г.К. Малдыбаева

Некоторые вопросы уголовно-процессуальных действий по делам несовершеннолетних

Целью данного научного исследования является рассмотрение основных вопросов проведения уголовно-процессуальных действий по делам несовершеннолетних в настоящее время. Были исследованы и проанализированы причины преступных деяний несовершеннолетних. Рассмотрены причины правонарушения несовершеннолетних с социальной и психологической стороны. Также рассмотрены особенности применения мер пресечения преступных деяний несовершеннолетних. Обсужден вопрос об особенностях обеспечения защиты законных прав и интересов несовершеннолетних.

Ключевые слова: несовершеннолетие, правонарушение, судебное дело, ювенальный суд, преступление.

Қазіргі уақыттағы кәмелетке толмағандардың ісі бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу маңызды мәселеге айналып отыр. Мұның бірқатар себептері бар, оларға жасөспірімдердің жеке бас сипаттарының күрделенуі сияқты әлеуметтік құбылыспен байланысты болып отырған аталған жас категориясына жататын тұлғалардың қылмысы туралы істер бойынша барлық міндеттерді дұрыс орындау үшін құқық қорғаушы органдар тарапынан көбірек күш салу қажеттілігін де жатқызу қажет.

Кәмелетке толмағандар ісі бойынша іс өндірісі қазіргі кезеңде қылмыстық іс жүргізу құқығының жалпы нормаларымен реттеледі. Сонымен қатар заң шығарушы орган кәмелетке толмағандардың жасы мен психологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, аталған санаттағы қылмыстық істерді зерттеу барысында қолданылатын ерекше ереже анықтап берді. Бұл ережелер кәмелетке толмағандардың заңды құқығын қорғауда қосымша кепілдік береді. Ерекше ережелер кәмелетке толмағандардың

жасаған қылмыстарын толыққанды және дұрыс зерттеуге жағдай жасауға бағытталған.

Кәмелеттік жасқа толмағандардың құқық тәрбиесін бұзушылығын әлеуметтік, психологиялық тұрғыдан талдау үлкен орын алады. Яғни жас «қылмыскерлердің құқық бұзушылығына» себеп болған жағдайларға ғылыми тұрғыдан қарап, ғылыми тұрғыдан баға беру, шешілмеген мәселелерін шешу-ғалымдардың басты міндеті.

Жалпы баланың қалыптасу кезеңінде оған әртүрлі жағдайлар мен факторлар әсер етсе, ол ең алдымен, оның көзқарасына, қызығушылығына, икемділігін өз нәтижесін беріп, қатынас, сезім, көңіл күйді қалыптастырады. Осылардың деңгейінде бала бойында белгілі бір сипаттық белгілер мен жеке басының жақсы, жаман жақтары дамиды.

Баланың адам болып қалыптасуы, ең алдымен, отбасыға байланысты. Отбасы бала өмірінің жағдайын тудыратын, реттейтін орта болғандықтан, ол әртүрлі таңданыс пен өкініштердің қайнар көзі ретінде жат қылықтардан жирендіретін, дұрыс жолға бағыттап, басқаратын күш, өмірдегі тірек және де алғаш тәрбиелік орта болып табылады.

Көптеген өмірде болып жататын жағдайлар қылмыс жасаған балалар мен олардың ата-анасын бақылағанда, отбасы жағдайының жалпы келеңсіз жақтары, отбасы тәрбиесінің бұзылуы баланың жанына қатты әсер еткенін, оның тәртіп жағынан құлдырап, құқық бұзуға дейін әкелгенін дәлелдеп береді.

Кәмелетке толмағанның өсуіне, тәртібіне, мінезінің қалыптасуына жоғарыда айтып өткендей, отбасы тәрбиесі зор. Осыған орай, А.М. Решетина: «Баланы адам етіп қалыптастыру бастамасы ең кішкентай әлеуметтік орта – отбасында жүзеге асады», – деген болатын.

Отбасы тәрбиесінің жеткіліксіздігі кейбір жеке ата-ананың кінәсінен емес, қайта отбасы жағдайының әртүрлі сәттерінің әсер етуінің жиынтығына байланысты:

- отбасы саны;
- материалдық-әлеуметтік жағдай;
- мәдени-әлеуметтік;
- отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас.

Отбасы тәрбиесінің бала өміріне өзіндік өрнекті із салуы, оның мінез-құлқына, жалпы тәртібіне өзгеріс әкелуі – отбасының толық

болмауы. Педагогикалық тәжірибелер мен бақылаулар көрсеткендей, баланың тәрбиесі мен қалыпты дамуы үшін толық отбасы қажет, яғни баланың әкесі мен шешесіне мейірімділікпен, сыйлампаздықпен қарауы үшін толық отбасы ауадай қажет.

Қылмысқа, ішімдікке, темекі тартуға ерте жастан әуестенген кәмелетке толмағандардың көпшілігі осындай жарты отбасылардан шыққан екен.

Көптеген толық емес отбасында тәрбиелеу тек қалған ананың немесе әкенің үлесіне тиетіндіктен, тәрбиелеудегі барлық ауыртпалық соған ғана түседі. Соның нәтижесінде отбасында педагогикалық талаптар мен тәрбиелік шаралардың құлдырауы пайда болып, кәмелетке толмағанға деген әлеуметтік бақылау төмендейді.

Бұл, әсіресе көп уақытын жұмыста өткізетін, жалғыз анасы бар отбасы жағдайынан айқын сезіледі. Анасы жұмыста болғандықтан, ол үнемі өзімен-өзі қалады. Осылай болса, оған анасының көңіл бөлмеуі, уақытының аз және уақыты болса да, шаршауы қатты әсер етіп, қандай жұмыс болса да, ол бала өзіне уақытында көмек беретін адамды таба алмайтын дәрежеге жетеді.

Осылайша, бірте-бірте ананың ықпалы жоғала бастаған кәмелетке толмаған бала тығыз байланыстан айырылып, оның отбасынан бөлінуі басталады. Осындай жайттарға байланысты А.С. Макаренко: «Қараусыз балалардың жағдайы жетім балаларға қарағанда көп жағдайда күрделі де қауіпті» деген болатын.

Жас құқық бұзушының жеке басы ювеналдық сотта негізгі орында болғандықтан, ол жан-жақты зерттеу нысаны болып табылады. Құқықтық түрде қорғау кәмелетке толмағанның барлық өмір сүру саласын қамтиды, олар: баланы тәрбиелеу, білім беру, денсаулық, еңбек, әлеуметтік қамтамасыз ету, оның демалысы. Оның өмір сүру жағдайы, өмір сүру ортасы, отбасы жағдайы, мектептегі жағдайы, яғни барлық әлеуметтік факторлар барлық жағынан зерттеледі. Осындай тұрғыда жұмыс істеу іске сәйкес келетін, жас ерекшелігі мен баланың әрекетіне әсер ететін ерекшеліктерді ескере отырып, дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Жалпы юрисдикциядағы соттарға қарағанда ювеналдық юстиция жүйесіндегі сот процедураны қарапайымдылығымен ерекшеленеді, жалпы

соттарда тұрақты сақталатын нысандылықтар балаға қатысты сақтала бермейді. Соттың кәмелеттік жасқа толмаған баламен сұхбаты жауап алудан гөрі достық әңгімелесуге жақын, ал іс жабық сот отырыстарында қаралады. Бұл жерде баланың беделі үшін маңызды болып табылатын жариялық принципін қатаң ұстанады. Іс материалына бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері жіберілмейді. Оларға сот отырыстарын тыңдауға, сотталушылардың есімдерін жариялауға тыйым салынады. Қылмыс жасаған кәмелеттік жасқа толмаған баланың есімін жариялағаны үшін журналист жауапқа тартылады. Сот іс бойынша кейбір жағдайларды кәмелетке толмаған баланың қатысынсыз қарау құқығына ие болады, осыған байланысты баланы сот отырысы залынан шығарып жібереді.

Жасөспірімдерге қатысты қылмыстық іс өндірісінің ерекшелігі сотқа дейінгі және сот өндірісіне бөлінуі болып табылады. Жасөспірімдерге қатысты сотқа дейінгі өндірістің ерекшеліктері:

1) дәлелдеу мән-жайының ерекшелігі (ҚР ҚІЖК 481-бабы)

2) кәмелетке толмаған баланың қорғаушысының міндетті түрде қатысуы (ҚР ҚІЖК 486-бабы);

3) Кәмелетке толмаған баланың заңды өкілінің қатысуы (ҚР ҚІЖК 487- бабы);

4) Кәмелетке толмағандарға қатысты ерекше бұлтартпау шарасын қолдану мүмкіндігі – кәмелеттік жасқа толмағанды қарауға беру (ҚР ҚІЖК 147, 491- баптары);

5) Ұстау шарасын қолдану мүмкіндігі, сонымен қатар тек ерекше жағдайларда қылмыстың ауырлығына байланысты ғана күзетпен ұстау мүмкіндігі (ҚР ҚІЖК 491-бабының 3-бөлімі);

6) Кәмелеттік жасқа толмаған күдіктінің, айыпталушыны шақыртудың ерекше реті (ҚР ҚІЖК 484-бабы);

7) Он алты жасқа толмаған кәмелетке толмағанға қатысты іс жүргізу әрекетін қолдану барысында педагогтың немесе психологтың міндетті түрде қатысуы және осы жасқа толған, алайда психикалық дамуында артта қалуы бар күдіктіге, айыпталушыға іс жүргізу әрекеттерін қолдану барысында тергеушінің, соттың, қорғаушының немесе заңды өкілінің өтініші бойынша педагогтың немесе психологтың міндетті түрде қатысуы (ҚР ҚІЖК 488- бабының 2-бөлімі);

8) Кәмелетке толмаған күдіктіден, айып-

талушыдан жауап алу уақытының ұзақтығы, жалпы алғанда, күніне 4 сағаттан аспайды (ҚР ҚІЖК 485-бабының 2-бөлімі);

9) Егер де кәмелеттік жасқа толмаған бала кәмелеттік жасқа толған баламен бірге қылмысқа қатысқан болса, онда кәмелеттік жасқа толмағанның қылмысы туралы қылмыстық істі жеке өндіріске беруді талап ету (ҚР ҚІЖК 483-бабы).

Соңғы екі жылдағы жедел жағдайды талдай отырып, Қазақстан Республикасында криминалдық жағдай жалпы күрделі болып отырғанын атап өту қажет. Қылмыстылық мемлекет пен қоғамның барлық тіршілік ету саласына жағымсыз ықпал етіп, елдің әлеуметтік-экономикалық қалыптасуын бәсеңдетіп, оның халықаралық беделіне нұқсан келтіруін жалғастыруда.

Сонымен, Қазақстан Республикасының заң шығару органы кәмелеттік жасқа толмағандардың жас ерекшеліктері мен психологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, кәмелеттік жасқа толмағандардың құқықтары мен заңдық мүддесін жүзеге асыруға кепілдік беретін нормаларды бекітті. Сонымен қатар кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмыстары туралы, ол бойынша істерді өндіруді реттейтін заңнаманы жетілдіруде үнемі тұрақты түрде жұмыстар жүргізіп отыру керек, кәмелетке толмағандардың құқықтарын халықаралық деңгейде қалай қорғалатынын толыққанды зерттеп жүйелеп отыру, оның елдің құқықтық жүйесіне имплементациялану мүмкіндігін қарастыру.

Қоғамда әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің ірі көлемді және жылдам процестері жүріп жатқан қазіргі уақытта, әсіресе дүниетанымы әлі толық қалыптаспаған, құндылықтар жүйесі тұрақсыз жастар үшін қиын болып отыр. Жасөспірімнің адамгершілік пен құқық туралы түсінігі оның жас ерекшелігіне байланысты вербалдық деңгейде ол жете түсінуге, оның мінез-құлқының автоматты реттегішіне айналуға жеткен жоқ. Қазіргі уақытта жасөспірімдерге, жастарға деген көзқарас, әсіресе құқық бұзушылықтың алдын алу, оны туғызатын себептер мен шарттарды жою тұрғысында өте күшейтілуі тиіс. Өйткені қылмыс дегеніміз – әлеуметтік дерт, ал жасөспірімдердің қылмыстылығы – өте үлкен дерт, жасөспірімдер қылмыс жасап отырған кезде мұндай құбылысқа төзуге болмайды.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл. – Алматы, 2007.
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы: Юрист, 2004.
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы, 1998.
- 4 Кәметке толмаған адамдардың қылмыстары және оларды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот Практикасы туралы (ҚР Жоғарғы Сотының 11.07.03 ж. №4 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістерімен) ҚР ЖС 11 сәуір 2002 жыл № 6 нормативтік қаулысы // Справочная правовая система «Юрист».
- 5 Төлеубекова Б.Х. ҚР Қылмыстық іс жүргізу құқығы.– Алматы, 2000.
- 6 Бас маман-сот отырысының хатшысы Г.К. Қуанышева №35 (590) 14.09.2012 жыл, ҚР қылмыстық сот өндірісінде кәметке толмағандардың құқығын қорғау «Вестник Фемида» Республикалық қоғамдық-құқықтық газетінде жарияланған мақала.
- 7 Утенов Ж.Ж. Роль предварительного расследования в предупреждении преступлений несовершеннолетних: дис... канд. юрид. наук: 12.00.09. – Алматы, 1995. – 197 с.

References

- 1 Constitution Republic Kazakhstan 30 of August 1995 year. it is Алматы, 2007.
- 2 Republic Kazakhstan code driving criminal of Business. – Almaty: Lawyer, 2004.
- 3 Criminal code Republic Kazakhstan. – Almaty, 1998.
- 4 Crimes of people and to society to do against acts according to hauling do court.
About practice (Supreme court of R of Kz 11.07.03 y. № 4 by changes, that was entered by the decision of normativeness) R of Kz ЖС 11 of April 2002 year № decision // 6 normativenesses system “Lawyer”.
- 5 Toleubekov B.H. Right driving of ҚР criminal Business.– Almaty, 2000.
- 6 Head secretary meeting of specialist-court G.K. Kuanysheva № protects 35(590) 14.09.2012 years, R of Kz on criminal production of court right for minor “Vestnik on Femida” Republican public is the article, that was declared in newspaper of legal.
- 7 Utenov J.J. A role of the pre-trial hearing is in warning of crimes minor: dissertation of candidate of legal sciences: 12.00.09. it is Almaty, 1995. – 197 p.

ӘОЖ 351.746

М.Р. Закирова

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, заң факультеті, қылмыстық құқық,
қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: mixsul@mail.ru

Қылмыстық іс жүргізудегі апелляциялық сатының мәні мен маңызы

Ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты – заңды күшіне енген бірінші сатыдағы соттың үкімдеріне тараптардың шағымдар мен наразылық келтіру арқылы өз құқықтары мен мүдделерін апелляциялық сатыдағы сотта қорғау мәселелерін талдау. Апелляциялық сатыда шығарылған қаулылар мен үкімдердің тергеуші, анықтаушы, прокурор, судья үшін маңыздылығын ашып көрсету. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы “Қазақстан-2050” стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты” атты Қазақстан халқына Жолдауында көзделген соттың қызметінің маңыздылығын көрсету. Жалпы алғанда, мақалада қазіргі таңдағы қылмыстық істер бойынша апелляциялық инстанциядағы іс жүргізуде орын алған елеулі өзгерістер сипатталады.

Түйін сөздер: инстанция, апелляция, прокурор, судья, тергеуші, анықтаушы, сот тәжірибесі.

M.R. Zakirova

Essence and value of an appeal stage in criminal trial

The main purpose of the research is to consider problems of protection rights and interests of parties to the court of appeal by making a complaint against judicial decision of the court of original jurisdiction, which has not yet become effective in law, declare the importance of court of appeal judgments for the investigator, prosecutor, judge. To found (figure out) the mainly judge jobs in the president’s message of republic of kazakhstan the leader of nation our country N.A.Nazarbayev “Kazakhstan strategy -2050”: new politic course of wealthy government. This article describes the latest changes in criminal cases at the appeal stage.

Keywords: instance, appeal, prosecutor, judge, investigator, inquirer, judicial practice.

М.Р. Закирова

Сущность и значение апелляционной стадии в уголовном процессе

Основная цель научной работы – разобрать проблемы защиты интересов и прав сторон в суде апелляционной стадии путем предъявления жалоб и претензий на не вступившие в силу судебные решения первой стадии. Раскрыть значимость вынесенных на апелляционной стадии постановлений, приговоров для следователя, прокурора, судьи. Раскрыть значимость деятельности судов в Послании Президента РК – Лидера нации Н.А. Назарбаева Народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050: новый политический курс состоявшегося государства»». В статье описываются последние изменения рассмотрения уголовных дел на апелляционной стадии.

Ключевые слова: инстанция, апелляция, прокурор, судья, следователь, дознаватель, судебная практика.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-ші бабында: «Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар» делінген [1].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің 2012 жылғы

14 желтоқсандағы “Қазақстан-2050” стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты” атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқын жүзеге асыруы болып табылады. Бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыру процесін оңайлату, оны басы артық бюрократиялық рәсімдерден арылту керек.

Жаңа ақпараттық технологияларды белсенді енгізген жағдайда мұны істеу қиын емес. Сонымен бір мезгілде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей тетіктер қарастыру қажет. Сот билігінің беделі орындалмаған сот шешімдерінен төмендейді. Осыған байланысты, бұл жағдайды түбегейлі өзгерту жөніндегі шаралар қабылдануға тиіс», – деген болатын [2].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7-бабының 3-тармақшасы «апелляциялық саты – бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енбеген үкімдеріне, қаулысына апелляциялық шағымдар (наразылықтар) бойынша істі қарайтын екінші сатыдағы сот» деп апелляциялық сатыдағы соттың орнын көрсетеді [3].

ҚР ҚІЖК-сі апелляциялық өндірісті заңды күшіне енбеген сот шешімдері мен үкімдерін қайта қарау деп түсінеді. Үкімнің заңды күшіне енуі сот шешімінің атқарылуға жіберілгендігін білдіреді. Басқаша айтқанда, осы уақыттан бастап сот мемлекеттің еркі, Қазақстан Республикасының территориясындағы барлық азаматтарға, заңды тұлғаларға, мемлекеттік органдарға міндетті болып саналады және өзінің құқықтық күшіне байланысты заң актісіне тең болып табылады.

Заң шығарушы сот қателерін анықтау және оны жою мақсатында ҚР ҚІЖК-нің кез келген уәкілетті субъектілері шағымдануға және наразылық білдіруге құқықты он бес тәуліктік мерзім белгілейді. Осыған сәйкес сот үкімдері мен шешімдеріне апелляциялық наразылық келтіру және шағымдану институты сот шешімдерін тексерудің тиімді тәсілі болып табылады, елдегі сот билігін жүзеге асырудың заңдылығын және әділдігін қамтамасыз етеді.

Тергеу және сот тәжірибесі қылмыстық сот өндірісіндегі заңдылықты қамтамасыз етудегі апелляциялық қаулылар мен үкімдердің маңыздылығы нақты істер бойынша ғана шектелмейтінін көрсетеді.

Анықтауды жүргізген тұлғалар, қылмыстық істі тергеуге қатысқан тергеушілер, судьялар осы іс бойынша шығарылған апелляциялық қаулы немесе үкімде көрсетілген ережелерді өздерінің келесі тәжірибесінде ескеретін болады. Сонымен қатар екінші инстанцияда шығарылған қаулылар

мен үкімдер тікелей және мәні бойынша қараған нақты адамдармен ғана емес, басқа да көптеген судьялармен, прокурорлармен, тергеушілермен зерттеледі. Осыған сәйкес, апелляциялық қаулылар мен үкімдер қылмыстық істерді тергеу мен қарау кезіндегі заңдардың бұзылуын алдын алуда үлкен маңызға ие.

Апелляциялық қаулылар мен үкімдер сот және тергеу тәжірибесі үшін айрықша маңызға ие, осылайша, қылмыстық сот өндірісіндегі, соның ішінде, апелляциялық өндірістегі заңдылықтың кепілдігін күшейтеді. Бір мезгілде, бұл апелляциялық қаулылар мен үкімдердің заңды, негізді болуына деген талаптарды қояды.

Апелляциялық іс жүргізудің мәні – заңды күшіне енбеген үкімнің, басқа да шешімнің заңдылығын, негізділігін және әділеттігін жоғары сатыдағы соттың жаңа сот тергеуін жүргізу арқылы, дәлелдемелерді зерттеуінде және апелляциялық сатыдағы судьяның ішкі сеніміне негізделген жаңа үкім шығаруында. Апелляциялық қайта қарауды енгізудің мақсаты – жеке тұлғаның құқықтық кепілдігін күшейту және заңсыз, негізсіз және әділетсіз үкімнің күшіне енуіне «тосқауыл» жасау, – деп сипатталған ресейлік апелляциялық іс жүргізу заңы [4, 93–94 бб.].

Сот шешімдерін қайта қарау сатыларында шағымдар мен наразылықтар келтіру бойынша жалпы процеске қатысушылардың іс-әрекеттері олардың тиісті сатыларда іс жүргізуді туындататын процессуалдық қызметі болып табылатыны жоғарыда аталған бөлімдерде көрсетілген. Мұндағы іс жүргізудің мәні алдыңғы сатыда қабылданған шешімді тексеру болып табылады.

Апелляциялық қаулылар мен үкімдердің маңыздылығы олардың сот прецеденті ретінде қолданылуы деген сөз емес. Қазақстанда судьялар сот әділдігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз және тек заңға ғана бағынады. Жоғары тұрған судьялардың қаулылары мен үкімдері, ондағы құқық нормасы мен дәлелдемелер талдауы тергеушілер мен судьялардың заңды дұрыс түсінуіне теориялық білімдерінің тереңдеуін, құқық нормасын қолданудағы практикалық білімге және олардың құқықтық санасының қалыптасуына әсер етеді. Дәл осы негізде және осындай жолмен екінші сот инстанциялары апелляциялық сатының өндірісіне түспейтін қылмыстық істердің де дұрыс шешілуіне септігін тигізеді.

Жалпы, қазіргі таңдағы апелляциялық инстанциядағы іс жүргізуде орын алған елеулі өзгерістердің бірі, ол егер апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыда шыққан соттың шешімінен қате тапса, істі қайтармай өзі қарап, дұрыс шешім шығарады. Бұл – сот шешімдерін тексерудің және әділ шешім шығарудың, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың бір жолы.

Іс жүргізу әрекеттеріне, сот шешіміне, сот өндірісіне шағымдану еркіндігінің конституциялық ұстанымын орындау мақсатында заң тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы негізінде айыптауға және қорғауға шағымдану, наразылық білдіру үшін бірдей құқық береді. Тараптар жасалынған шағым-

дарға, наразылықтарға қатысты өз ойларын айтуға, өздерінің қарсылықтарын білдіруге, іс құжаттарын бірінші сатыдағы сотта қаралмаған қосымша материалдармен толықтыруға мүмкіндік алды. Егер шағымдану, наразылық білдіру мерзімдері дәлелді себептермен өтіп кетсе, оларды қалпына келтіруге кепілдік берілді.

Сонымен, заңды күшіне енбеген сот үкімдері мен шешімдерін қайта қарау – басты мақсаты азамат пен қоғамды сот қателерінен қорғау, қылмыстық-құқықтық қатынастардың барлық қатысушылардың заң нормаларын сақтауды камтамасыз ету, сот төрелігін әділ, ізгілікті және демократиялы жүргізілуіне кепілдік туғызу болып табылатын қылмыстық процестің ерекше сатысы [5].

Әдебиеттер

- 1 1995 ж. 30 тамызда қабылданған ҚР Конституциясы.
- 2 Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жыл 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
- 3 Қазақстан Республикасының 1997 жыл 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс жүргізу кодексі.
- 4 Кряжевская О.В. Екінші инстанциядағы сот қызметінің кейбір дискуссиялық мәселелері // Вестн. Москов. ун-та. Серия 11, Право. – 2005. – № 1. – С. 93–94.
- 5 Канафин Д.К. Қазақстан Республикасындағы Қылмыстық іс жүргізудегі апелляциялық өндіріс. – А., 2002. – 3 б.

References

- 1 Constitution of the Republic of Kazakhstan dated 30 august 1995
- 2 Address by the president of the republic of kazakhstan, leader of the nation, n.a.nazarbayev strategy kazakhstan 2050 - new political course of the established state dated 14 December 2012
- 3 Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan Dated 13 December 1997
- 4 Krizhevsky O.V. Some controversial questions in the second instance proceedings //Moscow .series 11, Law.- 2005. – № 1. – p. 93–94.
- 5 Kanafin D.K. Appeal proceedings in the Criminal Procedure of the Republic Kazakhstan. – А., 2002. –3 p.

УДК 336

А.М. Когамов

Докторант PhD Казахского Гуманитарно-юридического университета, Казахстан, г. Алматы
E-mail:

Теоретические основы правосубъектности и деятельности защитника-адвоката в уголовном процессе Республики Казахстан

Автором статьи осуществлен теоретический анализ системных и комплексных научных исследований ученых-правоведов Казахстана, разработанных за годы независимости страны по вопросам адвокатской деятельности в уголовном процессе. Проведена классификация данных научных трудов по объекту исследования, рассмотрены наиболее ценные и спорные положения и предложения авторов. По итогам изучения сделаны выводы касательно состояния развития юридической науки Казахстана в части исследования деятельности защитников – адвокатов по уголовным делам.

Ключевые слова: адвокатское расследование; правосудие; суд; уголовный процесс; уголовно-процессуальное право; стороны уголовного процесса; обвинение; защита; тактика защиты; ситуации защиты; защитник; представитель; адвокат; уголовное дело; прокурор; органы уголовного преследования.

А.М. Kogamov

Theoretic Fundamental of Legal Personality and Activity of Defender in the Republic of Kazakhstan

Author of this article made theoretical analysis of scientific researches developed by scientists of Kazakhstan for years of independence concerning activity of advocates in criminal process. The classification of these scientific researches was held on the object of study, viewed the most important valuable positions and suggestions of all authors. Author made conclusions about the state of development of legal science in Kazakhstan concerning of the research activities of criminal defense lawyers.

Key words: Law investigation; justice; the court; criminal proceedings; criminal procedural law; party to the criminal proceedings; accusation; protection; defense tactics; protection situation; defender; representative; lawyer; a criminal case; attorney; prosecuting authorities.

А.М. Когамов

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу процесіндегі қорғаушы – адвокаттың құқық субъектілігі және қызметінің теориялық негіздері

Мақала авторымен қылмыстық іс жүргіздегі адвокат қызметінің мәселелері бойынша еліміздің тәуелсіздік жылдарында әзірленген, Қазақстанның құқықтанушы-ғалымдарының ғылыми зерттеулеріне кешенді және жүйелі теориялық талдау жасау жүзеге асырылды. Зерттеу нысандары бойынша аталмыш ғылыми еңбектердің жіктелуі жүргізілді, авторлардың аса құнды және даулы ережелері қаралды. Зерттеу нәтижелеріне қарай қылмыстық істер бойынша адвокат – қорғаушының қызметін зерттеу бөлігінде Қазақстанның заң ғылымын дамыту жағдайына қатысты қорытындылар жасалды.

Түйін сөздер: адвокаттық зерттеу; сот әділдігі; сот; қылмыстық іс жүргізу; қылмыстық іс жүргізу құқығы; қылмыстық іс жүргізу тараптары; айыптау; қорғау; қорғау тактикасы; қорғау жағдайлары; қорғаушы; өкіл; адвокат; қылмыстық іс; прокурор; қылмыстық қудалау органдары.

Введение

С обретением независимости Казахстаном начался процесс активного формирования новой правовой системы общества и государства в изменившихся условиях государственности.

Параллельно с ним продолжила динамично развиваться юридическая наука Казахстана, ис-

ходные научные данные которой брали свое начало с прошлого столетия.

Не осталась в стороне и та ее часть, которая была тесно связана с теоретическим обеспечением конституционного принципа оказания квалифицированной юридической помощи человеку (п. 13 ст. 13 Конституции Казахстана) [1], в

частности с участием защитника-адвоката в уголовном процессе. То есть в сфере государственной деятельности, где наиболее часто происходят нарушения конституционных прав человека.

Вместе с тем анализ научных работ, посвященных защитнику-адвокату в уголовном процессе Казахстана также показал, что период начала их интенсивной разработки на системном и комплексном монографических уровнях приходится на вторую половину прошлого столетия.

Всего по итогам авторского поиска выявлено 13 научных работ по данной теме, выполнявшихся на системном и комплексном монографическом уровне, в том числе 12 в статусе кандидатских диссертаций и одна в статусе докторской диссертации.

Данные работы были нами тщательно изучены с целью определения в них ключевых положений теоретического характера, могущих быть полезными в дальнейшем совершенствовании действующего законодательства Казахстана в сфере адвокатской деятельности в уголовном процессе. Это особенно актуально также в свете разработки проекта новой редакции УПК Республики Казахстан.

Прежде всего, для удобства их теоретического анализа была осуществлена классификация данных работ по общим для них признакам.

Так, 11 работ написаны по специальности «12.00.09 – Уголовный процесс, криминалистика и судебная экспертиза, оперативно-розыскная деятельность» и только 2 работы по специальности «12.00.11 – Судебная власть; правоохранительные органы; организация правоохранительной деятельности; адвокатура».

Однако это никак не повлияло на возможность классификации данных работ, исходя из их тематики и содержания на три группы, теоретический анализ которых предлагается ниже.

Основная часть

Первая группа представлена 4 авторами.

По мнению Жалыбина С.М., одного из активных проводников укрепления правосубъектности защитника-адвоката в уголовном процессе, защита прав человека при уголовном преследовании является комплексной проблемой, требующей поэтапного внедрения в правовое поле и общественное сознание. Им проанализированы теоретические и концептуальные предпосылки правовых основ статуса личности

в уголовном судопроизводстве, дана характеристика действующего права Казахстана в сфере защиты прав человека с позиции его соответствия мировым стандартам, показаны роль и место процессуальных форм реализации конституционной гарантии на защиту от уголовного преследования и многое другое. По итогам своего научного исследования он формулирует выводы, в числе которых необходимость дальнейшего реформирования организационно-правовых форм института профессиональной защиты как неперемennого условия обеспечения эффективности прав лиц в уголовном процессе, а также расширение полномочий защитника в уголовном судопроизводстве как метод обеспечения конституционной гарантии права на защиту. Так, им обоснована необходимость разработки и принятия перечня вопросов, подлежащих обязательному изучению при оказании защитником правовой помощи гражданам в уголовном судопроизводстве. Очень созвучно с реалиями времени его предложение относительно надлежащей и всеобъемлющей юридической помощи лицам, вовлеченным в уголовный процесс, как важного условия функционирования правового, социально ориентированного государства [2, с. 9-14]. В последнем случае следует отметить, что в Казахстане принят и действует закон «О гарантированной государством юридической помощи» от 3 июля 2013 года, который регулирует общественные отношения, возникающие в сфере оказания гарантированной государством юридической помощи, и определяет правовые механизмы реализации прав и обязанностей физических и юридических лиц при оказании им гарантированной государством юридической помощи. К числу субъектов оказания гарантированной юридической помощи закон также относит адвокатов (п. 2 ст. 7) [3].

Анализу теоретических основ организации и деятельности адвокатуры, особенностям ее функционирования в правовой системе общества, основным этапам и закономерностям становления и развития адвокатуры, изучению организационно-правовых форм адвокатуры и адвокатской деятельности в Казахстане посвящено научное исследование Тыныбекова С. [4].

Автор поставил перед собою цель – обосновать и закрепить в казахстанском законодательстве концепцию адвокатуры как общественно-правового института. Судя по автореферату,

для достижения данной цели им сформулирован ряд задач, одна из которых – совершенствование правового статуса адвоката в судопроизводстве, чему посвящен первый подраздел четвертого раздела его работы. В числе приоритетных предложений автора принятие в перспективе нового закона РК «Об адвокатуре и адвокатской деятельности», с закреплением в нем таких идей, как право самостоятельного осуществления приема претендентов в члены Коллегии адвокатов, контроля профессиональной подготовки адвокатов, возможность отстаивания корпоративных интересов адвокатуры в органах государства и многое другое [4, с. 37-38]. Вместе с тем трудно согласиться с мнением автора о том, что на момент написания его исследования в Казахстане «...отсутствуют достаточные по своей глубине самостоятельные исследования правовых проблем организации деятельности адвокатуры в Казахстане» [4, с. 7]. В этой части автор непоследователен, так как степень разработанности темы его исследования, по его же сведениям, достаточно обширна [4, с. 5-7].

Научная концепция повышения роли института адвокатуры в обеспечении прав и свобод граждан в Республике Казахстан на основе современного понимания правового статуса адвоката, а также соответствующего механизма обеспечения прав и свобод гражданина – тема научного исследования Абаевой Ж.М. [5].

Проанализировав практику и деятельность адвокатов в уголовном процессе, автор предлагает закрепить в УПК механизмы участия адвоката в качестве представителя интересов потерпевшего и свидетеля в уголовном деле, однако, не предлагая конкретные механизмы решения данной проблемы в нормах уголовно-процессуального закона [5, с. 6-7, 24-25]. По нашему, в УПК следует отказаться от процессуального статуса представителя потерпевшего и свидетеля с его заменой для указанных лиц на фигуру защитника. Защитник подозреваемого, обвиняемого – достаточно сложившийся и развитый в уголовном процессе институт, который мог бы выполнять также обширную правовую защиту интересов потерпевшего и свидетеля в уголовном деле.

В группе работ общего плана следует выделить научное исследование Омарбековой М.Ж., посвященное состязательности сторон, как принципу отправления правосудия по уголов-

